

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ АГРАРЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Ә.Қ. АЙТАНАЕВА

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ БАСҚАРУ ТАЛДАУЫ

оқу құралы

АЛМАТЫ
2009

УДК 005 (075.8)
ББК 65.261 я 73
А 32

Айтанаева Ә.Қ.

А 32 Қаржылық және басқару талдауы.

(Экономикалық бағыттағы оқитын студенттерге арналған оқу құралы). - Алматы, Қаз ҰАУ, 2009. – 198 бет.

ISBN 978-601-241-158-4

Ұсынылып отырған оқу құралы қазіргі кезде қолданылып жүрген «Қаржылық және басқару талдауы» пәні бойынша типтік оқу бағдарламасының негізінде жасалған.

Оқу құралы экономика мамандығын даярлайтын жоғары оқу орындары студенттері мен оқытушыларына арналған.

УДК 005 (075.8)
ББК 65.261 я 73

Рецензенттер:

Әжібаева З.Н. – э.ғ.к., доцент, ХБУ «Бухгалтерлік есеп және аудит» кафедрасының меңгерушісі.

Керімова Ү.К.-э.ғ.д., профессор, «Менеджмент және агробизнесті ұйымдастыру» кафедрасы.

Қазақ ұлттық аграрлық университетінің Оқу-әдістемелік Кеңесі шешімімен (№3 хаттама, 29.12.2009ж.) басып шығаруға рұқсат етілді.

ISBN 978-601-241-158-4

© Айтанаева Ә.Қ., 2009.

© «Агроуниверситет» баспасы, 2009.

АЛҒЫ СӨЗ

Талдау (грек тілінде-analisis) зерттеу жүргізген объектіні жан-жақты, егжей -тегжейлі бөлімдерін талдау болып табылады. Талдау диалектикалық қарама-қарсы «синтез» деген ұғым. Синтез (грек тілінде-sinthesis) - бұрын зерттелген объектінің элементтерін бір топқа біріктіру болып табылады.

«Analisis-sinthesis» диалектикалық түсінік барлық ғылыми-зерттеулердің синонимі. Кез-келген ғылыми білім саласында, кез-келген адам қызметінің құбылысында (саяси, ұлтаралық, қоғамдық, әлеуметтік, экологиялық, мәдени және т.б.) талдау және топтастырусыз мүмкін емес. Яғни, бүгінгі таңда осы және өзге де жайттарды, ситуацияларды, құбылыстарды, ойларды, пікірлерді және ұсыныстарды кез-келген деңгейде жеткізуде маңызы зор.

Бір-ақ талдау мен топтастырудың экономикада маңызы өте зор, өйткені экономикалық мәселелерде, шешілмеген экономикалық міндеттерде (ішкі және сыртқы) барлық келеңсіз жағдайларда, жер жүзіндегі болып жатқан құбылыстардың негізін құрайды. Дегенменде, экономиканың қарқынды дамуы өзге де салалармен тығыз байланыста (саяси, ұлтаралық, қоғамдық, әлеуметтік, экологиялық, мәдени және т.б.) Мұнда кері айналыс құқығы басым.

Талдау және топтастыру, адам ойының мазмұны мен нысаны ретінде, көптеген ғылымдардың және олардың өлшем бірліктерін кешенді зерттеудің негізі болып табылады. Бір-ақ экономикалық талдау, шаруашылық қызметін талдау және оның соңғы қортындысы (барлық сала бойынша) экономикалық талдаудың еншісінде. Талдаумен кеңейтілген түрде экономикалық талдау теориясы айналысады, ал мамандандырылған қаржы-шаруашылық қызметін экономикалық талдау белгілі сала бойынша: өнеркәсіп, ауылшаруашылығы, құрылыс, сауда, қоғамдық тамақтандыру және әлеуметтік қызмет көрсету, туристік бизнес және басқалар.

Нарықтық экономика жағдайында талдау ең бірінші микродеңгейде – белгілі кәсіпорындардың және олардың ішкі құрылымдық бөлімшелерінің деңгейінде, өйткені бұл төменгі звенолар (кез-келген меншік түрінде) нарықтық экономиканың негізін құрайды.

Нарықтық экономика шаруашылық жүргізуші субъектілерден: өндіріс тиімділігінің жоғарылауын, тауар мен қызмет көрсету бәсекелестігін, өндірісті басқару тиімділігін, кәсіпкерліктің белсенділігін талап етеді.

Осы мақсатқа жетуде экономикалық талдаудың маңызы зор.

Талдау ұйымдардың нарықтық экономика жағдайында шаруашылық жүргізілуіне бағытталған. Оқу құралын даярлау барысында Қазақстан Республикасының заңы және нормативті базасына енгізілген соңғы өзгерістері ескерілген ресми құжаттар және халықаралық тәжірибе қолданылған.

Бұл пәнді оқып-үйретудің мақсаты – жоғары оқу орындары студенттеріне кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдаудың теориялық және әдістемелік негіздері туралы мағлұмат беру, оны ұғыну, оларға талдау зерттеуіндегі дадыларды меңгеруге көмектесу. Бұл болашақ жас мамандарға талдау жұмысын біліктілікпен жүргізуге, кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері мен нарықтық тұрақтылығы туралы дұрыс, ғылыми негізделген баға мен қорытынды беруге, өндірістің өсуі жоғарыда көрсетілген еліміздің ұзақ мерзімді бірінші кезектегі мақсатына ойдағыдай жету үшін басшылыққа үйлесімді басқару шешімдерін дайындауға мүмкіндік береді. Әрине, бұл оқу құралын осы және өзге де тәжірибелік жұмыстар барысында, кез-келген меншік түріндегі кәсіпорын бухгалтерлері, экономистері, қаржыгерлері, коммерциялық банк қызметкерлері, тауарлық және негізгі биржалық, брокерлік, менеджерлік, кәсіпорын басшылары, жеке және біріккен кәсіпорындар, фирмалар, концерндер, акционерлік қоғамдар, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер және басқада ұжымдар өз жұмыстарында пайдалануларына болады.

*Алматы қаласы. Абай даңғылы 8,
Қазақ ұлттық аграрлық университетінің
«Есеп және аудит» кафедрасы*

ПӘНГЕ СИПАТТАМА

«Қаржылық және басқару талдауы» курсы ұйымдардың нарықтық экономика жағдайында шаруашылық жүргізулеріне бағытталған. Бағдарламаны даярлау барысында Қазақстан Республикасының заңы және нормативті базасына енгізілген соңғы өзгерістері ескерілген ресми құжаттар және халықаралық тәжірибелер нұсқаулары қолданылған.

Экономикалық талдау басқару шешімдерін қабылдайтын ғылыми база болып табылады. Оны негіздеу үшін потенциалды мәселелерді, қаржылық және өндірістік тәуекелділікті көрсету мен болжау, шаруашылық субъектінің табыс пен тәуекелділік дәрежесіне қабылданатын шешімдердің әсерін анықтап, шаруашылық қызметі нәтижесіне талдау жүргізу қажет.

Шаруашылық субъектісі статусының жоғарылауы олардың алдында өндірістік және қаржылық мәселелердің шешілуіне мүмкіндік ашып, басқарушылар алдына қаржыландыру көзін табу, инвестициялық саясатты оңтайландыру мәселелерін қояды.

Ұйымның қаржылық тұрақтылығын бағалау, төлем қабілеттілігін анықтау және объективті, ғылыми негізделген оңтайлы басқару шешімдерін қабылдау үшін қаржылық талдау қажет.

«Қаржылық және басқару талдауы» курсының мақсаты - студенттерге нарықтық қатынас жағдайында ұйым қызметінің қаржылық және басқару талдауының теориялық және әдістемелік негіздерін түсіндіру. Кәсіпорын қызметтерінің тиімділігін жоғарылату резервтерін көрсетіп, кәсіпкерлік қызметті жақсартуға бағытталған оптималдық басқару шешімдерін қабылдау мақсатында қорытындылар жасауға мүмкіндік береді.

Пререквизиттер және постреквизиттер

Пререквизиттер: экономикалық теория, философия, жоғарғы математика, бухгалтерлік есеп, статистика, маркетинг, менеджмент, ауылшаруашылық экономика және т.б..

Постреквизиттер: қаржылық есеп, бухгалтерлік есеп, статистика, қаржылық талдауы және аудит.

ПӘННІҢ МАЗМҰНЫ:
Сабақтың түрі бойынша сағаттардың бөлінуі

№	Тақырыптар аталуы	Дәріс	Тәжіри- белік	СӨЖ барлығы	Оның ішінде СОӨЖ
1	Экономикалық талдаудың негіздері	1	2	6	2
2	Экономикалық талдаудың пәні, мақсаты және түрлері	1	2	6	2
3	Экономикалық талдаудың әдістері мен тәсілдері	1	2	6	2
4	Детерминациялық талдаудағы факторлар әдістерін өлшеу тәсілдері	1	2	6	2
5	Талдаудың экономика- математикалық тәсілдері	1	2	6	2
6	Резервтерді анықтау мен есептеу әдістемесі	1	2	6	2
7	Қаржылық талдау түсінігі, мәні, міндеттері және ақпараттық қамтамасыз етілуі	1	2	6	2
8	Баланстың өтімділігін талдау. Қаржылық коэффициентті талдау	1	2	6	2
9	Қаржылық нәтижелерді талдау	1	2	6	2
10	Маржиналдық талдау негізінде басқару шешімдерін негіздеу әдістемесі	1	2	6	2
11	Өнімдерді өндіру мен сатуды талдау. Өнімнің (жұмыс, қызмет) өзіндік құнын талдау	1	2	6	2
12	Негізгі құралдарды пайдалануды талдау	1	2	6	2
13	Материалдық ресурстарды пайдалануды талдау	1	2	6	2
14	Еңбек ресурстарын пайдалануды талдау	1	2	6	2
15	Кәсіпорынның маркетингтік қызметін талдау	1	2	6	2
	Сағаттар саны:	15	30	90	60

Жұмыстар мен сабақтардың түрі бойынша ағымдағы бақылауды бөлу

Сабақ түрлері және студент жұмысы		Рейтинг баллдары нормативтері	Балл жиынтығы	
1. Ағымдағы бақылау			210 (210/3=70)	
1.1 Аудиториялық жұмыс			105	
- Дәрістер (қатысуы 0,5 және конспект 0,5)	әр конспект мен қатысу 1 балл		15	
- Тәжірибелік жұмысты орындау және тапсыру			60	
- Тәжірибелік сабақтағы белсенділігі			30	
1.2 Кешендік бақылау			20	
II -ші ауызша (коллоквиум) (5- апта)		бір сұраққа 1 балл	10	
II -ші жазбаша (коллоквиум) (10- апта)		билет	10	
II-ші тест (15-апта)		1 студентке-20 тест	10	
1.3 Аудиториядан тыс жұмыстар				
белгілеу	Жұмыс тақырыбы	өткізу мерзімі (апта)	Есеп беру формасы	Балл
2. Аралық аттестация (жазбаша)		15	1-сұраққа 7 балл, 2- сұраққа 8, 3- сұраққа 15	30
Пән бойынша барлығы			100	

Студенттердің білімін бағалау жүйесі

Бағалау	әріптік баламасы	% пайыздық	балдық
Өте жақсы	A	95-100	4
	A-	90-94	3,67
Жақсы	B+	85-89	3,33
	B	80-84	3,0
	B-	75-79	2,67
Қанағаттандырарлық	C+	70-74	2,33
	C	65-69	2,0
	C-	60-64	1,67
Қанағаттандырарлық - сыз	D+	55-59	1,33
	D-	50-54	1,0
	F	0-49	0

Курс саясаты:

- сабаққа кешікпеу керек;
- сабаққа дайындалып, белсенділік көрсету қажет;
- өз уақытында СӨЖ және СОӨЖ тапсырмаларын тапсыру;
- дер кезінде тапсырылмаған тапсырмалар үшін балл төмендейді;
- студенттер, өз уақытында тапсырмаларды тапсырмаса және 3 сабақ жіберсе деканаттың рұқсатынсыз сабаққа жіберілмейді.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ БАСҚАРУ ТАЛДАУЫ ПӘНІНІҢ ТИПТІК БАҒДАРЛАМАСЫ ЖӘНЕ ТЕКСЕРУ СҰРАҚТАРЫ

1-тақырып. Экономикалық талдаудың негіздері

Экономикалық талдау және теориялық таным. Экономикалық талдау және диалектиканың маңызды категориясы.

Экономикалық талдау және экономикалық теория. Экономикалық талдаудың жүйелілігі және кешенділігі.

Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. «Талдау» және «топтастыру» ұғымын түсіндіріңіз.
2. Экономикалық талдаудың жіктелу түрінің негізі неде?
3. Экономикалық талдау қандай тақырыптық түрлерге бөлінеді?
4. Экономикалық талдауда пәнді оқудың негізі неде?
5. «Экономикалық талдау пәні» сөзінің дәйекті анықтамасын түсіндіріңіз.
6. Экономикалық талдау пәнінің методологиялық негізін қандай пән құрайды?
7. Ғылыми танудың қандай нысандары мен әдістері бар?
8. Экономикалық талдаудың мақсаты неде?
9. Әдістеме дегеніміз не?
10. Басқару шешімдерін қабылдауда ақпараттарды дайындаудың жүйелілігі қандай?
11. Басқару және қаржылық талдауының айтарлықтай ерекшеліктері неде?
12. Экономикалық талдауды оқу барысында неге даму және функционалды жүйе заңдылығын ескеру қажет?
13. Кешенді экономикалық талдау нені сипаттайды?
14. Экономикалық талдаудың бизнес жоспарын жасаудың рөлі қандай?
15. Қандай пәндер экономикалық талдауды ғылыми-теориямен қамтамасыз етеді?
16. Экономикалық талдауды қандай пәндер ақпараттармен қамтамасыз етеді?
17. Экономикалық талдауды қандай пәндер әдістемелермен қамтамасыз етеді?
18. Экономикалық талдаудың пайда болу кезеңдерін сипаттаңыз.
19. Болашақта экономикалық талдауды қандай ойлардың негізінде дамытуға болады?
20. Есептің экономикалық динамикасының негізін қалаған кім?
21. Экономикалық талдаудың қазіргі даму жағын сипаттаңыз.

2-тақырып. Экономикалық талдаудың пәні, мақсаты және түрлері

Экономикалық талдаудың пәні мен объектілері. Экономикалық талдаудың мазмұны мен мақсаты. Экономикалық талдау және басқа ғылымдармен байланысы. Экономикалық талдау түрлері.

Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. Экономикалық талдау пәні нені оқытады?
2. Экономикалық талдаудың мақсаты.
3. Экономикалық талдаудың міндеті.
4. Экономикалық талдаудың қандай түрлері бар.
5. Қаржылық талдаудың әдістерін анықтаңыз.

3-тақырып. Экономикалық талдаудың әдістері мен тәсілдері

Салыстыру тәсілі. Көрсеткіштерді салыстырмалы түрде келтіру әдістері. Қатысты және орта шамалар тәсілі. Топтастыру тәсілі. Экономикалық талдаудың әдістері. Талдаудың әдістері және оларды жіктеу.

Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. Экономикалық талдаудың негізгі бағыттарын атаңыз.
2. Натуралдық өлшем бірліктердің кемшіліктері мен ерекшеліктерін атаңыз.
3. Экономикалық көрсеткіштердің кемшіліктері мен ерекшеліктерін атаңыз.
4. Экономикалық–техникалық көрсеткіштердің кемшіліктері мен ерекшеліктерін атаңыз.
5. Статистикалық көрсеткіштердің кемшіліктері мен ерекшеліктерін атаңыз.
6. Жүйе көрсеткіштерін қалыптастыруда қандай принципті басшылыққа алу қажет?
7. Салыстырмалы көрсеткіштер дегеніміз не?
8. Абсолюттік көрсеткіштер дегеніміз не?
9. Салыстырмалы көрсеткіштердің қандай түрлері бар?

10. Орташа шаманы неше категорияға бөледі?
11. Интервал дегеніміз не?
12. Интервал қандай топтарға бөлінеді?
13. Статистикада топтастыруды неше түрге бөледі?
14. Экономикалық талдауда салыстырмалы көрсеткіштерді пайдаланудың мүмкіншілігі неде?
15. Өндірісті дамыту типінің сандық және сапалық сипаттамасын, моделдердің талаптарына қарай анықтаңыз?
16. Салыстырмалы көрсеткіштерге пайдаланылған ресурстардың өлшем бірлігінің қорытындысы бойынша мысал келтіріңіз.

4- тақырып. Факторлық талдаудың әдістемесі

Факторлық талдаудың түсінігі, мақсаты және типтері. Экономикалық талдаудың факторларын жіктеу және жүйелеу. Факторлық жүйелердің қайта құрастырылуы және детерминациялық моделдеу.

Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. Факторлық талдау дегеніміз не?
2. Факторлық талдаудың қандай мақсаттары бар?
3. Факторлық талдаудың типтерін анықтаңыз.
4. Факторлық талдаудың жіктелуі.
5. Факторлық талдаудың детерминациялық моделі.
6. Факторлық жүйелердің қайта құрастырылуын анықтаңыз.

5-тақырып. Детерминациялық талдаудағы факторлар әдістерін өлшеу тәсілдері

Тізбектелген қойылымдар әдісі. Индекстік әдіс. Абсолюттік және салыстырмалы айырмалар әдістері. Пропорционалды болу тәсілі және үлес қосу. Интегралды әдіс және экономикалық талдаудың логарифмдеу әдісі.

Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. Детерминациялық факторлық талдаудың мақсатын анықтаңыз.
2. «Детерминациялық факторлық талдау» түсінігі нені тұжырымдайды?
3. Детерминациялық факторлық талдауда қандай типтік моделдер қолданылады?
4. Детерминациялық факторлық талдаудың алгоритімін атаңыз.
5. Факторлық моделдің ұзартылуы қалай жүргізіледі?
6. Факторлық моделдің кеңейуі қалай жүргізіледі?
7. Факторлық моделдің қысқарылуы қалай жүргізіледі?
8. Тізбек алмастыру әдісінің кемшіліктері мен ерекшеліктерін атаңыз.
9. Логарифмдеу әдісінің кемшіліктері мен ерекшеліктерін атаңыз.
10. Тізбек алмастыру әдісіне негізделетін әдісті атаңыз.
11. Индекстік әдіс қандай міндеттерді шешуде қолданылады?

6-тақырып. Талдаудың экономикалық-математикалық тәсілдері

Талдаудың математикалық тәсіліне жалпы сипаттама. Экономикалық-математикалық үлгілеу. Нәтижелік көрсеткіштердің өзгеруіне факторлардың сандық әсерін талдау әдістері.

Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. Талдаудың қандай математикалық тәсілдері бар?
2. Жай математикалық тәсілі дегеніміз не?
3. Классикалық математикалық тәсілін қалай түсінесіз?
4. Дифференциалды математикалық тәсілі дегеніміз не?
5. Вариациялық тәсілі дегеніміз не?
6. Статистикалық-математикалық тәсілі дегеніміз не?
7. Экономикалық-математикалық моделдеу тәсілі дегеніміз не?
8. Факторлық талдау тәсілі дегеніміз не?

7-тақырып. Резервтерді анықтау мен есептеу әдістемесі

Резервтер түсінігі, экономикалық мәні және олардың жіктелуі. Резервтерді есептеу және ізденістерді ұйымдастыру принциптері.

Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. Резервтер дегеніміз не?
2. Резервтер деген ұғымға түсінік.
3. Резервтердің экономикалық мәні.
4. Резервтердің жіктелуі.
5. Резервтерді ұйымдастыру принциптері.

8-тақырып. Қаржылық талдау түсінігі, мәні, міндеттері және ақпараттық қамтамасыз етілуі

Қаржылық талдау, басқару шешімдерін қабылдау базасы ретінде. Қаржылық талдау әдістері және олардың жіктелуі. Кәсіпорынның қаржылық есептілігі, қаржылық талдаудың ақпараттық базасы ретінде.

Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. Қаржылық талдау дегенді қалай түсінесіз?
2. Қаржылық талдаудың басқару шешімдерін қабылдаудағы рөлі.
3. Қаржылық талдаудың әдістерін атаңыз.
4. Қаржылық талдаудың жіктелуі.
5. Ақша қаражаттары дегенімізге қалай түсінесіз?
6. Операциялық қызмет дегеніміз.
7. Инвестициялық қызмет дегеніміз.
8. Қаржылық қызмет.
9. Қаржылық талдаудың тәжірибеде қолданылатын әдістерін атаңыз.
10. Коэффициенттердің анықтамасы.
11. Экспресс-талдау неше кезеңнен тұрады?
12. Балансты оқи білу дегеніміз.

13. Балансты оқуда нені ескеру қажет?
14. Бухгалтерлік баланстың қандай аспектілері бар?
15. Қаржылық талдаудың ақпараттық көздерін атаңыз.

9-тақырып. Баланстың өтімділігін талдау

Кәсіпорын активтері мен пассивтерінің құрылымын талдау. Қаржылық тұрақтылықты талдау. Төлем қабілеттілігін және өтімділігін талдау. Меншікті капиталдың қажетті өсімін талдау.

Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. Кәсіпорын активтері дегеніміз не?
2. Баланс активтері қандай топтарға бөлінеді?
3. Баланс активтерінің баптарын атаңыз.
4. Кәсіпорын пассивтері дегеніміз не?
5. Баланс пассивтері қандай топтарға бөлінеді?
6. Баланс пассивтерінің баптарын атаңыз.
7. Тәуелсіздік коэффициенті қалай анықталады?
8. Қаржыландыру коэффициенті қалай анықталады?
9. Жұмсау коэффициенті қалай анықталады?
10. Меншікті капитал коэффициенті қалай анықталады?

10-тақырып. Қаржылық коэффициентті талдау

Қаржылық коэффициенттер. Төлемқабілеттілік және өтімділік көрсеткіштері. Рентабельділік және табыстылық коэффициенттері. Қорларды тиімді пайдалану көрсеткіштері. Нарықтық белсенділік көрсеткіштері. Интеграциялық көрсеткіштер.

Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. Өтімділік дәрежесі қандай топтарға бөлінеді?
2. Төлем қабілеттілік деп.
3. Өтімділікті сипаттайтын коэффициенттер.
4. Ақша қаражатының жеткілікті коэффициенті қалай анықталады?

5. Ақша қаражатын капиталға айналдыру коэффициенті қалай анықталады?
6. Абсолютті өтімділік коэффициенті қалай анықталады?
7. Аралық өтеу коэффициенті қалай анықталады?
8. Жалпы өтеу коэффициенті қалай анықталады?
9. Капиталдың жалпы айналымдылық коэффициенті.
10. Меншікті капиталдың айналымдылық коэффициенті.
11. Негізгі капиталдың айналымдылық коэффициенті.
12. Ағымдағы активтердің айналымдылық коэффициенті.

11-тақырып. Қаржылық нәтижелерді талдау

Табыстың динамикасы мен құрылымын талдау. Өнімді сатудан түскен нәтижелерді қаржылық талдау. Бағаның орташа сату деңгейін және кәсіпорынның баға саясатын талдау. Кәсіпорынның рентабельділігін талдау. Кәсіпорынның банкротқа ұшырау тәуекелділігін диагностикалау.

Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. Табыстылық көрсеткіштері неше топқа бөлінеді?
2. Табыстылық коэффициенттеріне талдау жүргізудің кезеңдерін атаңыз.
3. Жалпы активтердің табыстылық деңгейі дегеніміз.
4. Рентабельділік дегеніміз не?
5. Рентабельділік қандай топтарға бөлінеді?
6. Рентабельділік нормасы коэффициенті қалай анықталады?
7. Рентабельділік деңгейі коэффициенті қалай анықталады?
8. Банкроттықтың пайда болуының негізгі себептерін атаңыз.
9. Шаруашылық жүргізуге тікелей қатысты субъективті себептерді атаңыз.
10. Негізгі қызметтен түскен табыс.
11. Қосымша қызметтен түскен табыс.
12. Кәсіпорынның баға саясаты.
13. Бағаның орташа сату деңгейі.

12-тақырып. Маржиналды талдау негізінде басқару шешімдерін негіздеу әдістемесі

Маржиналды талдаудың мәні мен міндеттері. Өнімдерді өндіру көлемі мен шығындар арасындағы функциялық (атқарымдық) байланыстарды талдау.

Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. Маржиналды табыс дегеніміз не?
2. Маржиналды табыстың мәні.
3. Маржиналды табыстың міндеттері.
4. Айнымалы шығындарға нелер жатады.
5. Тұрақты шығындардың құрамы.
6. Зиянсыздық нүктесі дегеніміз не?
7. Ең төменгі маржиналды табыс деңгейі қалай есептеледі?
8. Өткізудің қауіпті бағасы қалай есептелінеді?

13-тақырып. Өнімдерді өндіру мен сатуды талдау

Өнімдерді сату, өндіру бойынша жоспардың орындалуын және динамикасын талдау. Өнімдердің ассортименті мен құрылымын талдау. Өнімдердің сапасын талдау. Өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін талдау. Кәсіпорын жұмысының ырғақтылығын талдау.

Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. Өнімдерді өндіру мен сатуды талдаудың мақсатын атаңыз.
2. Өнімдерді өндіру мен сатуды талдаудың қандай негізгі міндеттері бар.
3. Өнеркәсіп өндірісінің өнім көлемі қандай көрсеткіштермен көрсетіледі.
4. Ассортименттің бұйымдардан айырмашылығы неде?
5. Дайын және сатылатын өнімдердің динамикасын талдауда қандай көрсеткіштер пайдаланылады?

6. Ассортимент бойынша өндіріс бағдарламасының орындалуын талдау қандай бағытта жүргізіледі?

7. Ассортимент бойынша жоспар орындау дәрежесін бағалау әдісін атаңыз.

8. Өндірілетін өнім құрылымын талдау қандай мақсатта жүргізіледі?

9. Өндірілетін өнімнің динамикасын бағалаудың қандай әдісін білесіз?

10. Өндірілген өнім құрылымы қандай өндірілген өнімнің экономикалық көрсеткіштерінің өзгеруіне әсерін тигізеді?

11. Сату көлемінің ауытқу факторын бағалау әдісін атаңыз.

12. Өнімдерді тасымалдау бойынша келісім шарт-орындалуы қалай есептелінеді?

13. Өнімнің техникалық деңгейіне анықтама беріңіз.

14. Өнімнің техникалық деңгейін бағалау қалай анықталады?

15. Өнімнің сапасына анықтама беріңіз.

16. Өнімнің сапасын бағалау қалай анықталады?

17. Өнімнің сапа көрсеткішінің түрін атаңыз.

18. Өнімнің сапасын талдау бағытын атаңыз.

19. Өнімнің сапасы бойынша жоспар орындалуын бағалаудың жалпылама әдісін атаңыз.

20. Өнімнің сапасын бағалаудың балдық әдісінің маңызын ашыңыз.

21. Өнім сапасының сорты бойынша бағалаудың маңызы неде?

22. Өнім сапасының төмендеу себебін анықтаңыз.

23. Өндіріс көлемінің төмендеу себептерінің тәсілдерін атаңыз.

24. Өндіріс көлемінің жоғарылау резервтеріне анықтама беріңіз.

25. Өнімді сату және өндіруді жоғарылату резервтерін бағалаудың сандық әдісін анықтаңыз.

26. Өндіріс көлемінің жоғарылау резервтерінің ішкі өндірісін талдау қандай бағыттарда жүргізіледі?

27. Ресурстарды салыстырмалы және абсолютті үнемдеудің (артықшылық) ауытқуы неде?

14-тақырып. Капиталды қалыптастыру мен орналастыруды талдау

Кәсіпорынның капиталды қалыптастыру көздерінің динамикасы мен құрамын және нақты барын талдау. Кәсіпорын капиталын орналастыруды талдау. Дебиторлық қарыздардың жағдайын талдау. Қолда бар ақшаның қозғалысы мен жағдайын талдау.

Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. Капиталды қалыптастыру көздерінің динамикасы.
2. Капиталды қалыптастыру көздерінің құрамын.
3. Капиталдың нақты барын талдау.
4. Кәсіпорын капиталын орналастыруды талдау.
5. Дебиторлық қарыздар.
6. Қолда бар ақша.
7. Ақшаның қозғалысы мен жағдайы қай нысан бойынша анықталады?

15-тақырып. Кәсіпорын капиталын интенсивті және тиімді пайдалануын талдау

Капитал пайдаланудың интенсивті және тиімділік көрсеткіштері. Оларды есептеу мен талдау әдістемесі. Капитал айналымдылығын талдау. Заемды капиталды тиімді пайдалануды бағалау. Қаржылық тетік әсері.

Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. Капитал ұғымына сипаттама беріңіз.
2. Капиталдың интенсивті түрі.
3. Капиталдың тиімділік көрсеткіштері.
4. Капиталдың есептеу әдістемесін атаныз.
5. Капитал айналымдылығын талдау.
6. Заемды капитал.
7. Қаржылық тетік әсері.

16-тақырып. Өнімнің (жұмыс, қызмет) өзіндік құнын талдау

Өнім өндіруге кеткен шығындардың жалпы сомасын талдау. Өндірілген өнімдердің 1 теңгесіне кеткен шығындарды талдау. Өнімнің жеке түрлерінің өзіндік құнын талдау. Еңбек және тікелей материалдық шығындарды талдау. Жанама шығындарды талдау.

Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. Шығындар.
2. Өндірілген өнімнің өзіндік құны.
3. Калькуляция ұғымына сипаттама.
4. Тікелей шығындар.
5. Жанама шығындар.
6. Материалдық шығындар.
7. Өндірілген өнімдердің 1 теңгесіне кеткен шығыны.

17-тақырып. Негізгі құралдарды пайдалануды талдау

Кәсіпорынның өндірістік негізгі құралдармен қамтамасыз етілуін талдау. Негізгі өндірістік қорлардың интенсивті және тиімді пайдалануын талдау. Кәсіпорынның өндірістік қуат пайдалануын талдау. Технологиялық жабдықты пайдалануды талдау.

Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. Негізгі құралдарды талдаудың негізгі бағыттарын атаңыз.
2. Кәсіпорынның негізгі құралдары қозғалысын қандай көрсеткіштер сыйпаттайды?
3. Кәсіпорынның негізгі құралдарының техникалық жағдайын қандай көрсеткіштер сыйпаттайды?
4. Кәсіпорындағы негізгі құралдарға жұмсалған жұмыс уақытын қандай көрсеткіштер сыйпаттайды?
5. Кәсіпорындағы негізгі құралдардың тиімді пайдаланылуы қандай көрсеткіштермен сыйпатталынады?
6. Негізгі құралдарды талдауда қандай әдістер мен тәсілдер пайдаланылады?
7. Негізгі құралдарды салыстырмалы құнымен бағалау қалай жүргізіледі?

8. Негізгі құралдардың қор қайтарымының экономикалық мағынасы қандай?

9. Негізгі құралдардың қор сыйымдылығының экономикалық мағынасы қандай?

10. Негізгі құралдардың қор қайтарымының арту факторларының негізін сипаттаңыз.

11. Олардың қайсысының рөлі басым?

12. Қор қайтарым моделінің факторын анықтаңыз.

13. Негізгі құралдардың экстенсивті түрін сыйпаттайтын факторларды атаңыз.

14. Негізгі құралдардың интенсивті түрін сыйпаттайтын факторларды атаңыз.

15. Негізгі құралдардың интегралды көрсеткіші нені сыйпаттайды.

16. Негізгі құралдарды үнемдеудің салыстырмалы және абсолютті есептемесінің ерекшелігін атаңыз.

18-тақырып. Материалдық ресурстарды пайдалануды талдау

Кәсіпорынның материалдық ресурстармен қамтамасыз етілуін талдау. Материалдық ресурстардың тиімді пайдалануын талдау.

Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. Қандай шығындар тұрақты материалдық шығындарға жатады?

2. Материалдық шығындардың құрамын реттейтін, нормативтік құжаттарды атаңыз.

3. Тауарлы -материалдық құндылықтардың құнына кіретіндер.

4. Неге материалдық ресурстарды тиімді пайдалануға аса көңіл бөлінеді?

5. Материалдық ресурстарды талдаудағы негізгі міндеттерді атаңыз.

6. Материалдық ресурстарды пайдалану көрсеткіштері қандай тұстары бойынша жіктелінеді?

7. Жалпылама материалдық ресурстарды пайдалану көрсеткіштерін атаңыз.

8. Жеке материалдық ресурстарды пайдалану көрсеткіштерін атаңыз.

9. Материалдық ресурстарды тиімді пайдалануды сыйпаттайтын, сапалық көрсеркіштерді атаңыз.

10. Материалдық ресурстарды тиімді пайдалануды сыйпаттайтын, сандық көрсеркіштерді атаңыз.

11. Материалдық ресурстарды пайдалануда қандай көрсеткіш дәлірек баға береді?

12. Материалдық ресурстардың үнемделу немесе артуы қалай анықталады?

13. Материалдық шығындардың өзгеру моделін бағалау факторы қалай ұйымдастырылады?

14. Материалдық шығындарды пайдалануды талдаудың қорытындысы қайда пайдаланады?

15. Материалдық шығындардың ауытқуын бағалауда қандай модель қолданылады?

16. Материалдық ресурстарды қамтамасыз етудегі, баға түрін атаңыз.

17. Материалдық ресурстардың қамтамасыздығын талдаудағы міндеттерін атаңыз.

18. Ресурстардың жеткіліксіз тасмалдаудағы жойылу қорытындысы қалай бағаланады?

19. Өнім сапасының төмен болуы жойылу қорытындысына қалай әсер етеді?

20. Ресурстар құнының өзгеруіне байланысты жойылу қорытындысы қалай бағаланады?

21. Материалдық ресурстарды талдау қорытындысы қайда пайдаланылады?

19-тақырып. Еңбек ресурстарын пайдалануды талдау

Кәсіпорынның еңбек ресурстармен қамтамасыз етілуін талдау. Жұмыс уақыт қорын пайдалануды талдау. Еңбек өнімділігін талдау. Еңбек ресурстарын тиімді пайдалануды талдау. Еңбек ақы қорын пайдалануды талдау.

Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. Кәсіпорынның еңбек ресурстарын талдау қандай бағыттар бойынша жүргізіледі?
2. Еңбек ресурстармен қамтамасыз етудің маңызы қандай?
3. Еңбек ресурстармен қамтамасыз етуді талдау қандай жүйе бойынша жүргізіледі?
4. Кәсіпорынның еңбек ресурстарымен қамтамасыздығын бағалау көрсеткіштерін атаңыз.
5. Тарифтік коэффициент нені көрсетеді?
6. Қандай көрсеткіштер негізінде еңбек ресурстарының қозғалысы бағаланылады?
7. Өндіріс процесін интенсификациялау жұмыс уақытын пайдалануға қандай әсерін тигізеді?
8. Жұмыс уақытының балансы дегеніміз не?
9. Өндіріссіз жұмыс уақытына қандай шығындар жатады?
10. Жұмыс уақытын пайдалануды талдау қандай жүйеде жүргізіледі?
11. Жұмыс уақытын пайдаланудың негізгі көрсеткіштерін атаңыз.
12. Еңбек өнімділігі.
13. Еңбек өнімділігін сипаттайтын сандық және сапалық көрсеткіштерді атаңыз.
14. Еңбек өнімділігіне қандай факторлар әсерін тигізеді?
15. Еңбек өнімділігіне әсерін тигізетін факторлар қандай топтарға бөлінеді?
16. Еңбек өнімділігінің жоспар өсімі қалай анықталады?
17. Еңбек өнімділігі мен еңбек ресурстарының байланысы неде?
18. Бір жұмысшының орташа сағаттық табысы қалай талданады?
19. Бір жұмысшының орташа жылдық табысы қалай талданады?
20. Жұмыс күшінің салыстырмалы және абсолюттік үнемдеу немесе өсімі қалай анықталады?
21. Еңбек ақы және ынталандыру жүйесін атаңыз.
22. Еңбек ақы нысанын атаңыз.
23. Еңбек ақыны ұйымдастыруда қандай нормативті құжаттар қажет?
24. Еңбек ақы қорын ұйымдастыруды атаңыз?

25. Өтемнің кепілдіктен айырмашылығы неде?
26. Еңбек ақы қорына әсерін тигізетін факторларды атаңыз.
27. Еңбек ақы қорының моделін құрыңыз.
28. Жұмысшылардың еңбек ақы қорына еңбек өнімділігі қандай әсерін тигізеді?

20-тақырып. Кәсіпорынның маркетингтік қызметін талдау

Маркетингтік қызметін талдаудың маңызы мен міндеті. Өнімге деген сұранысты талдау және тапсырыстар қоржынын қалыптастыру. Талап етілмейтін өнімнің тәуекелділігін бағалау. Өнім өткізу нарығын талдау. Кәсіпорынның баға саясатын талдау. Өнімнің бәсекеге қабілеттілігін талдау.

Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. Маркетингтік қызметін талдаудың маңызын атаңыз.
2. Маркетингтік қызметін талдаудың міндетін атаңыз.
3. Өнімге деген сұраныс.
4. Талап етілмейтін өнімнің тәуекелділігін бағалау.
5. Өнім өткізу нарығын талдау.
6. Кәсіпорынның баға саясаты.
7. Өнімнің бәсекеге қабілеттілігі.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ БАСҚАРУ ТАЛДАУЫ ПӘНІ БОЙЫНША ДӘРІСТЕР

1-тақырып. Экономикалық талдаудың негіздері

Экономикалық талдаудың негіздері

Экономикалық талдау пәнінің методологиялық негізін ғылыми тану теориясы құрайды. Ғылыми танудың нысандары мен әдістері мол және олардың көбісін экономист ғалымдар бүгінгі таңда қолданып жүр.

- Ғылыми танудың нысандары мен әдістері бірнеше, олар:
- объектілерді байқау (зерттеу);
 - алынған мәліметтерді жинақтау (синтездеу);
 - талдау тәсілдері арқылы байыптау.

Талдау және жинақтау мұнда зерттелінетін құбылыс өзінің құрамды бөліктері мен бөлімшелерінен тұрады. Барлық саладағы ғылымның негізін методологиясын тану теориясы құрайды. Тану теориясы экономикалық талдаудың маңызын, қажеттілігін және жүйелігін анықтайды. Ол объективті және субъективті тануға түсінік береді.

Нарықтық экономикаға өту – кәсіпорыннан өндіріс тиімділігін арттыру, ҒТП жетілдіру негізінде қызмет пен өнімнің бәсекелестік қабілеттілігін, өндірісті басқару мен шаруашылық формаларының тиімдісін, кәсіпкерлікті активтендіру және т.б талап етеді.

Негізгі мақсат – шаруашылық субъектілерінің қызметіне экономикалық талдау жүргізу. Осының көмегімен кәсіпорынның даму тактикасы, стратегиясы өндіріледі, басқарушылық шешімдер және жоспарлар негізделеді, өндірістің тиімділігін арттыру резервтері анықталады, еңбеккерлердің және оның бөлімдерінің, кәсіпорын қызметінің нәтижелері бағаланады.

Маманданған экономист, қаржыгер, бухгалтер, аудитор қазіргі заманғы экономикалық зерттеулердің әдістерін, экономикалық талдаудың кешендік, жүйелік әдістерін шаруашылық қызметінің нәтижелеріне жан-жақты, нақты шеберлікпен талдау жасауды игере білуі қажет.

Экономикалық теория қоғамдағы өндірісті бөлу, айырбастау және тұтыну аралығындағы байланыстарды талдайтын ілім.

Ол қоғамдық ұдайы өндірістік халық шаруашылығының жеке бөліктерін зерттейді.

Экономикалық талдаудың жүйелілігі және кешенділігі.

Экономикалық талдаудың әдісін қолдану аналитикалық зерттеудің бірнеше нақты әдістемесі арқылы көрінеді. Бұл кешендік талдау әдістемесі немесе шаруашылық қызметінің жеке жақтарын зерттеу әдістемесі болуы мүмкін.

Әдістеме дегеніміз, қандай да бір жұмыстың мақсатын орындау ережесі, тәсілдер жинағы.

Қандайда бір талдауға әдістемесі аналитикалық зерттеу орындау бойынша әдістемелік кеңес керек. Ол мынадай кезеңдерді құрайды:

- а) талдау көрсеткіштерін жинақтау;
- б) талдау объектісі;

- в) жүйелік көрсеткіштері, оның көмегімен жеке талдау объектісі зерттеледі;
- г) аналитикалық зерттеу жүргізу кезеңі мен кезектілігі;
- д) оқылатын объектілерді зерттеу;
- е) мәліметтер көздері негізінде талдау жүргізу;
- ж) талдауды ұйымдастыру бойынша нұсқау (жеке бөлім зерттеулерін қандай адамдар, қызметтер жүргізу керек);
- з) техникалық құралдар, яғни аналитикалық хабарламаны өңдеуді мақсатты түрде пайдалану;
- к) құжаттар сипаттамасы, мұнда ең жақсысы талдау нәтижелерін реттеу;
- л) талдау нәтижелерінің тұтынушылары.

Басқару талдауы әдістемесінің екі элементіне толық тоқталып өтейік:

- аналитикалық жұмыстардың орындалу кезектілігі;
- оқылатын объектілерді зерттеу тәсілдері.

ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЛОГИКАЛЫҚ СЫЗБА

Хабарламаны қайта өңдеудің дәстүрлі тәсілі	Факторлық талдау тәсілдері	Көрсеткіштерді оптималдау тәсілдері
Салыстыру	Тізбек бойынша қою	Экономикалық–математикалық әдістер
Салыстырмалы және орташа шама	Индекстік әдіс	Программалау
Графикалық	Абсолюттік айырмасы	Жаппай қызмет көрсету теориясы
Топтастыру	Салыстырмалы айырмасы	Ойын теориясы
Баланстық	Интегралдық	Операцияны зерттеу

1.1- Сызба. Кәсіпорынның шаруашылық қызметін талдау тәсілдері.

2 - тақырып. Экономикалық талдаудың пәні, мақсаты және түрлері

Экономикалық талдаудың пәні мен объектілері.

Әр ғылымның өз пәні бар. Мысал ретінде алатын болсақ философия ғылымы ойдың, қоғамның, табиғаттың, жалпы даму заңдылығының дүниеге көз қарасын оқытады. Ал экономикалық теория пәні материалдарды қолданудың айырбастауын және бөлінуін нақты экономикалық өндірістік заңдылықтарды, өндірістік қатынастар мен өндірістік күштердің белгілі үлесімділігін қарастырады.

Салалық экономикалық ғылымдар жеке саладағы өндірістік қатынастардың өзгергіш күштері мен техника және технологиямен өзара байланысының даму ерекшеліктерімен ерекше саладағы жалпы заңдылықтардың көздерін зерттейді.

Арнайы экономикалық ғылымдар теориялық және тарихи болып екі негізгі бөліктерден тұрады. Сол сияқты экономикалық талдаудың да өз пәні бар.

Экономикалық талдау пәні дегеніміз кәсіпорындардың, бірлестіктердің, ассоциациялардың, шаруашылық процестердің, экономикалық ақпараттар жүйесі негізінде алынған объективті және субъективті факторлардың қозғалысы төңірегіндегі жинақталған әлеуметтік экономикалық көрсеткіштерінің және олардың қызметтерінің қаржылық қорытындысын зерттейтін ілім. Экономикалық талдаудың мазмұны ғылыми пән ретінде бірнеше функциялардан тұрады.

- Экономикалық талдаудың басты функциясы болып: ағымдық және перспективалы жоспарларды ғылыми негіздеу. Өткен жылғы кәсіпорын қызметінің нәтижелеріне терең экономикалық талдаусыз, кәсіпорынның экономикалық дамуының заңдылығын білусіз, қателіктер мен кемшіліктерді анықтаусыз ғылыми негізделген жоспар құруға, басқару шешімінің тиімді вариантын таңдауға болмайды.
- Келесі – ресурстарды пайдалануға, үнемдеуге, басқару шешімдері мен жоспар орындалуына бақылау кіреді. Бұл талдау-өндіріс процесіне оперативті әсер ету және қателік, кемшіліктерді анықтау мақсатымен жүргізіледі. Сондықтан да, талдаудың әсерлік пен жылдамдығын көтеру қажет.

- Кәсіпорында орындалатын орталық талдау функциясы – тәжірибе мен ғылым жетістіктерін және алғы (озат) тәжірибені үйрену негізінде өндіріс тиімділігін арттыру резервтерін іздестіру.
- Келесі талдау функциясы – қолда бар мүмкіншіліктерді пайдалану, экономиканың дамуына жеткен деңгейіне, жоспарлардың орындалуы бойынша кәсіпорын қызметінің нәтижелеріне баға беру.
- Соңғысы, шаруашылық қызметі процессінде айқындалған резервтерді пайдалану бойынша шараларды құру.

Сонымен, шаруашылық қызметіне талдау ғылым ретінде – шаруашылық даму тенденциясын зерттеумен байланысқан арнайы білім жүйесін, жоспардың ғылыми негізделуін, басқару шешімін, олардың орындалуын бақылау, жеткен нәтижелерін, ізденістерін бағалау мен өндіріс тиімділігін арттырудың шаруашылық резервтерінің шамаларының негізделуін және олардың пайдалануы бойынша шараларды құруды көрсетеді.

Экономикалық талдаудың мақсаты.

Нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуші кәсіпорындардың қаржылық жағдайын талдаудың басты мақсаты (міндеті) келесілер болып табылады :

- қаржылық жағдайға баға беру және оның есеп беру мерзіміндегі өзгерісі;
- активтер мен оның қалыптасу көздері арасындағы сәйкестікті, оларды таратудағы рационалды және пайдаланудағы тиімділікті зерттеу;
- айналым капиталы көлемін, оның өсуін (кемуін) және ағымдағы міндеттемелермен ара-қатынасын анықтау;
- қаржы -есептік және несие ережесін сақтау;
- кәсіпорын активтері және оның міндеттемелерінің құрылымын зерттеу;
- ағымдағы активтердің айналымдық есебі, оның ішінде дебиторлық борыш және қорлар есебі;
- баланстың өтімділігін, кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығы және төлеу қабілеттілігінің абсолюттік және салыстырмалы көрсеткіштерін анықтау;
- кәсіпорын табыстылығын бағалау;

- кәсіпорын табысының салыстырмалы көрсеткіштерін, сондай-ақ олардың деңгейінің өзгеруіне әсер етуші факторларды есептеп шығару;

- кәсіпорынның іскерлік белсенділігін анықтау;

- кәсіпорынның қаржылық жағдайының тұрақтылығын ұзақ және қысқа мерзімді болжау, яғни оның қаржылық стратегиясын анықтау.

Қаржылық жағдайды талдау кәсіпорынның шаруашылық қызметін талдаудың қорытындылаушы кезеңі болып табылады. Және ол 3 сатыны қамтиды: жабдықтау, өндіріс және өткізу; бұлардың жиынтығы коммерциялық, өндірістік және қаржылық қызметті құрайды.

Кәсіпорынның қаржылық қызметі - бұл оның осы қызмет нәтижесінде меншікті және тартылған капиталдың көлемі мен құрамына өзгеріс әкелетін қызметі болып табылады. Ол қаржы ресурстарының жүйелі түрде түсуі мен тиімді пайдаланылуына, есеп және несие тәртібін сақтауға, меншікті және қарыз қаражаттары арасындағы арақатынастың рационалдылығына, сондай-ақ кәсіпорынның тиімді қызмет етуі мақсатында қаржылық қол жеткізуге бағытталуы тиіс.

Кәсіпорын қызметінің қаржылық, өндірістік және коммерциялық жақтары арасында тығыз байланыс пен өзара тәуелділік бар. Осылайша қаржылық қызметінің жетістігі, көбінесе оның өндірістік - сату көрсеткіштерімен анықталады.

Кәсіпорынның өзі алатын төлемдерді және ақша қаражаттарын алуы оның өнімді сатуына, алдын ала қарастырылған сұрыпталымды ұстап тұруына, оның сапасының қажетті деңгейге сәйкестігіне және оны бір қалыпты өндіруге және төлеуге байланысты болады.

Қаржылық талдауды қаржылық тұрақтылықтан бастаған жөн және оған мыналар жатады:

- кәсіпорын активтерінің құрылымдық және құрамдық динамикасын талдау;

- кәсіпорын активтерінің қалыптасу кездерінің құрамдық және құрылымдық динамикасын талдау;

- кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығының абсолюттық және салыстырмалы көрсеткіштерін талдау;

- кәсіпорынның төлем қабілеттілігін және несиелік қабілеттілігін талдау.

ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЛОГИКАЛЫҚ КЕСТЕ

1-кесте

Экономикалық талдаудың кейбір бөлімдерінің ерекшеліктері

Экономикалық талдаудың теориялық және методологиялық негізі	Қаржылық-шаруашылық қызметін талдау
Пәннің оқытылуы	
Шаруашылық субъектілерде жүргізілетін тәсілдер, ережелер, әдістер, бағалау тәсілі, болжау.	Шаруашылық процестер, олардың тиімділігі, қызметінің қаржылық қорытындысы, субъективті және объективті факторлардың салдарынан топтастырылған, техникалық-экономикалық және статистикалық ақпараттар жүйесімен көрініс тапқан
Мақсаты	
Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметін болжау, бағалау тәсілдерімен байыптау функционалды жүйені дамыту құқығының негізінде	Басқару шешімдерін қабылдауға ақпараттар дайындау
Міндеттер	
Тиісті аналитикалық шешімдер қабылдауда, тәсілдер мен әдістерді таңдау бойынша мамандандырылған білім жүйесімен қамтамасыз ету	1. Қызмет қорытындысына әсер ететін сандық факторларды анықтау 2. Шаруашылықты дамытудағы тенденцияны анықтау және өлшеу 3. Оптималды басқару шешімін растау 4. Бизнес жоспарын ғылыми растау
Профильдік теориялық курстар	
Философия Теория негіздері Экономиканың оқу тарихы Статистика Математика	Экономикалық талдаудың теориялық және методологиялық негіздері Бухгалтерлік (қаржылық) есептеме

Эконометрика	Бухгалтерлік қаржылық есеп Ұйымның экономикасы Қаржы Маркетинг Менеджмент
--------------	---

3 – тақырып. Экономикалық талдаудың әдістері мен тәсілдері

Салыстыру тәсілі. Көрсеткіштерді салыстырмалы түрде келтіру әдістері. Зертеу процессінде қолданылатын статистикалық көрсеткіш не абсолюттік немесе салыстырмалы көрсеткіш болады.

Зерттелінетін құбылыстың мөлшерін немесе көлемін сипаттайтын көрсеткішті абсолюттік көрсеткіш дейміз. Абсолюттік көрсеткіш салмақ, ұзындық, көлем мөлшерінде және ақшалай мөлшерде де сипатталынады.

Абсолюттік көрсеткіш өндіріс заттарын, құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану, меншік салаларда үлкен маңызы бар. Зерттелетін құбылысқа қорытынды сипаттама беру үшін статистикалық салыстырмалы көрсеткіштерді пайдаланамыз. Статистикада екі абсолютті көрсеткіштің қатынасын салыстырмалы көрсеткіш дейміз. Салыстырмалы көрсеткіштер коэффициентпен немесе пайызбен есептелінеді.

Практикада салыстырмалы көрсеткіштердің бірнеше түрлері қолданылады:

- 1) бизнес жоспарының салыстырмалы көрсеткіші;
- 2) жоспардың салыстырмалы көрсеткіші;
- 3) динамикалық салыстырмалы көрсеткіш;
- 4) құрылымдық салыстырмалы көрсеткіш;
- 5) интенсивтік салыстырмалы көрсеткіш;
- 6) жай салыстырмалы көрсеткіш.

1) Бизнес жоспарының салыстырмалы көрсеткішін есептеу үшін жоспар көрсеткішін іс жүзінде орындалған көрсеткішке бөлеміз.

2) Жоспардың салыстырмалы көрсеткіштері-көрсеткіштің жоспарланған мәні мен оның өткен уақыттағы нақты мәнінің қортындысын білдіреді.

3) Динамикалық салыстырмалы көрсеткіш- құбылыстың уақытқа байланысты өзгеру мөлшерін білдіреді. Динамика

көрсеткіші статистикалық көрсеткіш мәнінің өткен уақыттағы бір мәніне қатнасы арқылы есептеледі. Мысалы: 2006 жылы завод 700 станок, ал 2007 жылы 770 станок шығарды. Салыстырмалы динамика көрсеткіші $770/700 = 8,1$ немесе 110%.

4) Құрылымдылық салыстырмалы көрсеткіштері – жалпы жиынтықтың жеке бөліктерінің үлесін көрсетеді. Оны есептеу үшін жиынтықтың жеке бөліктерінің мәнін оның жалпы қорытындысына бөліп жүзге көбейту керек.

5) Салыстырмалы интенсивтік көрсеткіштер – аттас емес шамалардың қатнасын білдіреді.

Мысалы: 1996 ж. аяғында Қазақстанда барлық мамандықтағы дәрігерлердің саны 61412 адам, ал 1987 ж. басында халық саны – 16244 мың адам. Яғни 1996 ж. әрбір 10000 тұрғынға 37 дәрігер.

$$(61412/1624400)*10000=37.8.$$

6) Жай салыстыру көрсеткіштері - әр түрлі территорияға жататын аттас шамалардың қатынасы.

Қатысты және орта шамалар тәсілі.

Орташа шамалар тек статистикада ғана емес, басқа да ғылымдарда, статистикалық практикада, жоспарлау, басқару, ғылыми-зерттеу жұмыстарында көп қолданылады. Оның статистикада маңызы зор. Осы статистика курсының көпшілік тақырыптары қалайда орташа шамамен байланысты.

Орташа шама – ол арнайы белгі бойынша біртекті құбылыстардың жиынтығын ортақ сыйпаттау, есептеу.

Орташа шаманы екі категорияға бөледі:

1. Дәрежелі орташалар, оларға арифметикалық орташалар, гармоникалық орташалар, хронологиялық орташалар, геометриялық орташалар, квадраттық орташалар жатады.
2. Құрылымдық орташалар, оған мода және медиана жатады.

Орташа шаманы есептеу барысында, оны қандай жолмен есептеу керек деген теориялық және практикалық күрделі сұрақ туады. Яғни әрбір нақты жағдайда орташаның қандай формуласын пайдалансақ қарастырып отырған белгілі варианттарының орташа мәнін дұрыс табамыз.

Орташа шаманы есептеу үшін, алдымен әрбір нақты жағдайда осы орташа шама нені білдіретінін, оның әлеуметтік-экономикалық мағынасын, қандай шамалардың қатынасы арқылы есептелінетінін анықтап алу қажет. Содан кейін есептеп шығарылған орташа шаманың өзінің белгілі бір әлеуметтік-экономикалық мағынасы болуы керек.

Әлеуметтік-экономикалық талдауда негізінен қолданылатын арифметикалық орташалар:

Арифметикалық орташанаң екі түрі бар:

1. Егер белгілірдің жеке мәнін немесе варианттарды $x_1; x_2; x_3 \dots x_n$ деп, олардың санын n деп, ал орташа мәнін \bar{x} , белгілердің сомасын Σ деп белгілесек, арифметикалық орташаның жай түрінің формуласын келесі түрде көрсетуге болады:

$$\bar{x} = \frac{x_1 + x_2 + x_3 \dots x_n}{n} = \frac{\Sigma x}{n}$$

Мысалы: Бір айдағы бес жұмысшының жұмыс өнімділігі 135; 141; 153; 159; 162 деталь болса, бір айда бір жұмысшы орташа қанша деталь жасайтынын анықтау үшін:

$$\bar{x} = \frac{153+141+135+159+162}{5} = \frac{756}{5} = 150 \text{ деталь}$$

2. Егер жиынтыққа белгілердің немесе варианттардың мәндері бірдей кездеспейтін жағдайда, яғни жиілік белгілі болса, орташа шаманы арифметикалық орташаның өлшемдес түрін қолданады.

Егер белгілердің жеке мәндерін: $x_1; x_2; x_3 \dots x_n$ жиіліктерін f десек арифметикалық орташаның өлшемдес түрінің формуласын келесі түрде көрсетуге болады:

$$\bar{x} = \frac{x_1 f_1 + x_2 f_2 + x_3 f_3 \dots + x_n f_n}{f_1 + f_2 + f_3 \dots + f_n} = \frac{\Sigma x f}{\Sigma f}$$

Мысалы: Еңбек стажы бойынша жұмысшылар келесідей бөлінген:

Еңбек стажы, жыл, x	5 жылға дейін	5-10	10-15	15-20
--------------------------	------------------	------	-------	-------

Жұмысшылар саны, f	2	6	15	7
----------------------	---	---	----	---

Жұмысшылардың орташа еңбек стажын анықтау қажет:

$$x_1 = \frac{0+5}{2} = 2,5; \quad x_2 = \frac{5+10}{2} = 7,5; \quad x_3 = \frac{10+15}{2} = 12,5;$$

$$x_4 = \frac{15+20}{2} = 17,5$$

$$\bar{x} = \frac{\sum xf}{\sum f} = \frac{2,5 \cdot 2 + 7,5 \cdot 6 + 12,5 \cdot 15 + 17,5 \cdot 7}{2 + 6 + 15 + 7} = 12,0 \text{ жыл}$$

3. Кейбір жағдайларда белгілердің жеке мағыналары белгілі, ал олардың жиілігі немесе варианттары берілмеген, ол болса xf , яғни f -белгісіз болған жағдайда. Орташа шаманы анықтау үшін $Z = fx$, осыдан $f = \frac{Z}{x}$; енді $\bar{x} = \frac{\sum xf}{\sum f}$ формуласын, яғни f -ті x пен Z арқылы қарастырсақ $\bar{x} = \frac{\sum Z}{\sum \frac{Z}{x}}$; бұл формуланы үйлесімді орташаның

өлшемдес түрі дейді.

а. Егер xf көбейтіндісі бірге тең болса, орташалайтын шамаға үйлесімді орташаның жай түрі қолданылады

$$\bar{x} = \frac{\sum Z}{\sum \frac{Z}{x}} = \frac{1+1+\dots}{\frac{1}{x_1} + \frac{1}{x_2} + \frac{1}{x_3} + \dots} = \frac{n}{\sum \frac{1}{x}}$$

4. Орташа өсу коэффициентті анықтау үшін геометриялық орташаны қолданады:

$$\bar{K} = \sqrt[n]{K_1 \cdot K_2 \cdot K_3 \dots K_n} = \sqrt[5]{20 \cdot 16 \cdot 22 \cdot 28 \cdot 4} = 19,4 \text{ деталь}$$

5. Егер орташалайтын белгілердің бастапқы және соңғы мағынасы берілген жағдайда орташа шама келесі формуламен есептеледі:

$$\bar{K} = \sqrt[n-1]{\frac{y_n}{y}}$$

6. Егер орташалайтын шама квадраттық функция ретінде берілген болса, квадраттық орташаның жай түрі қолданылады:

$$\bar{x} = \sqrt{\frac{x_1^2 + x_2^2 + x_3^2 + \dots + x_n^2}{n}} = \sqrt{\frac{\sum x^2}{n}};$$

ал f жиілік берілсе, квадраттық орташаның өлшемдес түрі қолданылады:

$$\bar{x} = \sqrt{\frac{\sum x^2 f}{\sum f}}$$

7. Егер орташалайтын шама белгілі бір уақытқа берілетін болса, онда орташалайтын шаманы хронологиялық орташаны қолданып анықтайды.

$$\bar{x}_n = \frac{\frac{1}{2}x_1 + x_2 + x_3 + \dots + \frac{1}{2}x_n}{n-1}$$

Топтастыру тәсілі

Статистикалық мәліметтерді қорытындылаудың негізгі тәсілі статистикалық топтастыру болып табылады.

Топтастыру тәсілі екі категорияға негізделіп құрылады. Ол топтастыру белгісі және интервалы.

Жеке жиынтықтар бірліктерін – бір текті топтарға біріктіретін белгіні – топтастыру белгісі деп анықтайды.

Интервал дегеніміз – топтардың шекарасының сандай бөлінуін көрсетеді.

Интервалдарды бірдей, бірдей емес, ашық және жабық интервалдар деп бөледі.

Бірдей интервалда - әр интервалдың ең кіші және ең жоғарғы мағналарының айырмашылығы бірдей болады.

Интервалы бірдей емес – интервалдың ені біртіндеп ұлғайып, ал жоғарғы интервал жабылмаған жағдайда – интервалы бірдей емес деп атайды.

Статистикада топтастыруды үш түрге бөледі: олар – типологиялық, құрылымдық және аналитикалық.

Типологиялық топтастыруда – әлеуметтік- экономикалық типтерді айқындау және сипаттау үшін қолданады.

Құрылымдық топтастырудың мақсаты ішкі құрылымын анықтау, біртектес жиынтықтың құрылымы туралы және оның құрамдас бөліктері сипатталатын көрсеткіштері туралы мәлімет беру.

Аналитикалық топтастыру – статистикалық көрсеткіштердің өзара байланысын анықтап және зерттеуге мүмкіндік береді. Осы топтастыруда:

- а) факторлық белгі бойынша топтар құрылады;
- ә) әрбір топтарды сипаттайтын факторлық және нәтижелік белгілердің орташа шамалары есептеледі;
- б) содан соң факторлық және нәтижелік белгілердің арасындағы өзара байланыстың ерекшеліктері анықталады.

4 - тақырып. Факторлық талдаудың әдістемесі

Шаруашылық қызметінің тиімділігі салыстырмалы бірнеше көрсеткіштермен сипатталады, бір-ақ олардың әрқайсысына бірнеше факторлар жүйесі әсерін тигізеді.

Әр – түрлі жоспарлы факторларға кешендік баға әсерін жүйелік сипаттауда оларды зерттеудегі мақсатын анықтау қажет. Өндірістегі факторлардың мағынасы, олардың көрсеткіштерді тиімді пайдалануы құрылымдық басқару факторларының көрсеткіштер деңгейіне әсер етуін және резервтерді анықтау механизмдерін анықтау.

Кешендік экономикалық талдау бойынша жалпылама немесе синтетикалық көрсеткіштермен бірге жекелеген немесе аналитикалық көрсеткіштер есептеледі. Әрбір көрсеткіш экономикалық белестерді қандайда бір экономикалық және басқадай факторлардың әсері негізінде анықталады. Факторлар – бұл элементтердің, себептердің, белгілі көрсеткішке немесе бірнеше көрсеткіштерге әсері. Мынадай экономикалық фактордың және экономикалық белестердің ұғымы енгізілген көрсеткіштердің объективті сипатына тән.

Факторлардың әсерін зерттеу белгілі құбылыстардың немесе көрсеткіштердің бірінші, екінші, ...n-ші реті факторлары бойынша анықтау. «Көрсеткіш» пен «Факторлар» түсініктерінің ауытқуы

шартты, неге дегенде әрбір көрсеткіштің басқа бір көрсеткішке тигізетін әсерін анықтауға болады.

Кәсіпорын қызметінің жетістіктерін объективті түрде бейнеленуде, тиімді баға беруде, негізгі көрсеткіштердің ішкі және жанама факторларын талдауда маңызы зор.

Барлық шаруашылық қызметінің соңғы қаржылық қорытындысы, есептегі жылғы таза пайда көрсеткіштерінің «Жүрегі» болып табылады. Қаншалықты дұрыс көрсетілгендігі жайында сұрақ туындайды. Бұл сұраққа тек қана, талдау «Сапа» анықтамасы сай келеді.

Сапа пайда-пайданың пайда болу көздерінің құрылымын жалпылама сипаттайды.

Кәсіпорын тұрғысынан қарағанда құралы көздерінің пайда болуы ішкі және сыртқы шаруашылық резервтері болып бөлінеді.

Ішкі резервтер дегеніміз-халық шаруашылығы салалық, регионалық, жағдайларда өндірісті дамыту факторларында пайдалану.

Ішкі резервтерді пайдалану әлбетте, кәсіпорынның экономикалық көрсеткіштер деңгейіне әсер етеді.

5 - тақырып. Детерминациялық талдаудағы факторлар тәсілдері

Индекстік әдіс. Индекстер құбылыстардың уақыт аралығындағы, кеңістіктегі өзгерістерін талдау үшін қолданылатын әдіс. Бұл әдісте экономикалық мәні бірдей аттас көрсеткіштердің мөлшерлері өзара салыстырылады.

Индекс - тікелей салыстыруға келмейтін құбылыстарды зерттеу үшін, сонымен бірге күрделі әлеуметтік-экономикалық құбылыстардың жеке факторларының үлесін анықтауға пайдаланылатын әдістердің ерекше түрі.

Дақылдар тобынан өндірілген өнімнің көлемі келесі факторларға байланысты болады: ол жеке дақылдар өнімділік деңгейінің қалыптасуы, егіс алқабының өзгеруі және оның құрылымының қалыптасуы. Осыған байланысты астық дақылдарын өндірілген өнімге индекстік талдау қолдануға болады.

2-кесте

Астық дақылдары өнімін индекстік талдау

Дақылдар тобы	Егістік көлемі, га		Өнімділігі, ц/га		Жалпы жиналған өнім, ц		
	2006 ж.	2007 ж.	2006 ж.	2007 ж.	2006 ж.	2007 ж.	шартты өнім
	S_0	S_1	Y_0	Y_1	$Y_0 S_0$	$Y_1 S_1$	$Y_0 S_1$
Күздік астық	1000	1000	6,64	7,86	6640	7860	6640
Арпа	700	300	1,743	4,60	1220	1380	523
Барлығы	$\Sigma S_0 = 1700$	$\Sigma S_1 = 1300$	$Y_0 = 4.623$	$Y_1 = 7.107$	$\Sigma Y_0 S_0 = 7860$	$\Sigma Y_1 S_1 = 9240$	$\Sigma Y_0 S_1 = 7163$

Дақылдар тобы бойынша осы жылдардағы орташа өнімділікті есептейміз, ол үшін орташа шамалардың формуласын қолданамыз:

$$\bar{Y}_0 = \frac{\sum Y_0 S_0}{\sum S_0} = \frac{1000 \cdot 6.64 + 700 \cdot 1.743}{1700} = \frac{7860}{1700} = 4.623 \text{ ц/га}$$

$$\bar{Y}_1 = \frac{\sum Y_1 S_1}{\sum S_1} = \frac{7.86 \cdot 1000 + 300 \cdot 4.60}{1300} = \frac{9240}{1300} = 7.107 \text{ ц/га}$$

Содан соң соңғы жылды алдыңғы жылмен салыстырғанда, өндірілген өнім көлемінің өзгеруіне анықтама бері үшін жалпы агрегатты өнім индексі және оның делтасын есептейміз:

$$J_{YSS'} = \frac{\sum Y_1 S_1}{\sum Y_0 S_0} = \frac{9240}{7860} = 1.1755 \text{ немесе } 117,55\%$$

$$\Delta = \sum Y_1 S_1 - \sum Y_0 S_0 = 9240 - 7860 = 1380 \text{ ц}$$

Жалпы өнім индексі соңғы жылды алдыңғы жылмен салыстырғанда астық өнімінің көлемі 17,55%-ға немесе 1380 ц өскенін анықтап отыр.

Осы өндірілген өнім көлемінің өсуі, біріншіден жеке дақылдардың өнімділігіне байланысты, осы фактордың әсерін анықтау үшін, жалпы тұрақты өнімділік индексі және делтасын есептейміз:

$$Y_y = \frac{\sum Y_1 S_1}{\sum Y_0 S_0} = \frac{9240}{7163} = 1.2899 \text{ немесе } 128,99\%$$

$$\Delta = \sum Y_1 S_1 - \sum Y_0 S_1 = 9240 - 7163 = 2077 \text{ ц}$$

Бұл индекс 2007 жылды алдыңғы жылмен салыстырғанда күздік астық пен арпа өнімділігі 28,99%-ға жоғарлауына байланысты, осы жылы өндірілген астық өнімдерінің көлемі 2077 ц өсіп отырғанын көрсетеді.

Өндірілген астық өнімінің көлеміне, екіншіден егістік көлемінің өзгеруі әсер етеді, осы фактордың әсерін анықтау үшін жалпы егістік көлем индексі және оның делтасын есептейміз.

$$J_s = \frac{\sum S_1}{\sum S_0} = \frac{1300}{1700} = 0.7647 \text{ немесе } 76,47\%$$

$$\Delta_s = (\sum S_1 - \sum S_0) \cdot \bar{Y}_0 = (1300 - 1700) \cdot 4.623 = (-400) \cdot 4.623 = -1850 \text{ц}$$

Бұл индекс 2007 жылды 2006 жылмен салыстырғанда, егістік алқабының 23,53%-ға немесе 400 га азаюына сәйкес, соңғы жылы өндірілген өнімнің көлемі 1850 ц-ге төмендегенін айқындап отыр.

Үшіншіден астық өнімінің көлемі, егіс алқабының құрылымының дұрыс қалыптасуына байланысты болады. Осы фактордың әсерін анықтау үшін жалпы құрылым индексі мен оның делтасын есептейміз.

$$J_{s'} = \frac{\sum Y_0 S_1}{\bar{Y}_0 \sum S_1} = \frac{7163}{4.623 \cdot 1300} = \frac{7163}{6010} = 1.1918 \text{ немесе } 119,18\%$$

$$\Delta_{s'} = \sum Y_0 S_1 - \bar{Y}_0 \sum S_1 = 7163 - 6010 = 1153 \text{ц}$$

Жалпы құрылым индексі, 2007 жылды алдыңғы жылмен салыстырғанда, егістік көлемінің құрылымы 19,18%-ға жақсарғанын, яғни соңғы жылда өнімділігі жоғары астық дақылдарының үлестік салмағы 19,18%-ға өскенін, осыған сәйкес өнімнің көлемі 1850 ц өсіп отырғанын көрсетеді.

Индекс әдісін қолданып талдауды, осы индекстер мен делталардың арасындағы байланысты дәлелдеумен шектеді. Осы дәлелдеуді келесі схема арқылы көрсетуге болады:

$$J_{YSS} = J_{ц} \cdot J_s \cdot J_{s'}$$

$$1,1755 = 1.2899 \cdot 0.7647 \cdot 1.1918$$

$$\Delta_{YSS} = \Delta_Y + \Delta_s + \Delta_{s'}$$

$$1380 \text{ц} = 2077 \text{ц} + (-1850 \text{ц}) + 1153 \text{ц}$$

6-тақырып. Талдаудың экономикалық-математикалық тәсілдері

Талдаудың математикалық тәсіліне жалпы сипаттама. Сандық қаржылық талдау жасауда, қаржылық көрсеткіштерді есептеуде бірыңғайланған модельдер мен әдістерді қолдану қажет екені әркімге белгілі бола бастады.

Жалпы қаржылық математиканың әдістерін шартсыз базалықтар және қолданбалылар деп екі категорияға бөледі.

Базалықтарға жататындар:

- төлемдерді ұлғайтуға немесе дисконттауға байланысты әрекеттердің негізі ретінде қарапайым және күрделі пайыздар;
- әртүрлі қаржылық ренталар жөнінде тіркескен (ағымдар) төлемдерді есептеу.

Қаржылық есептеулердің қолданбалы әдістеріне жататындар:

- қаржылық - несиелік әрекеттердің нәтижелік тиімділігін бағалау және жоспарлау;
- сақтану аннуитеттерін есептеу;
- ұзақ мерзімдік қарыздарды өтеуді жоспарлау;
- тұтынушылық несиелерді және ипотекалық ссудаларды өтеуді жоспарлау;
- құнды қағаздар бойынша қаржылық есептеулер;
- лизингтер, факторингтер және форфейтингтердің банктік әрекеттері;
- инвестициондық жобаларды және т.б. талдау және жоспарлау.

Экономикалық-математикалық үлгілеу. Қаржылық нарық іс-әрекеттерінде дәйекті шешім қабылдауда, сандық қаржылық талдауды және қаржы-экономикалық есептерді терең кәсіптік деңгейде жүргізуде, даусыз, экономикалық-математикалық әдістері ауадай қажет.

Нәтижелік көрсеткіштердің өзгеруіне факторлардың сандық әсерін талдау әдістері.

Көрсеткіштердің өз мазмұны бойынша сандық және сапалық болып бөлінеді.

❖ Сандық көрсеткіштерге – дайындалған өнім көлемі, еңбеккерлер саны, ауданы, мал басы және тағы басқа.

❖ Сапалық көрсеткіштеріне оқылатын объектілердің қасиеті және нақтылы негіздерін, сапалығын көрсетеді. Мысалы, еңбек өнімділігі, өзіндік құн, рентабельділік, дақыл өнімділігі және басқа.

Сандық көрсеткіштердің өзгеруі әрине, сапалық өзгеруіне әкеліп соғады және керісінше. Мысалы өнім өндіру көлемінің өсуі, өзіндік құнның төмендеуіне әкеледі. Еңбек өнімділігінің өсуі өнім өндіру көлемінің өсуін қамтамасыз етеді.

Аналитикалық көрсеткіштердің абсолюттік және салыстырмалы болып бөлінеді.

❖ Абсолюттік көрсеткіштер ақшалай, натуралды өлшемдер немесе еңбек сыйымдылығы арқылы көрінеді.

❖ Салыстырмалы көрсеткіштер қандай да бір екі абсолюттік көрсеткіштердің ара қатынасын көрсетеді. Олар индекс немесе коэффициент, процент түрінде анықталады.

● Абсолюттік көрсеткіштер - өз кезегінде құндық және шартты натуралды болып бөлінеді.

● Натуралды көрсеткіштер – физикалық өлшем бірлігімен өлшенетін шама ретінде көрінеді (масса, ұзындық, көлем және т.б).

● Шартты – натуралды көрсеткіштер - әртүрлі ассортимент өнімін өткізу және өндіріс көлемін қорытындылау сипаттамасы үшін қолданылады. (Мысалы, ауыл шаруашылығында мал азықты өлшем).

Құндық көрсеткіштер ақшалай өлшемін білдіретін шамасын көрсетеді.

● Құру тәсілі бойынша көрсеткіштер нормативтік (баға, амортизация нормасы, энергия, жанар-жағар май, материал, шикізатқа шығын нормасы және т.б);

● Жоспарлы (экономикалық және әлеуметтік даму жоспарының мiлiметтерi, iшкi шаруашылық бөлiмдерiнiң жоспарлы тапсырмасы); есеп (оперативтік есеп, статистикалық, бухгалтерлік мәліметтер); есепті (оперативті және статистикалық есептер, бухгалтерлік мәліметтер); аналитикалық (барлық), кәсіпорын жұмысының тиімділігі және нәтижелерді бағалау үшін талдау кезінде есептелінеді.

ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЛОГИКАЛЫҚ СЫЗБА



2-сызба. Талдау объектісінің жүйесі.

7– тақырып. Резервтерді анықтау мен есептеу әдістемесі

Кәсіпорынның төлем қабілеттілігі оның қаржылық тұрақтылығының маңызды белгілерінің бірі және онымен тығыз байланысты болады. Сол себепті нарық экономикасы жағдайында оған көп көңіл бөлінеді.

Арнайы есептік талдау әдебиеттерінде төлем қабілеттілігін анықтау жөнінде әртүрлі көзқарастар кездеседі.

Арнайы есептік - талдау әдебиеттерінде төлем қабілеттілігін анықтау жөнінде әр түрлі көзқарастар кездеседі. Қаржылық талдау бойынша кейбір авторлар төлем қабілеттілігі ретінде кәсіпорын өзінің ұзақ мерзімді міндеттемелері бойынша есептесе алу қабілеттілігі деп ұйғарады.

Басқа авторлар төлем қабілеттілігі деп, кәсіпорынның тек қысқа мерзімді міндеттемелерін өтеуге дайындығын айтады.

Жоғарыдағыларды қорытындылай келе, кәсіпорынның төлем қабілеттілігі деп, оның дер кезінде өзінің барлық міндеттемелері бойынша төлемдер жүргізуге дайындығын айтуға болады. Бірақ бұл үшін кәсіпорынның есеп айырысу, валюта және басқа да шоттарында ақшалары болуы керек.

Қарыздарды өтеуде құралдар, сонымен бірге кәсіпорында бар тауарлы-материалдық құндылықтар қоры кепіл бола алады.

Басқаша айтқанда, теориялық түрде қарыздарды өтеу кәсіпорынның барлық ағымдағы активтерімен қамтамасыз етіледі. Нақ осылай теориялық түрде, егер кәсіпорынның ағымдағы активтері қысқа мерзімді міндеттемелерінің сомасынан артса, онда ол қарыздарды өтеуге дайын деп есептеуге болады. Бірақ, егер кәсіпорын барлық ағымдағы активтерін қарыздарды өтеуге бағыттаса, онда дәл сол кезде оның өндірістік қызметі тоқтатылады, себебі онда өндіріс құралдарын тек негізгі құралдар құрайды, ал материалды айналым құралдарын алуға ақша жоқ, яғни олар толығымен қарыздарды төлеуге жұмсалды.

Сондықтан төлем қабілеттілігі бар деп, ағымдағы активтің сомасы ағымдағы міндеттемелерінен көп жоғары кәсіпорынды есептеуге болады. Кәсіпорынның тек қарыздарды өтеуге ғана емес, сонымен бірге үздіксіз өндіріс үшін қаржылары болуы керек.

Ағымдағы төлем қабілеттілігі баланс жасау мерзімімен анықталады. Кәсіпорын жабдықтаушыларына, банктік қарыздар

және басқа да есеп айырысулар бойынша қарыздары жоқ болса төлем қабілетті деп саналады.

Келешекке арналған төлем қабілеттілігі нақты бір мерзімдегі оның төлем құралдарының сомасын осы мерзімдегі жедел міндеттемелерімен салыстыру жолымен анықталады.

Төлем қабілеттілігі белгілі бір мерзімде қолдағы ақша сомасының жедел төлемдер сомасына қатынасын көрсететін төлем қабілеттілігі коэффициенті арқылы көрінеді. Егер төлем қабілеттілігі коэффициенті 1-ге тең немесе үлкен болса, онда бұл ол кәсіпорынның төлем қабілетті екенін білдіреді. Егер коэффициент 1-ден аз болса, онда талдау процесінде төлеу құралдарының жетіспеуі себептерін анықтау керек.

8 - тақырып. Қаржылық талдау түсінігі, мәні, міндеттері және ақпараттық қамтамасыз етілуі

Нарықтық қатынастары жағдайында кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдаудың маңызы өте зор. Бұл кәсіпорындардың тәуелсіздікке ие болуымен, сондай-ақ олардың меншік иелері, жұмысшылар, коммерциялық серіктестер және басқа контрагенттер алдында өзінің өндірістік-кәсіпкерлік қызметінің нәтижелері үшін толық жауапкершілікте болуымен байланысты.

Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау жөніндегі мәселелері қарастырмас бұрын, "қаржылық жағдай" дегеніміз немесе "қаржылық жай-күй" дегеніміз не, соны анықтап алған жөн. Соңғы жылдары шығарылған арнайы әдебиеттерде бұл ұғым әр түрлі түсіндіріледі. Профессор А.Д. Шеремет "Кәсіпорынның қаржы (активтер) жағдайы қаржыны тарату, пайдалану және оны қалыптастыру кездерімен (меншіктік капитал және міндеттемелер, яғни пассивтер) сипатталады" деп жазған.

Профессор Н.А Русак бұл ұғымды былайша анықтайды: «Кәсіпорынның қаржылық жағдайы қаржы ресурстарын жасау, тарату және пайдаланумен сыйпатталады. Кәсіпорынның қаржылық жағдайы кәсіпорының қалыпты өндірістік, коммерциялық және басқа да қызмет түрлері үшін қажетті қаржы ресурстарымен қамтамасыз етілуімен және оларды мақсатқа сай, тиімді тарату және пайдаланумен, сондай-ақ басқа шаруашылық

субъектілерімен қаржылық қарым-қатынаста болу, төлеу қабілеттілігі және қаржылық тұрақтылықпен сыйпатталады. Кәсіпорынның уақтылы төлеу мүмкіндігі оның қаржылық жағдайының жақсылығын көрсетеді".

Экономикалық талдау қызметіндегі басқару мәліметтерін тиімді пайдалану үшін белгілі ақпараттар жүйесіне сүйене отырып жүзеге асыруға болады. Ақпараттар жүйесін тиімді жүзеге асыру кезеңі белгілі бір принциптердің негізінде жүргізіледі. Ол келесі принциптерден тұрады:

1. Кәсіпорынның ақпараттармен қамтамасыз етуін тиімді жүйеде қолдану.

2. Барлық өндіріс процесіндегі көрсеткіштерге дәлелді жауап беруі, ол тұтыну, айырбастау, табиғи, материалды, қаржы ресурстарын тиімді пайдалану.

3. Алынатын ақпарат көздерінің бірлігі.

4. Алынатын ақпарат көздерінің жан-жақтан келіп түсуі (бухгалтерлік, оперативтік, статистикалық).

5. Алынатын мәліметтердің барлығын жоспар көрсеткіштеріне пайдалану.

Кәсіпорын көрсеткіштерінің есеп беру жылдағы көрсеткіштерін базистік жылмен, ортасалалық және басқа кәсіпорын көрсеткіштерімен салыстыру негізінде жүргізіледі. Нәтижелік көрсеткіштердің шараларына әртүрлі факторлардың әсерін анықтау, пайдаланылмаған мүмкіндіктер, кемшіліктер, қателіктер айқындалады.

Талдау нәтижесі негізінде басқару шешімі орнығады және құрастырылады. Сонымен, экономикалық талдау – бұл басқару функциясы, яғни шешім қабылдаудың ғылымилығын қамтамасыз етеді.

Басқару талдауының жоспарларды негіздеу құралы ғана емес, сонымен қатар, олардың орындалуын кешенді бақылау болып табылады.

Жоспарлау – кәсіпорын қызметінің нәтижелерін талдаудан басталып және аяқталады. (Басты роль өндіріс тиімділігін арттыру резервтерін пайдалану және анықтауда талдауға бөлінеді).

Сонымен, басқару талдауы басқару шешімі мен ғылыми негізделген жоспарларды құрастыру негізі, ішкі шаруашылық

резервтерін айқындау құралы, өндірісті басқару жүйесінің ең басты элементі болып табылады.

Талдау рөлі - өндірісті басқару құралы ретінде жылдан – жылға өсуде. Бұл әртүрлі жағдайлармен келісілген.

Біріншіден, өндірісте ғылым мен капитал сыйымдылығын арттырумен, шикізат құнының және дефициттің өсуімен байланысты өндіріс тиімділігінің арттыру қажеттілігі;

Екіншіден, нарықтық экономикаға біртіндеп өтуі;

Үшіншіден, кәсіпорындарды жекешелендіру, экономиканың қайта құрылуымен байланысты жаңа шаруашылық формаларын құру және экономикалық реформалардың басқа да шаралары.

Басқару талдауына шын көңіл бөлетін кәсіпорындар жоғары экономикалық тиімділікке, нәтижеге ие болады.

Қаржылық талдау әдістері және олардың жіктелуі

Нарықтық қатынастың қалыптасуы шаруашылық қызметін біртұтас кешенді талдауды ішкі (басқару) және сыртқы (қаржылық талдау) талдау деп бөлуді қажет етіп отыр. Талдаудың бұл түрлерінің әрқайсысының өзінің негізгі ақпараттық көздері бар.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, есеп берудің екі түрі бар: Акционерлерді, қалың жұртшылықты, банктерді, сондай-ақ сақтандыру ұйымдары мен үкімет органдарын кәсіпорынның жұмыс жағдайы мен оның қаржылық жағдайы және есепті кезеңдегі шаруашылық қызметінің нәтижесімен таныстыру үшін қаржылық газеттер мен бюллетендерде, арнайы анықтамаларда басылып шығатын қаржылық есеп беру. Сонымен қатар көбіне, есепте субъектінің шаруашылық қызметін динамикада бейнелеп көрсетуге, даму бағыты мен оның алдыңғы кезеңдегі жағдайын болжауға мүмкіндік беретін бірқатар жылдардың мәліметтерін жариялайды. Есеп берудің екінші түрі - басқару талдауы, бұл кәсіпорын шығаратын өнімдердің жеке түрлерінің өзіндік құнының нормативтері туралы, сондай-ақ сапасының төмендігіне немесе тауардың мөлшерден тыс шығарылып, өтпей қалуына байланысты мәліметтерден тұратын қатаң құпияландырылған, басқа тұлғалар үшін жабық есеп болып табылып, ішкі есеп берудің ішіндегі жауапкершілік орталықтары мен пайда болу орындары бойынша шығындар сияқты жеке бөлімшелердің жұмыс нәтижелерін сыйпаттайтын маңызды есеп түрлері болады. Кәсіпорынның жеке бөлімшелеріндегі шаруашылық жүргізу деңгейін анықтау

шығындар мен нәтижелерді салыстыру, кім қалай жұмыс істейтінін көруге мүмкіндік береді .

Ішкі талдау басқару есебі, ал сыртқы талдау қаржылық есеп негізінде жүргізіледі. Бүгінгі таңдағы нарыққа өту кезеңінде кәсіпорынның қаржылық жағдайын бағалауда жаңа амалдар қажет.

Соңғы кездері мерзімді баспасөздерде, сондай-ақ жеке басылымдарда қаржылық талдауды жүргізу бойынша бірқатар әдістемелік ұсыныстар жарық көрді. Бұл еңбектің авторлары кәсіпорынның қаржылық жағдайын және оның жекелей көрсеткіштерін талдаудың әр түрлі әдістемелерін ұсынып отыр. Бұл әдістемелердің көпшілігінде олардың маңызды ерекшелігі болып табылатын, кәсіпорынның қаржылық жағдайының біздің отандық тәжірибеде қолданылмаған жаңа көрсеткіштерінің жүйесін толық талдауда.

Ондаған жылдар бойы барлық басқару деңгейлерінде және кәсіпорынның өзінде пайдаланып келген қаржылық жағдайды талдаудың қалыптасқан әдісінің, шаруашылық жүргізудің әкімшілік жүйесінің жұмыс істеу жағдайында және негізінен орталықтандырылған көздерден қаржыландырылатын мемлекеттік меншік үшін, сондай-ақ уақытша тартылған қаражаттарды (тұрақты пассивтер), айналым қаражаттарын және басқаларды мөлшерлеу мақсатында қолданылғаны түсінікті. Бұл жағдайлар шаруашылық жүргізудің тиімділігіне бағытталған басқарушылық шешімдерді қабылдауда кәсіпорынның дербестігін тежеп отырады және нарықтық қатынастар мен кәсіпшілік қызметпен мүлдем үйлеспейді.

Бұрынғы қолданылып келген талдау әдістемесінде әр түрлі баптардың мәндерін, баланс бөлімі мен топтарының жиындарын олардың мөлшерлік көлемдерімен салыстыру, мөлшерден ауытқуын зерттеу, бұл ауытқулардың кәсіпорынның қаржылық жағдайының тұрақтылығына қалай әсер етуін зерттеу шешуші роль атқарды. Жаңа қаржылық есептің маңызды ерекшеліктерінің бірі - онда жоспарлық көрсеткіштер мен нормативтердің жоқтығы болып табылады.

Нарық жағдайында қаржылық жоспарлау кәсіпорынға оның қызметі жөнінде көптеген параметрлерді сырттан бекітетін орталықтандырылған әкімшілік сипатты жояды. Ол, ең алдымен бәсекелестік нәтижесінде қарқынды өзгеріп отыратын нарықтық

конъюнктура жағдайында өзінің хал-жағдайын нығайтуға ұмтылатын кәсіпорынның шаруашылық әрекетінің икемді стратегиясы мен тактикасын жасауға қызмет етеді. Қаржылық қызметте нормативтерді пайдалану кәсіпорынның өз еркінде, сондықтан нормативтер туралы ақпараттар, коммерциялық құпияға айналады. Жоспарланған нормативтерден ауытқуды талдау, кәсіпорынның ішкі талдауының құрамдас бөлігі болып табылады. Бухгалтерлік есеп беруге негізделген қаржылық жағдайды талдау, сыртқы талдау сипатына ие болады, яғни бұл кәсіпорынның қызметі туралы ақпараттардың шектеулі бөлігінен тұратын есеп мәліметтері негізінде осы кәсіпорынның мүдделі контрагенттерінің - меншік иесі немесе мемлекеттік органдардың берілген кәсіпорынның шегінде жүргізетін талдауы. Қаржылық жағдайды ішкі талдау әдістемесі, әрбір кәсіпорын үшін тек потенциалды әріптестерін бағалау мақсатында ғана емес, сонымен қатар қаржылық есепті сыртқы пайдаланушылардың көзқарасы тұрғысынан алғандағы өзін-өзі бағалау үшін де қажет.

Қаржылық талдаудың тәжірибесі қаржылық есепті оқудың негізгі ережелерін қалыптастырды. Олардың ішінен алты негізгі әдісті бөліп қарастыруға болады:

- 1) көлденең талдау;
- 2) тікелей талдау;
- 3) трендтік талдау;
- 4) салыстырмалы талдау;
- 5) факторлық талдау;
- 6) қаржылық коэффициенттер әдісі.

Көлденең (уақытша) талдау - есеп берудің әрбір позициясын өткен кезеңімен салыстыру. Ол өткен кезеңдегімен салыстырғандағы бухгалтерлік есептің түрлі баптарының абсолюттік және салыстырмалы ауытқуларын анықтауға мүмкіндік береді.

Тікелей (құрылымды) талдау - әрбір есеп позициясының жалпы нәтижеге тигізетін әсерін айқындай отырып, қорытынды қаржылық көрсеткіштердің құрылымын анықтау. Ол жалпы баланс немесе оның бөлімдері бойынша қорытынды көрсеткіштегі жеке баптардың үлес салмағын анықтауға мүмкіндік береді. Мысалы, ұзақ және ағымдағы активтердің кәсіпорын мүлкінің жалпы

құнындағы, яғни баланс валютасындағы үлес салмағы және тағы басқалар.

Тікелей және көлденен талдаулар бірін-бірі толықтырып отырады. Сондықтан да есептік бухгалтерлік үлгі құрылымы секілді оның жеке көрсеткіштерінің динамикасын да сипаттайтын кестелерді жиі жасайды.

Трендтік талдау барлық көрсеткіштер 100% деп алынатын базистік жыл деңгейінен, бірқатар жылдар көрсеткіштерінің салыстырмалы ауытқуын есептеуге негізделеді. Басқаша айтқанда, трендтік талдау әрбір есеп позициясын бір қатар өткен кезеңдермен салыстыруды және трендті, яғни жеке кезеңдердің дербес ерекшеліктері мен кездейсоқ әсерлерінен тазартылған көрсеткіш динамикасының негізгі тенденциясын анықтауды көрсетеді. Трендтің көмегімен болашақтағы көрсеткіштердің мүмкін болатын маңызы қалыптасады, ал одан кейін перспективті, болжамдық талдау жүргізіледі.

Қаржылық талдаудың нарықтық экономика жағдайындағы көбірек таралған әдісі әр түрлі қаржылық коэффициенттерді пайдалану болып табылады.

Коэффициенттер салыстырмалы шамалар болып табылады, оларды есептеу кезінде шамалардың біреуін бірлік ретінде алып, ал екіншісін бірлікке қатынасы ретінде көрсетеді. Қаржылық коэффициенттерді есептеу баланстың жеке баптарының арасында болатын өзара байланыстарға негізделген. Олар кәсіпорынның қаржылық жағдайын кезекті факторлық талдау үшін алғашқы база болып табылады және олар талдау нәтижесінде талдау жүргізушіге жасырын құбылыстарды ашуға мүмкіндік беретін екі шаманың арасындағы өзара математикалық қатынастарды көрсетеді.

Шешімдер қабылдау үшін сәйкес коэффициенттерді талдаудың пайдалылығы оларды дұрыс түсіндіруге байланысты. Бұл - қатынастарды талдаудың ең қиын аспектісі, себебі ол осы қатынастардың қалыптасуының ішкі және сыртқы факторларын білуді талап етеді, мысалы, саладағы жалпы экономикалық жағдайлар, кәсіпорын басшылығының саясаты және басқалар. Қатынастарды үлкен байыптылықпен талдау қажет, өйткені тек бір ғана фактор алымына да, бөліміне де әсер етуі мүмкін. Негізінен қатынас деңгейі өткен кезеңдегі, теориялық дәлелденген салалық

қатынаспен салыстырылады. Қатынасты талдау болашаққа бейімделуі тиіс.

Қатынасты талдаудың ролін асыра бағалаудың да қажеті жоқ, себебі олардың әмбебап мәні болмайды және диагностика үшін индикатор болып табылмайды. Әлдеқайда тереңдетілген талдау, қатынас негізінде жасалған шешімдерді әрқашан қолдай бермейді, себебі олардың деңгейіне келесілер әсер етеді, жекелеген кәсіпорындардың ерекшеліктері орташа салалық мәліметтер. Сондай-ақ, өткен жылдардағы нақты қол жеткізілген деңгейдің қолайсыз болуы немесе оның сол өткен жылдар жағдайы үшін қолайлы болып, бірақ қазіргі және болашақтағы жағдайлар талаптарына сәйкес келмеуі әсер етеді.

Қаржылық талдауды салыстырмалы көрсеткіштер негізінде жүргізудің шетелдік тәжірибесін механикалық түрде көшіріп алу, көп жағдайда тиімсіз, себебі бұл жағдайда біздің кәсіпорындардың өз ерекшеліктеріне назар аударылмайды. Нәтижесінде бір көрсеткіштердің мүмкін болатын маңызы туралы берілген кеңестер кейбір кезде расталмайды. Дегенмен, қаржылық жағдайды талдау барысында салыстырмалы көрсеткіштерді зерттеу қажет болады, себебі ол болып жатқан жағдайларды түсінуге және де оларды тек ағымдағы мезетте ғана емес, сонымен қатар болашақта да дұрыс бағалауға мүмкіндік береді. Әлдеқайда кең таралған және зерттелген көрсеткіштерге мыналар жатады: өтімділік, қаржылық тұрақтылық, табыстылық және іскерлік белсенділік.

Салыстырмалы (кеңістіктік) талдау - бұл фирмалардың, еншілес фирмалардың, бөлімшелердің және цехтардың жекелеген көрсеткіштері бойынша есебінің құрама көрсеткіштерін шаруашылық ішіндегі талдау, сондай-ақ берілген фирманың көрсеткіштерін орташа салалық және орташа жалпы экономикалық мәліметтері бар бәсекелес фирмалардың көрсеткіштерімен салыстырғандағы шаруашылық аралық талдау болып тыбалады.

Факторлық талдау - бұл жекелеген факторлардың (себептердің) қорытынды көрсеткішке тигізетін әсерін зерттеудің детерминдік (анықтау) немесе реттелмеген тәсілдері көмегімен талдау. Сонымен қатар факторлық талдау қорытынды көрсеткіштерді оның құрамдас бөліктеріне жіктегенде - тура, ал оның жеке элементтерін жалпы қорытынды көрсеткішке біріктіргенде ол -кері (синтез) болуы мүмкін.

Кәсіпорынның қаржылық есептілігі, қаржылық талдаудың ақпараттық базасы ретінде

Кәсіпорынның шаруашылық қызметі барысында жалпы кәсіпорын қызметіне талдау жүргізіледі. Талдау жүргізу барысында қолданылатын талдау көздері екі топқа бөлінеді:

1. Есепті.
2. Есептен тыс.

Есепті талдаудың негізі келесі топтардан тұрады:

1. Бухгалтерлік есеп және есептемелер.
2. Статистикалық есеп және есептемелер.
3. Ішінара есептеу мәліметтері.

Бухгалтерлік есеп және есептемелер ол бүкіл шаруашылықтың құралу көздеріне, шаруашылық құралдарына талдау жасауда, бизнес жоспарының орындалуына, оған дәлірек анықтама бергенде қолданады.

Статистикалық есеп және есептемелер ол шаруашылықтың сандық және сапалық көрсеткіштерінің құралу көздерінің негізін құрайды.

Оперативті есеп және есептемелер ол шаруашылық қызметін белгілі бір бөлімшелеріне және цехтарында қолданылатын есептің түрі.

Ішінара талдау мәліметтері ол есептемелердегі көрсеткіштерге жан-жақты талдау болып есептелінеді.

Есептен тыс мәліметтер келесі көрсеткіштерден тұрады:

1. Кәсіпорынның ішкі ведомствалық және ведомствалықтан тыс материалдарын тексеру, ішкі және сыртқы аудит.
2. Зертханалық санитарлық тексерудің мәліметтері.
3. Салық инспекциясының мәліметтері.
4. Еңбек ұжымының мәліметтері.
5. Жиналыстың материалдары, хаттамалары, баяндамалары.

9 - тақырып. Баланстың өтімділігін талдау

Кәсіпорын активтері мен пассивтерінің құрылымын талдау

Баланс активтерінің құрамы мен құрылысының динамикасын талдау – кәсіпорынның барлық мүліктерінің және оның жекелеген түрлерінің абсолютті және салыстырмалы арту немесе кему мөлшерін белгілеуге мүмкіндік береді.

Қаржылық есептің негізгі элементі болып саналатын активтерді талдау барысында олардың нақты қолда бары, құрамы, құрылымы және оларда болған өзгерістер зерттеледі. Активтердің жалпы құрылымын және оның жеке топтарын талдау, олардың рационалды таратылуын талқылауға мүмкіндік береді.

Активтердің өсуі кәсіпорынның болашақта дамуын көрсететін болғандықтан ол осы кәсіпорын жұмысының оң нәтижесін сыйпаттайды.

Алайда, кәсіпорын мүлік құнының өсу себептерін талдағанда, жоғары деңгейі баланстық есептің номиналды көрсеткіштерінің нақты көрсеткіштерден айтарлықтай ауытқуына әкеліп соқтыратын инфляция әсерін ескеру қажет. Отандық тәжірибеде инфляцияны есепке алу, тек негізгі құралдардың баланстық құнын құру барысында жүргізіледі.

Пассивтерді тану. Пассивтер үш топтан: капитал, ұзақ мерзімді міндеттемелер және ағымдағы міндеттемелерден тұрады. Осы үш топ арқылы ұйымдар активтерінің қор көздері қалыптасады. Қандай да болмасын көздерден алынған қаражаттар, мейлі заңды және жеке тұлға, банк несиелері, қарызға алынған көздер болсын, осы ұйымның жеке меншігіндегі көздер мағанасында бухгалтерлік есептің балансына жазылады. Қарапайым тілмен айтқанда пассивтегі сомалар осы ұйымды несиелендірушілердің алашақтары болып табылады. Яғни несиелендірушілерден алынған көздер түптің түбінде қайтарылады. Сондықтан, активтер және пассивтер екі түрлі категорияға бөлініп, бухгалтерлік есеп балансының әр түрлі тармақтарында жүргізіледі. Осыған орай ешқашанда «пайда сомасының есебінен активтер алынды» деген ұғым қолданылмауы керек. Активтер тек қана ақшаның есебінен (ақша төлеу арқылы) қалыптасады. Мысалға бухгалтерлік балансқа 5 млн. теңгеге тең пайда сомасы жазылса, бұл сома осы ұйымның кассасындағы немесе есеп айырысу шотындағы ақша деп саналмауы керек. Ұйымдар есебінде аса көп мөлшерде таза пайда сомасы бола тұрса да, кейбір жағдайда осы ұйымның еңбек ақы төлеуге нақтылы ақшасының болмай қалатындығын есте сақтаған жөн. Дәл осындай ұғым «капитал» өрісінде де танылып, капитал тек қана арнайы көздерден туындайтындығын, өзі ақша емес екендігін білдіреді.

Қаржылық тұрақтылықты талдау

Кәсіпорынның қаржы жағдайы осы кәсіпорынның белгілі бір кезеңдегі қаржылық тұрақтылығын және оның өз шаруашылық қызметін үздіксіз жүргізуі мен өзінің қарыз міндеттемелерін уақтылы өтеуі үшін қаржы ресурстарымен қамтамасыз етілуін көрсетеді.

Ал кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығы нені білдіреді? Бұл сұрақ та арнайы оқулықтарда түрліше түсіндіріледі. Бір авторлар қаржылық тұрақтылықты "өз қаражаттарын шебер пайдалану қабілеттілігі, жұмыс процесінде үздіксіздігін қамтамасыз ететін қаржының жеткілікті болуы" деп түсіндіреді. Қаржылық тұрақтылық - меншікті және қарыз қаражаттарының байланысы деп жазады.

Енді біреулер "өз қаражаттары есебінен активтерге (негізгі қорлар, материалдық емес активтер, айналым қаражаттары) жіберілген қаражаттарды жабатын, сондай-ақ өтелмеген дебиторлық-кредиторлық қарыздарға жол бермейтін және де өз міндеттемелерін уақтысында қайтаратын шаруашылық субъектілері қаржылық тұрақты болып табылады" деп жазады.

Бұл ұғымды А.Д. Шеремет пен Р.С. Сайфуллин өте ықшам түрде анықтайды. Олардың ойынша "Қаржылық тұрақтылық - бұл әрдайым төлем қабілеттілігін кепілдендіретін кәсіпорынның белгілі бір шоттар жағдайы".

В.М. Радионова мен М.А. Федотова бұл ұғымды келесідей түсіндіреді: "Кәсіпорында тұрақты қалыптасқан табыстың шығыннан артуының өзіне тән айнасы - қаржылық тұрақтылық болып табылады. Ол ақша қаражаттарын еркін пайдаланып, оларды тиімді қолдану арқылы өндіру мен өнімді өткізу процесінің үздіксіздігін қамтамасыз ететін, сондай-ақ кәсіпорынды кеңейтуге және жаңартуға қажетті шығындарын қаржыландыратын кәсіпорынның қаржы ресурстық жағдайын сыйпаттайды. Қаржылық тұрақтылық кәсіпорынның жалпы тұрақтылығының негізгі бөлігі болып табылады". Осы еңбегінде бұл авторлар одан әрі мына анықтаманы келтіреді.

"Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығы - бұл тәуекелділікті мүмкін болатын деңгейінде төлем қабілеттілігі мен несие қабілеттілігін сақтай отырып, табысты өсіру негізінде қаржыны тарату мен пайдалану арқылы кәсіпорынның дамуын көрсететін қаржы ресурсының жағдайы".

В.Г. Артеменко мен М.В. Беллендир бұл ұғымды былай түсіндіреді: "Қаржылық тұрақтылық - бұл табыстың шығыннан тұрақты дәрежеде артуы. Ол ақша қаражаттарын еркін пайдалануды қамтамасыз етеді және оларды тиімді пайдалану арқылы өндіру мен өнімді сату процесінің үздіксіз болуына жағдай жасайды. Сондықтан да қаржылық тұрақтылық барлық өндіріс-шаруашылық қызметі процесінде қалыптасады және кәсіпорынның жалпы тұрақтылығының негізгі бөлігі болып табылады". Ал кәсіпорынның жалпы қаржылық тұрақтылығы, ол ең алдымен әрдайым табыстың шығындардан артуын қамтамасыз ететін ақша ағымының қозғалысын көрсетеді. Нарық жағдайында ол ең бірінші өнімді (жұмыс, қызмет) өткізуден түсетін табыстың тұрақтылығын талап етеді және оның мөлшері мемлекетпен, жабдықтаушылармен, несие берушілермен, жұмысшылармен және тағы басқалармен есеп айырысу үшін жеткілікті дәрежеде болуы тиіс. Сонымен қатар кәсіпорынның одан әрі дамуы үшін барлық есеп айырысулар мен барлық міндеттемелерді орындағаннан кейін, осы кәсіпорында өндірісті дамытуға, оның материалдық-техникалық базасын жаңартуға және әлеуметтік климатты жақсарту мен басқаларға мүмкіндік беретіндей дәрежеде табыс қалуы қажет.

Айта кету керек, біз қаржылық тұрақтылық ұғымын қарастырғанда соңғы айтылған авторлардың көзқарастарын бөлек қарастырдық, әйткенмен біз олардың кейінгі шешімдерімен келісе алмаймыз. "Қаржылық тұрақтылықтың мәні - қаржы ресурстарын тиімді қалыптастыру, тарату және пайдаланумен анықталады" -деп жазады В.Т. Артеменко мен М.В. Беллендир

Біздің ойымызша бұл ұғымды А.Д. Шеремет пен В.С. Сайфуллин дәлірек және анығырақ түсіндіреді. Олар қаржылық тұрақтылықтың мәні - бұл қорлар мен шығындардың қалыптасу көздерінен қамтамасыз етілуі -деп түсіндіреді.

Э.А. Маркарьян мен Г.П. Герасименко да дәл осындай көзқараста. "Кәсіпорынның өз міндеттемелері бойынша есептесу мүмкіндігі" немесе "Сауда, несие және басқа да төлем сипатындағы операциялардың нәтижесінде пайда болатын кәсіпорынның төлем міндеттемелерін уақтылы және толық орындау мүмкіндігін көрсететін төлем қабілеттілігі, қаржылық тұрақтылықтың сыртқы көрінісі болып табылады". Кәсіпорынның жұмысы нарық

жағдайына өтумен бірге оның қаржылық жағдайы мен оны сауықтыру жолдарын іздеу жөніндегі сұрақтар да шиелінісе түсті.

Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылық жағдайына көптеген факторлар әсер етеді, оларды В.М. Радионова және М.А. Федотова келесідей түрлерге жіктейді:

- 1) пайда болу орнына байланысты - ішкі және сыртқы;
- 2) нәтижесінің маңыздылығына байланысты - негізгі және негізгі емес;
- 3) құрылысы бойынша - қарапайым және күрделі;
- 4) әрекет ету уақыты бойынша - тұрақты және уақытша.

Ішкі факторлар кәсіпорынның өзінің жұмысын ұйымдастыруына байланысты болады, ал сыртқы факторлар кәсіпорын еркіне бағынышты емес.

Негізгі ішкі факторларды қарастырайық. Кәсіпорынның тұрақтылығы ең бірінші өндіріс шығындарымен үздіксіз байланысқан өндірілген өнім мен көрсетілген қызметтің құрамы мен құрылымына тәуелді. Сондай-ақ, тұрақты және айнымалы шығындар арасындағы қатынас маңызды болып табылады.

Кәсіпорынның өндірілетін өнім және өндіріс технологиясымен тығыз байланысқан қаржылық тұрақтылығының маңызды факторларының бірі - активтердің тиімді құрамы мен құрылымы, сондай-ақ кәсіпорынның басқару стратегиясын дұрыс таңдап алуы болып табылады. Ағымдағы активтерді басқару өнері - кәсіпорынын шотында оның ағымдағы жедел қызметі үшін қажет болатын қаржының ең төменгі сомасын ұстаудан тұрады.

Қаржылық тұрақтылықтың ішкі, маңызды факторларының бірі - бұл қаржы ресурстарының құрамы мен құрылымы, оларды басқару стратегиясы мен тактикасының дұрыс таңдалып алынуы. Кәсіпорынның өз қаржы ресурсы, соның ішінде таза табысы қаншалықты көп болса соншалықты ол өзін жайлы сезіне алады. Төлем қабілеттілігін және өтімділігін талдау. Меншікті капиталдың қажетті өсімін талдау

Баланс өтімділігін талдау мәселесін қарастырар алдында жалпы активтердің, баланстың және кәсіпорынын "өтімділігін" анықтап алу керек. Өтімділіктің екі тұжырымдамасы белгілі. Бірінші «тұжырымдама бойынша өтімділік: кәсіпорынның өзінің қысқа мерзімді міндеттемелерін өтеу қабілеттілігі ұғынылады. Мысалы,

өтімділік-"кәсіпорынның өзінің қысқа мерзімді міндеттемелері бойынша төлеу қабілеттілігі", дәл осынысымен, оның пікірінше, өтімділік төлеу қабілеттілігі өзгешеленеді.

"Өтімділік дәрежесі, оның түрлену уақыты асырылатын уақыттың ұзақтығымен анықталады, қысқа болған сайын, осы активтің өтімділігі жоғары болады", - деп жазады.

Өтімділік дәрежесіне, яғни ақша қаражаттарына айналу жылдамдығына байланысты кәсіпорын активтері келесідей топтарға бөлінеді.

A_1 Ең өтімді активтер. Әлемдік тәжірибеде бұларға кәсіпорынның ақша қаражаттарының барлық баптары және құнды қағаздары жатады.

Ақша қаражаттары мен құнды қағаздар (қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар) - айналым қаражатының ең жылдам бөлігі. Ақшамен бірден есеп айырысуға болады, ал құнды қағаздар қолма-қол ақшаға айналады.

A_2 Тез өткізілетін активтер. Бұларға қысқа мерзімді дебиторлық борыш пен басқа да активтерді жатқызады. Дебиторлық борыш сомалары есеп айырысу шотына белгілі бір уақытта келіп түсіп, бұлар да өз міндеттемелерін төлеуге жұмсалуды мүмкін. Есеп айырысу құжаттары бойынша жіберілген, сатып алушылар уақытында төленбеген тауарлар бойынша, төлеу уақыты ұзарып кеткен борыштардың өтімділігі анағұрлым төмен, себебі төлемнің қашан келіп түскені белгісіз. Бірақ нарықтық экономикада уақытында қайтарылмайтын борыштар көбіне болмайды, себебі оны қайтарып алуға алдын ала шаралар қолданылады. Кез келген дебитор айыппұл төлеу қаупінен тіпті банкрот болып жарияланудан қорқып, өзінің қарыздарын уақытында төлеуге тырысады. Сондықтан нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеп жатқан кәсіпорынның өтімді қаражаттарын есептегенде ақша қаражаттарына қысқа мерзімді дебиторлық борышын да қосады. Бірақ әлі қалыптаспаған нарықтық экономика, инфляция, әріптестер арасында шаруашылық байланыстар бұзылған жағдайларда дебиторлық борыштың барлығы бірдей ақша қаражатына тез айнала алмайды.

Күмәнді дебиторлық борыштың үлесінің көп болуы кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығына қауіп төндіруі мүмкін.

Сатуға арналған дайын өнім және материалдық құндылықтар қорының өтімділігі бұдан да төмен болады, олар негізінен келесі топты құрайды.

А₃ Баяу өткізілетін активтер. Баланс активінің II бөлімінің "Тауарлы-материалдық қорлар" бабы және баланс активтінің I бөліміндегі "Ұзақ мерзімді инвестициялар" (жарғылық қорға басқа кәсіпорындардың салған салымдар мөлшеріне азайтылған) бабы.

Бірақ бұл кезде "Алдағы кезең шығындары" бабы есепке алынбайды. Бұл топтың активтерін ақшаға айналдыру қиынырақ: бірінші сатып алушыны тауып алу қажет, ал бұл оңай емес және белгілі бір уақытты керек етеді. Әсіресе бұл аяқталмаған өндіріске тиісті: егер, мысалы, темір қаңылтырды сатып алушыны табу оңай болса, одан жасалған штампталған жартылай өнімді сатып алушыны табу анағұрлым қиын. Бұл белгілі бір бұйымды дайындауға арналған жартылай өнім барлық адамға бірдей керек емес болуы мүмкін. Сондықтан немістер өтімді активтерді есепке алғанда аяқталмаған өндірістің құнын қоспайды. Алайда американ кәсіпорындарының аяқталмаған өндіріс құнын өтімді активтердің құнына қосуға жол береді.

А₄ Қиын өткізілетін активтер - баланс активінің I бөлімінің алдындағы топтарға еңгізілген баптарынан басқа барлық баптары. I бөлім жиынынан "Ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар" бабы бойынша соманың бір бөлігі ғана алынып тасталынғандықтан, қиын өткізілетін активтер құрамында басқа кәсіпорындардың жарғылық капиталға салған салымдары ғана есепке алынады.

Баланс активінің баптары оларды өтімділік дәрежесі бойынша топтағанда, басты орынды ең өтімді және әр жақты меншік нысаны алады - кассадағы, банктегі есеп айырысу, валюта және ағымдағы шоттардағы қаражаттары. Бұдан кейін бағалы қағаздарға салынған мерзімді қаржылық инвестициялар, дебиторлармен есеп айырысулар тұрады. Активтің бұл қарастырылған баптары негізінен кәсіпорынның "өтімділігін" (Өтімді капиталын), яғни активтің бірінші кезектегі міндеттемелерді төлеу үшін қаражаттар алынатын бөлігін көрсетеді. Өтімділігі бұдан төмен элементтер тауарлы-материалдық қорлар мен негізгі капиталдың баптарына топтастырылады.

Баланс пассивтері оларды қайтару, төлеу уақытының мерзіміне байланысты топтастырылады.

П₁ Неғұрлым тезірек төленуге тиісті міндеттемелер - бұларға уақытында төленбеген кредиторлық борыш, қарыздар, басқа да қысқа мерзімді міндеттемелер, жұмыскерлер мен олардың алған қарыздары бойынша есеп айырысу көлемінен асқан мөлшерде - жұмыскерлерге берілген қарыздар жатады. Бұл берілген мөлшерден асу банктің мақсатты қарыздарын (несиелерін) өз мақсаты бойынша пайдаланбағандығын білдіреді және сондықтан тезірек өтеу үшін неғұрлым өтімді активтермен қамтамасыз етілуі тиіс.

П₂ Қысқа мерзімді міндеттемелер - қысқа мерзімді несиелер мен заемдар және жұмыскерлерге арналған қарыздар.

П₃ Ұзақ мерзімді міндеттемелер - ұзақ мерзімді несиелер мен заемдар.

П₄ Тұрақты міндеттемелер - пассивтің I бөлімінің "Меншікті капитал" баптары. Актив пен пассивтің балансын сақтау үшін бұл топтың жиыны баланс активінің "Алдағы кезең шығындары" бабы бойынша азайтылады.

Баланс өтімділігін анықтау үшін актив пен пассив бойынша келтірілген топтар жиындарын салыстыру керек. Баланс толық өтімді деп келесідей қатынастарда саналады:

$$A_1 > P_1$$

$$A_2 > P_2$$

$$A_3 > P_3$$

$$A_4 < P_4$$

Басқа сөзбен айтқанда, егер активтің сол алғашқы үш теңсіздігінің әрбір тобы кәсіпорынның сәйкес міндеттемелер тобын жапса немесе оған тең болса баланс өтімді болады, кері жағдайда баланс өтімді емес.

Кәсіпорынның төлем қабілеттілігі оның тұрақтылығының маңызды белгілерінің бірі және сондықтан онымен тығыз байланысты болады. Сол себепті нарық экономикасы жағдайында оған көп көңіл бөлінеді.

Арнайы есептік-талдау әдебиеттерінде төлем қабілеттілігін анықтау жөнінде әр түрлі көзқарастар кездеседі. Қаржылық талдау бойынша кейбір авторлар төлем қабілеттілігі ретінде кәсіпорынның өзінің ұзақ мерзімді міндеттемелері бойынша есептесе алу қабілеттілігін түсінеді. Мысалы, О.С. Ефимова төлем қабілеттілігі: "кәсіпорынның өзінің ұзақ мерзімді міндеттемелері бойынша

есептесе алу қабілеттілігін түсіну қабылданған", - деп жазады. "Фирманың қызметін қаржылық талдау" кітабының авторлары да осы көзқарасты ұстайды.

"Төлем қабілеттілігін, - деп жазады олар, - компанияның ұзақ мерзімді қарыздарын уақыты келген кезде өтеу қабілеттілігін анықтау үшін бағалайды".

"Төлем қабілеттілігі, - бұл кәсіпорынның кредиторлары жағынан төлемдер туралы қойылған талаптары қарыздарын өтеуге дайындығы". Сөз, тек қысқа мерзімді қарыздар туралы екендігі анық. Ұзақ мерзімді қарыздарды қайтару мерзімі алдын ала белгілі болады. Төлем қабілеттілігі бұл барлық қысқа мерзімді міндеттемелер бойынша қарыздарды өтеу және өнім өндіру процесін үзіліссіз асыру үшін жеткілікті қаржының болуы. "Төлем қабілеттігі-бар ақша сомасының белгілі бір мерзімді жедел төлемдердің сомасына қатынасын көрсететін төлем қабілеттілігінің коэффициенті арқылы көрінеді. Егер төлем қабілеттілігінің коэффициенті бірден үлкен немесе тең болса, онда бұл шаруашылық жүргізуші субъект төлем қабілетті екенін білдіреді. Егер төлем қабілеттілігінің коэффициенті 1-ден аз болса, онда талдау процесінде төлем қаражаттарының жетіспеу себептерін анықтау керек".

Қысқа мерзімді міндеттемелер жайлы болса да, бұл түсінікті профессор А.Д. Шеремет (2) басқаша ашып көрсетеді. Ол "кәсіпорынның төлем қабілеттілігі деп өз уақытында техника және материалдармен жабдықтаушылардың төлем талаптарын қанағаттандыру, несиелерді қайтару, қызметкерлер еңбегінің төлемін жүргізу, бюджетке төлемдер енгізу қабілеттілігімен түсіндіріледі" деп жазады. Төлем қабілеттілігінің өте қысқа және дәлірек анықтамасын профессор В.П. Кондраков «төлем қабілеттілігі - бұл кәсіпорынның өз міндеттемелері бойынша есеп айырыса алу мүмкіндігі» деп нақтылайды.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, кәсіпорынның төлем қабілеттілігі деп, оның дер кезінде өзінің барлық міндеттемелері бойынша төлемдер жүргізуге дайындығын түсіну керек деп есептейміз. Бірақ бұл үшін кәсіпорынның есеп айырысу, валюта және басқа да шоттарында ақшалары болуы керек.

Қарыздарды өтеу үшін құралдардың айналымы кезінде ақшаға айналуы тиіс дебиторлық борыштар потенциалды құрал болып табылады.

Қарыздарды өтеу үшін құралдар сонымен бірге кәсіпорында бар тауарлы-материалдық құндылықтардың қоры бола алады. Оны сатып кәсіпорын ақша қаражатын алады.

10 - тақырып. Қаржылық коэффициентті талдау

Ағымдағы төлем қабілеттілігін талдау кезінде сандық көрсеткіштерден басқа, сапалық сипаттамаларын білу керек.

Кәсіпорынның перспективті төлем қабілеттілігін үшін кәсіпорын активіндегі ақша қаражатына алатын жылдамдық және дайындықты сыйпаттайтын өтімділіктің статистикалық көрсеткіштері кеңінен пайдаланылады.

Үш көрсеткіш жиі қолданылады:

- 1) абсолютті өтімділік коэффициенті;
- 2) аралық өтеу (жабу) коэффициенті;
- 3) жалпы өтеу (жабу) коэффициенті.

Абсолютті өтімділік коэффициенті (жеделдік коэффициенті) ақша қаражаттары мен тез өткізілетін бағалы қағаздардың мерзімді және қысқа мерзімді міндеттемелерге қатынасы ретінде есептеледі. Ол баланс жасалған мерзімінде немесе жақын мезгілде ағымдағы қарыздардың қандай бөлігі өтелетінін көрсетеді.

Осы көрсеткіштің дұрыс шектеуі келесі түрде болады:

$$K_{a\theta} > 0,2+0,5.$$

Бұл - ағымдағы міндеттемелердің қандай бөлігі жедел өтелуі керек екендігін көрсететін төлем қабілеттілігінің қатаң белгісі.

Аралық өтеу коэффициентін есептеу үшін (немесе басқа аталуы: қауіпті өтім коэффициенті,) ақша қаражатының алдыңғы көрсеткішін алымына дебиторлық және басқа да активтер қосылады. Ол кәсіпорынның дебиторлармен өз уақытында есеп жүргізу жағдайында болжамданған төлемдік мүмкіндігін көрсетеді, яғни ағымдағы міндеттемелердің қандай бөлігі тек ақша қаражаты есебінен емес, сонымен қатар өткізілген өнімдер, орындалған жұмыстар немесе көрсетілген қызметтер үшін түсімдер есебінен өтелетінін сыйпаттайды.

Айналым қаражатының өтімді бөлігінің яғни тауарлы-материалдық қорларды есептемегенде ағымдағы міндеттемелерге қатынасын ашып көрсететін көрсеткіштің есебі айналым құралдарының жеке категорияларының өтімділігі бірдей еместігінен шығып отыр.

Аралық өтеу коэффициентінің қалыпты төменгі шегін бағалау былайша өрнектеледі:

$$K_{ap.\theta} > 1.$$

Қауіпті өтімділік коэффициенті кәсіпорынның күтілетін төлем қабілеттілігін дебиторлық борыштың бір айналымының орташа ұзақтығына тең кезеңге сыйпаттайды.

Ағымдағы өтімділік коэффициенті (жалпы өтеу коэффициенті) барлық ағымдағы активтердің жедел және қысқа мерзімді міндеттемелердің көлеміне қатынасын көрсетеді. Ол ағымдағы активтер мен міндеттемелердің қандай есесін өтейтінін белгілеуге мүмкіндік береді және дебиторлармен өз уақытында есеп айырысу және дайын өнімді тиімді өткізу жағдайларында ғана емес, сонымен бірге материалды айналым құралдарының басқа элементтері қажет болған кезде сату жағдайында бағаланатын кәсіпорынның төлемдік мүмкіндіктерін көрсетеді.

Жалпы өтеу коэффициенті өтімді құралдар жедел және қысқа мерзімді міндеттемелерінің сомасын өтейтінін белгілеуге мүмкіндік береді және сонымен баланс құрлымының тұрақтылық дәрежесін ғана емес, кәсіпорынның өзінің қысқа мерзімді қарыздары бойынша тез есептесе алу қабілеттілігін дәлелдейді.

Жалпы өтеу коэффициенті өндіріс сипатына байланысты күрт ауытқуы мүмкін. Оның деңгейіне тиелген тауарлар мен көрсетілген қызметтермен есеп айырысу нысандары, өндіріс циклінің ұзақтығы, тауарлы-материалдық құндылықтар қорларының құрылымы және басқалар әсер етеді. Берілген көрсеткіш үшін мына шектеу қалыпты мән болып табылады:

$$K_{a\theta} > 2$$

Берілген шектеу кәсіпорынның өтімді құралдарға немесе қаражаттарға тиімді қажеттілік деңгейі, ағымдағы

міндеттемелерден 2 есе асуы қажет екендігін көрсетеді. Ағымдағы өтімділік коэффициенті барлық айналым қаражаттарының бір айналымының орташа ұзақтығына тең кезеңдегі кәсіпорынның күтілетін төлеу қабілеттілігін сипаттайды.

Рентабельділік және табыстылық коэффициенттері. Қорларды тиімді пайдалану көрсеткіштері

Табыстылықтың салыстырмалы көрсеткіштеріне нарықтық экономика жағдайындағы кәсіпорынның қаржылық қызмет жасау, қаржыландыру көздерін ынталандыру және оларды тиімді пайдалану сияқты мүмкіндіктерін анықтайтын, осы кәсіпорын қызметінің тиімділігін сыйпаттайтын көрсеткіштері жатады. Олар кәсіпорын қызметін түрлі бағытта белгілейді және олар экономикалық процеске қатысушылардың мүдделеріне сай топтастырылады.

Табыстылық коэффициенттері салыстырмалы талдау мен кәсіпорынның қаржы жағдайын бағалаудың міндетті элементтері болып табылады, өйткені олар кәсіпорын табысын қалыптастырудың факторлық ортасын сыйпаттайтын маңызды көрсеткіштер.

Табыстылық көрсеткіштері 3 топқа бөлінеді:

- а) жалпы активтер (авансталған, жиынтық капитал) және олардың жекелеген элементтері;
- ә) өнімдер;
- б) ақша қаражаттарының таза ағымы (немесе түсімі) негізінде есептелетін табыстылық көрсеткіштері.

Кәсіпорын активтерін (мүлкін) пайдалану тиімділігі - берілген кәсіпорынға қаражаттар салудың дұрыстығы туралы шешімдер қабылдауда қажетті әрі маңызды белгілердің бірі болып саналады.

Кәсіпорын мүліктерінің (активтерінің) тиімділігін өлшеудің бірден-бір дұрыс, танылған әрі кең тараған қорытындылаушы көрсеткіштерінің бірі - табыстылық коэффициенті, ол таза табыстың жалпы активтерге (авансталған капиталға) қатынасын көрсетеді. Активтердің табыстылық деңгейін капиталды пайдаланудың таңдау жолдарымен, мысалы, кәсіпорынның алған табысымен салыстырған жөн.

Табыстылық коэффициентіне талдау жүргізгенде

- басқару тиімділігінің көрсеткіштері;

- кәсіпорынның инвестициялау мақсатында қажетті табысты жеткілікті түр де ала алу қабілетін көрсететін өлшеуіш;
- табысты болжау әдісі;
- шешім қабылдау және бақылау құралы ретінде пайдаланады.

Басқару тиімділігінің көрсеткіші ретінде, авансталған капиталдың табыстылық деңгейі оның сапасының индикаторы болып табылады. Кәсіпорынның инвестициялауға қажетті табысты жеткілікті көлемде алу мүмкіндігін білдіретін өлшеуіш ретінде, авансталған (жалпы) капиталдың табыстылық деңгейі кәсіпорынның ұзақ мерзімді қаржылық тұрақтылығының сенімді көрсеткіші болып саналады. Осыған байланысты ол, инвесторлар мен ұзақ мерзімді несиелер, заем берушілердің үлкен назарына ие болады.

Бұл көрсеткішті табысты (пайданы) болжау мақсатында пайдаланудың тиімділігі сонда, ол кәсіпорынның болашақта алынатын табысын активтермен (жалпы капитал) байланыстыруға мүмкіндік береді. Бұл болжаудың нақтылығын жоғарылатады.

Активтердің тиімділік деңгейі, кәсіпорындарда инвестициялық шешімдер қабылдауда, қаржылық жоспарлауда, үйлестіруде, сондай-ақ шаруашылық қызметі мен оның нәтижесін бақылау мен бағалауда маңызды роль атқарады. Үлгілі басқарылатын кәсіпорын, табыстың қалыптасуын, оның әрбір орталықтары бойынша қатаң түрде бақылап отырады және сәйкесінше осы нәтижелер негізінде бөлімше басшыларына сыйақылар беріледі. Активтерге немесе жобаларға жаңа қаржы салымдарын салу қажеттілігін бағалаған кезде, олардан алынатын табыс есептеледі және бұл есептер, шешімдер қабылдауда негіз болып табылады.

Барлық активтердің тиімділік деңгейі (авансталған, жиынтық капитал) мына формула бойынша есептеледі:

$$\text{Да} = \frac{\text{Таза табыс}}{\text{Барлық активтер (авансталған, жиынтық капитал баланс валютасы)}} =$$


10.1-кесте

Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылық қорын және рентабельділік шегін есептеу

Р/с	Көрсеткіш	Базистік жыл	Есептік жыл
1.	Өнімді өткізуден түсім, мың теңге	69000	99935
2.	Пайда, мың теңге	14500	19296
3.	Сатылған өнімнің толық өзіндік құны, мың теңге	54500	80639
4.	Ауыспалы шығын сомасы, мың теңге	37060	54149
5.	Тұрақты шығын сомасы, мың теңге	17440	26490
6.	Маржиналдық кіріс сомасы, мың теңге	31490	45786
7.	Түсімдегі маржиналдық кіріс сомасы, мың теңге	46,28	45,82
8.	Рентабельділік шегі, мың теңге	37685	57813
9.	Қаржылық тұрақтылық қоры:		
	- мың теңге	31315	42122
	- %	45,4	42,1

Қаржылық тұрақтылық қорын графикалық сызба ретінде көруге болады. (10.1-сурет). Х өсіне - өнімді өткізу көлемі, ал у өсіне – тұрақты, ауыспалы шығындар және пайда сомасы түсіндіріледі. Түсім мен шығын қиылысқан жері рентабельділік шегі болып табылады. Бұл нүктеде түсім шығынға тең. Одан жоғары пайда аймағы, ал одан төмен – зиян аймағы. Түсімнің осы нүктеден жоғарыға дейін - қаржылық тұрақтылық қоры болып табылады.

Қаржылық тұрақтылық қоры (қауіпсіздік аймағы) сату көлемінің зиянсыздық нүктесі мен түсімнің өзгеру әсеріне байланысты. Түсім өз кезегінде өнімді өткізу саны, оның құрылымы мен орташа өткізу бағасы әсерінен, ал өнімді сату көлемінің зиянсыздық нүктесі ауыспалы шығындар мен жіберу бағасы, сату құрылымы, тұрақты шығын сомасы әсерінен өзгереді.



10.1-сурет. Қаржылық тұрақтылық қорын анықтау

Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау кезінде оның қаржылық тұрақтылық қорын білу керек. Осы мақсатпен кәсіпорынның барлық шығындарын өндірген өнім көлеміне және тұрақты етіп бөлу қажет, маржиналдық кірісті және оның өнімді өткізудегі түсімдегі үлес сомасын анықтау керек. Содан кейін әдістеме бойынша, сату көлемінің зиянсыздық нүктесін есептеу қажет (рентабельділік шегі), яғни кәсіпорынның тұрақты шығынын қайтару үшін қажетті түсім сомасы. Бұл жағдайда пайда да, зиян да болмайды. Мұндай түсім кезінде рентабельділік нольге тең болады.

Рентабельділік шегі – сатылған өнімнің өзіндік құнындағы тұрақты шығынның түсімдегі маржиналдық кіріс үлесіне қатынасы.

Рентабельділік шегі = Сатылған өнімнің өзіндік құнындағы тұрақты шығын / Түсімдегі маржиналдық кіріс үлесі

Егер, рентабельділік шегі белгілі болса, онда қаржылық тұрақтылық қорын (ҚТҚ) есептеу қиын емес.

$$\text{ҚТҚ} = \text{Түсім} - \text{Рентабельділік шегі} / \text{Түсім} * 100$$

Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылық қорын сыйпаттайтын көрсеткіштердің бірі, оның төлемқабілеттілігі, яғни өзіндік ақшалай ресурстармен қолма қол өзінің төлемдер міндеттемелерін өз уақытында жабу (өтеу).

Төлем қабілеттілік – кәсіпорынның қаржылық жағдайын, оның тұрақтылығын білдіреді.

Төлем қабілеттілігін талдау – кәсіпорынның қаржылық қызметін жоспарлау (болжау) және бағалау мақсатында ғана емес, сонымен қатар ішкі инвесторлар үшін де қажет. Ең бірінші несиелік бермес бұрын банк қарыз алушының несиелік қабілеттілігін білуі қажет.

Кәсіпорынның төлем қабілеттілігін анықтау үшін жою дәрежесі бойынша ағымдық активтерді топтастыру керек. Осының

негізінде ағымдық жою (жабу) коэффициенті, тез жабу коэффициенті, абсолюттік жою коэффициенті анықталады.

Ағымдық жою коэффициенті (қарызды жабу коэффициенті) барлық ағымдағы актив сомаларының қысқа мерзімдік міндеттемелердің жалпы сомасына қатынасы. Ол ағымдық активтер ағымдағы пассивтердің жабу дәрежесін көрсетеді.

$$\text{Ағымдық жою (жабу)} = \frac{\sum \text{Ағымдық активтер} + \text{аяқталмаған өндіріс}}{\sum \text{Қысқа мерзімдік міндеттемелер}}$$

$$K \text{ тез жою} = \frac{I + II \text{ топ}}{\sum \text{қысқа мерзімдік міндеттемелер}}$$

$$K \text{ абс. жою} = \frac{I \text{ топ}}{\sum \text{Қысқа мерзімдік қарыздар}}$$

10.2-кесте

Жою дәрежесі бойынша ағымдық активтерді топтастыру

Р/с	Ағымдық активтер	Баз жыл	Есепті жыл
1	Ақшалай қаржылар	3440	4045
2	Қысқа мерзімдік қаржылық салымдар	1600	1460
	I топ бойынша барлығы	5040	5505
3	Дайын өнім	2125	3545
4	Тиелген тауарлар	5000	8900
5	Дебиторлық қарыздар	1615	1750
	II топ бойынша барлығы	8740	14195
6	Дебиторлық қарыздар	-	-
7	Өндірістік қорлар	10000	13500
8	Аяқталмаған өндіріс	4220	4800
9	Болашақ кезеңдік шығындар	-	-
	III топ бойынша барлығы	14220	18300
10	Ағымдағы активтердің барлығы	28000	38000
11	Қысқа мерзімдік қаржылық міндеттемелер	15700	22000

1) Ағымдағы активтер – ағымдағы активтердің ағымдағы пассивтерді табу дәрежесін көрсетеді

$K > 2$ болса, онда қанағаттанарлық үлкен

2) Тез жою коэффициенті

$$K = 0,7 - 1,0$$

3) Абсолюттік жою коэффициенті – шамасы жоғары болған сайын қарызды жабуға көбірек кепілдік бар екендігін білдіреді.

$$K = 0,20 - 0,25$$

20-25% кәсіпорын ағымдық қарыздарын жапса, төлем қабілеттілік қанағаттарлық

11-тақырып. Қаржылық нәтижелерді талдау

Табыстың динамикасы мен құрылымын талдау

Кәсіпорын қызметінің қаржылық нәтижесін алынған пайда сомасы және рентабельділік деңгейі айқындайды. Кәсіпорын пайдасы негізінен өнім өткізуден, сонымен бірге қызметтің басқа түрлерінен де (негізгі қорларды арендаға беруден, валюталық және қаржылық биржалардағы коммерциялық қызмет) түседі.

Пайда – бұл, өнімді өткізуден кейінгі шаруашылық субъектілерінен алатын, таза табыстың бір бөлігі. Өнімді сатқаннан кейін ғана таза табыс пайда формасын алады. Ол сандық түрде, таза түсіммен (табыс салығына төленгеннен кейінгі, акциздік салық және бюджеттік, бюджеттік емес қорларға түсімнен басқа да аударымдар) өнімнің толық өзіндік құнының өзара айырмасын көрсетеді.

Яғни, кәсіпорын көп рентабельді өнім өткізсе, соғұрлым пайда көп алады, соғұрлым оның қаржылық жағдайы жақсарады. Сондықтан қызметтің қаржылық нәтижесі өнімді өткізумен және пайдаланумен тығыз байланысын оқуды көрсетеді.

Өткізу көлемі және пайда шамасы, рентабельділік деңгейі кәсіпорынның өндірістік, жабдықтаушы, маркетингтік және қаржылық қызметіне байланысты, басқа сөзбен айтқанда, бұл көрсеткіштер шаруашылықты барлық жағынан сыйпаттайды.

Қызметтің қаржылық нәтижесін талдаудың негізгі есебі болып табылатындар:

- пайда алу және өнімді өткізудің жоспар орындалуына жүйелік бақылау;

- қаржылық нәтижесіне объективті және субъективті факторлардың әсерін анықтау;

- рентабельділік және пайда соммаларын арттыру резервтерін айқындау;

- рентабельділік және пайданы арттыру мүмкіндіктерін пайдалану бойынша кәсіпорын жұмысын бағалау;

- айқындалған резервтер бойынша шараларды құрастыру.

Пайданың қаржылық нәтижесін талдау кезінде хабарламаны алудың қайнар көздеріне «Пайда және шығын туралы есеп беру», «Кәсіпорынның бизнес жоспары» бөлімдері жатады.

Шаруашылық қызметіне талдау процесінде келесі пайда көрсеткіштері қолданылады: баланстық пайда, қызмет және жұмыс, өнімді өткізуден пайда, өткізуден тыс операциялардан қаржылық нәтижелер, салық салынатын пайда, таза пайда.

Таза пайда – барлық салықтарды төлегеннен кейінгі кәсіпорын қарамағында қалатын пайда бөлігі.

Өнімді сатудан түскен нәтижелерді қаржылық талдау. Бағаның орташа сату деңгейін және кәсіпорынның баға саясатын талдау

Өнімді өндіру және сату көлемі бір-бірімен тығыз байланысқан көрсеткіштер болып табылады.

Өнімді өндіру және сату көлемінің өсу қарқыны, оның сапасының артуы, кәсіпорынның рентабельділік және пайда, шығын шамасына тікелей әсер етеді. Сондықтан, осы көрсеткіштерді талдау басты мағына алады. Оның негізгі есептері:

- өнімді өндіру және өткізу динамикасы және жоспар орындалу дәрежесін бағалау;

- осы көрсеткіштер шамасына факторлардың әсерін анықтау; өнімді шығару және сатудың өсуіне ішкі шаруашылық резервтерді айқындау;

- айқындалған резервтерді игеру бойынша шараларды құрастыру.

Өнімді өндіру және өткізуді талдауға қажетті хабарламаларды алудың қайнар көздері: кәсіпорынның бизнес – жоспары, «Өнім бойынша есеп», «Шығын және пайда туралы есеп».

Өнімді өндіру және өткізу көлемі натуралды, шартты натуралды, еңбек және құндық өлшем түрінде болады. Өнімді өндіру көлемінің жинақтау көрсеткіштері құндық бағалау

көмегімен алынады. Өнімді өндірудің негізгі көрсеткіштеріне жалпы және тауарлы өнім жатады.

Жалпы өнім – аяқталмаған өндірісті қоса алғандағы, орындалған жұмыс және барлық өндірілген өнім құны. Салыстырмалы және қазіргі бағамен көрсетіледі (білдіреді).

Тауарлы өнім – жалпы өнімнен айырмашылығы, оған аяқталмаған өндіріс қалдықтары және ішкі шаруашылық айналымдар кірмейді. Өз құрамы бойынша көптеген кәсіпорындарда жалпы өніммен тауарлы өнім, егер аяқталмаған өндіріс және ішкі шаруашылық айналымдар жоқ болса сәйкес келеді.

Өнімді өткізу көлемі өнімді тұтынушыларға өткізу бойынша немесе түсім бойынша анықталады. Ол салыстырмалы, жоспарлы және қазіргі баға түрінде болуы мүмкін. Нарықтың экономика жағдайында бұл көрсеткіш дәрежелі мағына алады. Өнімді өткізуші өндірушілер мен тұтынушылар арасын байланыстырады. Өнімді қалай сату, нарықта оған деген сұраныс қандай екендігі оның өндіру көлеміне байланысты.

Өндірістік бағдарламаның орындалуын бағалау үшін, өнімді өндіру және өткізудің натуралды көрсеткіштері ең негізгі орын алады (дана, метр, тонна және т.б). Оларды бірдей өнім тобын және жеке түрлері бойынша өнімді өндіру және өткізу көлемін талдауда пайдаланылады.

Шартты натуралды көрсеткіштер, құндық көрсеткіштер сияқты, өнімді өндіру көлемін жинақтау үшін қолданылады, мысалы, консерві зауыттарында мынандай көрсеткіш қолданылады, мың шартты банкі, жөндеу кәсіпорнында – шартты жөндеу саны, аяқ киім өнеркәсібінде шартты аяқ киім саны.

Шаруашылық қызметі нәтижесі өнімді өндіру және өткізу құралы және ассортименті (номенклатурасы) көп әсер етеді.

Ассортиментті қайта құру жүйесі өзіне келесі негізгі кезеңдерді кірістіреді:

- тұтынушылардың ағымдық және жоспарлы қажетсінуін анықтау;
- шығарылған өнімге шығарылған немесе жоспарланған бәсекелестік қабілеттілігінің деңгейін бағалау;
- өнімнің өмірлік циклін және жаңа жетілдірілген өнім түрін енгізу бойынша уақытылы шаралар қабылдау және зерттеу;

- өнім ассортиментіндегі тәуекелділік өзгеру дәрежесін және экономикалық тиімділігін бағалау.

Ассортимент бойынша жоспар орындалмауына ішкі және сыртқы себептер болуы мүмкін.

Ішкі себептерге – нарық конъюнктурасы (әсерін тигізетін жағдайлардың кездесуі), жеке өнім түріне сұраныстың өзгеруі, материалды техникалық қамтамасыз ету жағдайы.

Сыртқы себептерге – материалдық ынталандыру және басқару жүйесіндегі кемшіліктері, электроэнергияның жетіспеуі, апат, қондырғылардың нашар техникалық жағдайы, оның тұрып қалуы, өндірісті ұйымдастырудағы кемшіліктер кіреді.

Бір өнім түрі бойынша өнімді өндіруді (өткізуді) арттыру және басқа өнім түрі бойынша қысқарту, оның құрылымының өзгеруіне әкеледі.

Өндіріс құрылымының өзгеруі барлық экономикалық көрсеткіштерге үлкен әсер етеді, яғни өндірілген өнімнің құндық бағалануы, материалдылығы, тауарлы өнімнің өзіндік құны, пайда, рентабельділік.

Кәсіпорынның рентабельділігін талдау

Кәсіпорынның рентабельділігі – ол кәсіпорын жұмысының тиімділігін көрсететін экономикалық көрсеткіш. Кәсіпорынның өз өнімін өткізуден түсірген қаражаты өндірістік шығындарды өтеп қоймай, оның үстіне пайда табуды да қамтамасыз етіп отырады.

Рентабельділік кәсіпорын түсірген пайданың (кірісінің) негізгі және айналымды қорға не болмаса іске асырылған өнімнің өзіндік құнына қатынасы арқылы есептеледі.

$$\text{РН нормасы} = \frac{\text{пайда}}{\text{негізгі және айналымды қорға}} * 100\%;$$

$$\text{РН деңгейі} = \frac{\text{пайда}}{\text{өнімнің өзіндік құнына}} * 100\%.$$

Кәсіпорынның банкротқа ұшырау тәуекелділігін диагностикалау

Банкроттық нарық шаруашылығының бір категориясы болып табылады. Ол соттың шешімі мен немесе кредитордың келісімі бойынша соттан тыс ресми түрде жарияланады. Қазақстан Республикасының "Банкроттық туралы" 07.04.95 жылғы №2173 Заңына сәйкес, қарызды төлеуге шамасы жоқ ұжым ақшалай міндеттер бойынша кредиторлар сұранысын, еңбекақы төлеу талабын қанағаттандыра алмау, сонымен қатар өзіне тиісті мүлік есебінен бюджет пен бюджеттен тыс қорларға міндетті төлемдерді қамтамасыз ете алмау жатады. Басқаша айтқанда, шаруашылық субъектісінің қарызды төлей алмауы, ағымдағы операциялық қызметті қаржыландыра алмауы, қарыздардың, міндеттердің өсуіне байланысты жедел міндеттемелерді өтеу қабілетсіздігі немесе борышкердің балансының қанағаттанғысыз құрылымына байланысты ұғымдар кіреді.

Баланстың қанағаттанғысыз құрылым борышкердің мүлкі мен міндеттемелерінің өтімділік деңгейінің жетіспеуіне байланысты кредитордың алдында мүлік есебінен міндеттемелердің дәл уақытында төленбеуі жағдайы тұрған кезде болуы мүмкін. Бұндай жағдайда мүліктің жалпы құны борышкер міндеттемелерінің жалпы сомасына тең немесе одан асып кетуі мүмкін.

Банкроттық кәсіпорынның ұдайы өндіріс капиталының шаруашылық механизмі балансының бұзылуынан, яғни оның қаржылық және инвестициялық саясатының тиімсіз болуынан туындайды.

Банкроттықтың пайда болуының негізгі себептерін келтірейік:

1. Шаруашылық жүргізу жағдайын жасаудың объективті себептері:

- экономиканы реформалаудың нормативті және заң шығаратын базаларының, қаржылық, ақша, несие, салық жүйелерінің жетілмегендігі;

- инфляцияның аса жоғары деңгейі;

- фирманың құнды қағаздарының нарықтық құнының төмендеуі;

- бәсекелестің жоғары деңгейі және соның нәтижесінде пайда болған сәйкес келмейтін өндіріс шығындары төмендемей, өнім бағасының төмендеуі.

2. Шаруашылық жүргізуге тікелей қатысты субъективті себептер:

- банкроттықты уақытында болжап және келешекте одан сақтана алмау;
- жарнама, өтімділік жүйесінің болмауы, сұранысты дұрыс зерттемегендіктен сату көлемінің төмендеуі;
- өндіріс көлемінің төмендеуі;
- ұқсас, бірақ сапасы жоғары өнімдердің бағасына кейбір түрлердің бағаларының жақындауы;
- ақталмаған жоғары шығындар;
- өнімнің төменгі рентабельділігі;
- өндіріс циклінің өте көлемді болуы;
- үлкен қарыздар мен өзара төлей алмаулар;
- ескі басқарма басшыларының нарықты құруға бейімделе алмауы, сұранысы жоғары өнімдерді шығаруда керлік көрсетпеуі, инвестициялық, бағалық, қаржылық саясаттың тиімдісін таңдай алмауы.

Кәсіпорындардың жаппай банкроттыққа ұшырауы жағымсыз әлеуметтік қиындықтарға соқтыруы мүмкін, сондықтан нарықтық экономикасы дамыған елдерде, оларды толық күйреуден қорғау мен алдын алудың белгілі механизмі қалыптасқан.

Осы механизмнің негізгі элементтері мыналар:

- банкроттықты құқықтық реттеу;
- кәсіпорынның банкроттығы жайында актілерді жүзеге асыруға шешім қабылдау процестерінің нормативтік-әдістемелік, экономикалық, ұйымдық қамтамасыз етілуі;
- перспективалы тауар өндірушілерді қолдау мақсатында, төлем қабілеті жоқ кәсіпорындарға мемлекеттік қаржылық көмек шаралары;
- қайта құру және жою шараларын қаржыландыру;
- банкроттық процедураға қатысушыларға экономикалық көмек көрсету;
- кең ауқымды қоғам үшін банкроттар жайында ақпараттардың жариялылығын қамтамасыз ету, төлем қабілеті жоқ кәсіпорындардың тізімін жүргізу.

Қазақстан Республикасы жағдайында банкроттық механизмінің нормативті-құқықтық базасы ретінде әдебиеттер тізімінде көрсетілген құжаттар пайдаланылады.

Қазақстан Республикасының «Банкроттық жайында» Заңына сәйкес, кәсіпорынның банкроттығы туралы шешімі ерікті немесе еріксіз түрде қабылданады. Банкроттық, борышкердің сотқа жазған өтініші бойынша ерікті түрде немесе оның өзінің банкроттығы жайында соттан тыс түрде кредиторлармен келісімге келе отырып, ресми түрде хабарлауы жолымен жасалады. Ал еріксіз түрде, кредиторлардың немесе "Банкроттық жайында» Заңымен өкілет берілген тұлғалардың өтініші негізінде жасалады.

Банкроттық жайында кредитордың өтінішпен сотқа баруына негіз болып борышкердің төлеу қабілетінің болмауы табылады. Егер борышкер өзінің міндеттемелерін 3 ай ішінде орындай алмаса, оның төлем қабілеті жоқ деп саналады.

Кредитордың борышкерге қойған талаптарының сомасы 150 айлық есепті көрсеткіштерден жоғары болса ғана, банкроттық жайында іс сотпен қаралады.

Банкроттықтың ықтималдылығын бағалауды қаржылық талдау арқылы жүргізуге болады, себебі ол кәсіпорынның экономикалық "ауруын" және одан жолдарын таңдауға мүмкіндік береді.

Кәсіпорынның банкроттылығын болжау бойынша құралдарды кең пайдалана отырып, кәсіпорынның дағдарыс жағдайынан шығу шараларын ойластыруға мүмкіндік туғызады. Болжау, қалыптасып жатқан тенденцияларды зерттеп қарауға сыртқы, ішкі жағдайлардың әсерін есепке ала отырып, қаржылық саясатты жүргізу үшін, кәсіпорынның келешегі төлем қабілеттігінің төмендеуі немесе жоғарылауы қандай деген ең маңызды сұраққа жауап беру керек.

Қаржылық жағдай динамикасының негізгі тенденциялары мен қызмет нәтижелерін формаланған және формаланбаған әдіс арқылы болжауға болады. Инфляция қарқынының күшті болуы, шығындар нормасының орталықтандырылып бекітілмеуі және келісім-шарттар жасау кезінде алдын ала төлеудің кең таралуы жағдайында, жабдықтау келісім-шартына отырған кезде болжау дәлдігі төмендейді. Осындай кезде қаржылық жағдайды болжау, табыстардың есеп беруге қатысты өзгермелі параметрлері - өндіріс көлемі, шаруашылық субъектілер қызметінің әр түрлі бағыттары бойынша шығындардың бағдарлама жүйесі қаржылық есеп беру және электронды кесте негізінде құрылуы мүмкін.

Баланстық, салық салынатын табыс және таза пайда шамасы көптеген факторларға байланысты (11.1-кесте).


Шаруашылық субъектілерінің пайдасын реттеу әдістері келесі нормативтік актлерге жіберіледі.

1. Негізгі қордың актив бөлігі бойынша жеделдетілген амортизация әдісін пайдалану өнімінің өзіндік құнын арттыруға және пайда соммасын қысқартуға, сәйкесінше пайда салықтарын қысқаруына әкеледі.

2. Өнімнің өзіндік құнына негізгі қорды жөндеу бойынша шығынды істен шығару жолын өзгерту.

3. Өнім өткізуден пайданы анықтау әдісінің өзгеруі.

ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЛОГИКАЛЫҚ СЫЗБА



← Валюталық операциялар бойынша шығын және кіріс

11.1-сызба. Пайда факторларын талдау.

11.1-кесте

Есепті жылғы жоспарлы пайданың орындалуы динамикасының құрамы мен құрылымын талдау

P/c	Баланстық пайда құрамы	Өткен жыл		Есептегі жыл				Өткен жылға салыстырмалы бағамен нақтылы пайда соммасы
		мың теңге	құрылымы, %	жоспар		нақты		
				мың теңге	құрылымы, %	мың теңге	құрылымы, %	
1	Баланстық пайда	15000	100	18500	100	20000	100	16000
2	Өнімді өткізуден түскен пайда	14500	96,66	17900	96,8	19296	96,48	15450
3	Басқадай өткізуден пайда	-	-	-	-	-	-	-
4	Өткізуден тыс қаржылық нәтиже	500	3,34	600	3,2	704	3,52	550

Кәсіпорын рентабельділігін талдау

Рентабельділік көрсеткіштері жалпы кәсіпорын жұмысының тиімділігін, өндірістік, кәсіпкерлік, инвестициялық қызметтің әртүрлі бағыттарының кірісін, шығынның өтелуін және тағы

басқаларды сыйпаттайды. Бұл көрсеткіш пайдадан толығырақ, яғни шаруашылықтың соңғы нәтижесіне әсер етеді.

Рентабельділік көрсеткіштерді бірнеше топқа біріктіруге болады:

- 1) инвестициялық жобаларды және өндірістік шығындардың өтелуін сыйпаттайтын көрсеткіштер;
- 2) сатудың пайдалығын сыйпаттайтын көрсеткіш;
- 3) капитал кірісін және оның бөліктерін сыйпаттайтын көрсеткіш.

Барлық көрсеткіштер баланстық пайда, өнімді өткізуден пайда және таза пайда негізінде анықталуы мүмкін.

Өндірістік қызмет рентабельділігі (шығын өтелуі) – жалпы немесе таза пайданың өнімді өткізу бойынша шығын соммасына қатынасы арқылы анықталады.

$$P = П / Ш \quad \text{немесе} \quad P = ТП / Ш$$

Мұндағы: P – рентабельділік деңгейі

П – пайда өнімді өткізуден


ТП – таза пайда

Бұл, кәсіпорын өнімді өткізуден және өндіріске жұмсалған шығынның бір теңгесіне қаншалықты пайда алатынын білдіреді. Бұл жалпы көрсеткіш жеке өнім түрі және бөлімшелері бойынша да анықталады.

Пайда және рентабельділік соммасын арттыру резервтерін есептеу әдістемесі

Пайда соммасын арттыру резерві тауарлы өнімнің әр түрі бойынша анықталады. Оның негізгі қайнар көздері болып, өнімді өткізу көлемін арттыру, оның өзіндік құнын төмендету, тауарлы өнім сапасын жоғарылату, өнімді тиімді өткізу нарығына шығару (11.2-сызба).





11.2-сызба. Өнімді өткізуден пайданы арттыру резервтерінің қайнар көздері

12-тақырып. Маржиналдық талдау негізінде басқару шешімдерін негіздеу әдістемесі

Нарықтық экономикаға өту өндіріс шығындарын есепке алуды ұйымдастыруды қайта қарауды және оның прогрессивті әдістерін ендіруді талап етеді. Осы мақсатта ҚР бухгалтерлік есеп теориясы мен практикасы үшін нарықтық экономикасы дамыған елдердегі шығындарды есепке алуда "директ-костинг" жүйесі бойынша ұйымдастыру тәжірибесі көңіл аудартады. Бұл жүйе АҚШ-та пайда болған. Оның негізгі идеялары "Өндірістік есептің Ұлттық қауымдастығының бюллетенінде 1996 жылдың қаңтарында жарияланған американдық зерттеуші И.Н. Гарристің мақаласында айтылған. Директ-костингті нақты енгізу АҚШ-та 1953 жылы іске асты, сол кезде бухгалтерлердің Ұлттық қауымдастығы осы әдістің сипаттамасын жариялады. Ұлыбританияда бұл әдіс "маржиналь-кост", ал Францияда -"маржиналдық бухгалтерия" деп аталады, деп жазған В.И. Ткач және М.В. Ткач. Директ-костинг жүйесінің негізінде "Шығындарды тұрақты және айнымалы деп бөлу-директ-костинг жүйесінің бірінші ерекше белгісі", - деп біздің ғалым, профессор С.С. Сатыбалдин тұжырымдайды.

Айнымалы шығындарға өндіріс көлемінің өзгеруіне байланысты өзгертін тікелей шығындар жатады: шикізат және негізгі материалдар, технологиялық мақсаттарға жұмсалатын отын және энергия, өндірістік персоналдың жалақысы, тиісті төлемдерімен бірге жабдықтарды күту мен пайдалану шығындары және бірқатар басқа да үстеме шығындар.

Тұрақты шығындарға әкімшілік, басқарушылық, коммерциялық және шаруашылық шығындары жатады. "Тұрақты шығындар кезеңдік шығындар болып есептеледі және бұйымдар арасында бөлінбейді, олар тура нәтижелерге жатқызылады".

Айнымалы шығындар тұрақты шығындармен салыстырғанда күшейтілген бакылауды талап етеді. Тұрақты шығындардың мөлшері тұрақты болып калады және өндіріс көлеміне пропорционалды өзгермейді, мысалы, жал төлемі, несиені пайдаланғаны үшін пайыздар, негізгі құралдарға есептелген амортизация, кәсіпорын басшысы жалақыларының кейбір түрлері және басқа да шығындар. Тұрақты шығындар бірдей уақыт аралығында бірдей сомамен есептеледі. Ескертілген ауытқулар (үнемдеу немесе артық шығындалу) негізінде кәсіпорынның шаруашылық нәтижесіне әр бөлімшенің салымын анықтауға болады. Айнымалы шығындарға қарағанда, тұрақты шығындар, жоғарыда аталғандай өндіріс көлемінің өзгеруіне тәуелді емес. Сондықтан оларды азайтудың басты резерві өндіріс көлемінің өсуінде жатыр. Шығарылған өнім көлемі қаншалықты көп болса, өнім бірлігіне тұрақты шығындар соншалықты аз келеді.

Шығындарды тұрақты және өзгермелі деп жіктеу біршама шартты сипатта екенін айта кеткен жөн, себебі шығындардың бір бабы әр түрлі жағдайда өндіріс көлеміне тәуелді немесе тәуелсіз болуы мүмкін. Мысалы, кәсіпорын қызметі саласын кеңейту, тиісті қызмет бөлімшелері қызметкерлерінің жұмыс көлемін ұлғайтады (бухгалтериялар, маркетинг бөлімі, жоспарлау-өндірістік бөлімі және т. б.). Бұл жағдайда белгілі бір кезеңде басқару аппаратын ұстау шығындарының өсуі пайда болады, ол шығындар белгілі бір кезеңде тұрақты ретінде қарастырылады.

Сонымен қатар, тұрақты шығындар қатарына жатқызылған жеке баптар бойынша өнім шығару көлемінің тұрақсыздығына тәуелсіз бір кезеңнен екіншіге өзгеру байқалуы мүмкін (мысалы, жал төлемінің өсуі, материалдар мен тауарларды сақтау бойынша шығындардың көбеюі және т.б.). Басқа бір жағынан алғанда, айнымалы шығындар, өндірісті ұйымдастыру және технологияның жаңаруы сияқты факторлардың салдарынан өндіріс көлемінің өзгеруі кезінде өзгеріссіз қалмайды. Шығындарды тұрақты және айнымалы деп бөлу қысқартылған (толық емес, шектеулі) өзіндік күнды есептеу мақсатында жүргізіледі. Оны есепке алу және

жоспарлауға тек айнымалы шығындар ғана қосылады, яғни «директ-костинг» жүйесі кезінде өнімнің толық өзіндік құнын калькуляциялау әдісі қолданылмады. Біздің елімізде бухгалтерлік есептің қазақстандық стандартына көшпес бұрын, толық өзіндік құнды есептеу және калькуляциялау жүйесі кеңінен тарады, ал "директ-костинг" жүйесі іс жүзінде қолданылмады.

№2 ҰҚЕС 3-тарауында "Қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижесі туралы есеп" ҚР-да шығындарды есептеуді ұйымдастыру директ-костинг" жүйесі бойынша жүргізілуі керек екендігін куәландырады. Бұл есепте тұрақты шығындар, өндірістік өзіндік құнға жатқызылмайтын және кәсіпорынның жалпы табысынан алынып тасталатын кезең шығындарына жатқызылған. Жыл бойы бұл шығындар субъектінің қаржы-шаруашылық қызметінің бухгалтерлік есебінің шоттарының Бас жоспарындағы 7210 "Жалпы және әкімшілік шығындары", 7310 "Сыйақылар бойынша шығыстар" және 7110 "Өнімдерді сатып-өткізу және қызмет көрсету бойынша шығыстар" шоттарында жинақталады.

Бұл жүйенің мәні туралы арнайы әдебиетте біржақты көзқарас жоқ екенін атап өту керек. Бұл авторлар "директ-костинг" - бұл өндіріс шығындары есебінің жүйесі деп есептейді. С.С. Стуков оны "өндірістік шығындардың қысқартылған номенклатурасы бойынша тек айнымалы шығындар бөлігінде есепті жүргізу деп атайды. Басқа авторлар "директ-костинг" жүйесін калькуляциялау әдісіне жатқызады. С.С.Сатыбалдин былай деп жазады: "Біздің көзқарасымыз бойынша, осы жүйенің мазмұнын әлдеқайда дұрысырақ сипаттайтын термин айнымалы шығындардың өзіндік құнын калькуляциялау болып табылады", дегенмен осы сілтеме алынған оның монографиясының тарауы "директ-костинг" жүйесі бойынша өндіріс шығындарының есебі және өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау деп аталады.

13-тақырып. Өнімдерді өндіру мен сатуды талдау

Өнімдердің өндірілуін және өткерілуін талдау

Өнімді өндіру және сату көлемі бір-бірімен тығыз байланысқан көрсеткіштер болып табылады.


Өнімді өндіру және сату көлемінің өсу қарқыны, оның сапасының артуы, кәсіпорынның рентабельділік және пайда,

шығын шамасына тікелей әсер етеді. Сондықтан, осы көрсеткіштерді талдау басты мағына алады. Оның негізгі есептері:

- өнімді өндіру мен өткізу динамикасы және жоспар орындалу дәрежесін бағалау;

- осы көрсеткіштер шамасына факторлардың әсерін анықтау; өнімді шығару және сатудың өсуіне ішкі шаруашылық резервтерді айқындау;

- айқындалған резервтерді игеру бойынша шараларды құрастыру.



13.1- Сызба. Талдау объектісі бойынша өнім өндіру.

Өнімді өндіру және өткізуді талдауға қажетті хабарламаларды алу қайнар көздері: кәсіпорынның бизнес – жоспары, «Өнім бойынша есеп», «Шығын және пайда туралы есеп».

Өнімді өндіру және өткізу көлемі натуралды, шартты натуралды, еңбек және құндық өлшем түрінде болады. Өнімді өндіру көлемінің жинақтау көрсеткіштері құндық бағалау көмегімен алынады. Өнімді өндірудің негізгі көрсеткіштері болып жалпы және тауарлы өнім табылады.

Жалпы өнім – аяқталмаған өндірісті қоса алғандағы, орындалған жұмыс және барлық өндірілген өнім құны. Салыстырмалы және қазіргі бағамен көрсетіледі (білдіреді).

Тауарлы өнім – жалпы өнімнен айырмашылығы, оған аяқталмаған өндіріс қалдықтары және ішкі шаруашылық айналымдар кірмейді. Өз құрамы бойынша көптеген кәсіпорындарда жалпы өніммен тауарлы өнім сәйкес келеді, егер аяқталмаған өндіріс және ішкі шаруашылық айналымдар жоқ болса.

Өнімді өткізу көлемі өнімді тұтынушыларға өткізу бойынша немесе түсім бойынша анықталады. Ол салыстырмалы, жоспарлы және қазіргі баға түрінде болуы мүмкін. Нарықтың экономика жағдайында бұл көрсеткіші дәрежелі мағына алады. Өнімді өткізуші өндірушілер мен тұтынушылар арасын байланыстырады. Өнімді қалай сату, нарықта оған деген сұраныс қандай екендігі оның өндіру көлеміне байланысты.


Өндірістік бағдарламаның орындалуын бағалау үшін, өнімді өндіру және өткізудің натуралды көрсеткіштер ең негізгі орын алады (дана, метр, тонна және т.б). Оларды бірдей өнім тобын және жеке түрлері бойынша өнімді өндіру және өткізу көлемін талдауда пайдаланылады.

Шартты натуралды көрсеткіштер, құндық көрсеткіштер сияқты, өнімді өндіру көлемін жинақтап мінездеу үшін қолданылады, мысалы, консерві зауыттарында мынандай көрсеткіш қолданылады, мың шартты банкі, жөндеу кәсіпорында – шартты жөндеу саны, аяқ киім өнеркәсібі шартты аяқ киім саны.

ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЛОГИКАЛЫҚ СЫЗБА



13.2 -сызба. Өнімді өткізу көлемін арттыру резервтерінің негізгі көздері.



13.3–сызба. Өнімді өткізу көлемі жүйесінің факторлы сызбасы.

14-тақырып. Капиталды қалыптастыру мен орналастыруды талдау

Талдау жүргізушінің келесі әрекеті баланс активінің құрылу көздерін талдау болып табылады. Бұл кезде кәсіпорын мүлкінің

келіп түсуі, оны сатып алу және оның құрылуы да, кәсіпорынның өзінің де, қарызға алынған капиталдың да есебінен жүргізілуі мүмкін екендігін есте сақтау керек. Ал меншікті капитал мен қарызға алынған капиталдың арасындағы қатынас оның қаржылық тұрақтылығын көрсетеді.

Нарық қатынасы жағдайында кәсіпорынның қызметі және оның дамуы көбіне өзін-өзі қаржыландырумен, яғни меншікті капиталдың көмегімен жүзеге асырылады. Тек ол капитал жетпегенде ғана шеттен капитал тартылады. Бұл кезде қиын болса да сырттан тартылған капиталдан қаржылық тәуелсіздік аса маңызды орын алады, бірақ онсыз әрине мүмкін емес. Сондықтан да қаржылық есеп берудің ағымдағы активтерінің құрастырылу көздерін шектеу керек. Оның ең аз бөлігі өндірістік бағдарламаны қамтамасыз ету үшін өзінің кейбір кезеңдерінде ағымдағы активтерге әдеттегіден жоғары, яғни қосымша қажеттілік туғанда, ол банктердің қысқа мерзімді несиелерімен және коммерциялық несиелермен жабылады.

Активтердің қорлану көздерін талдау кезінде меншікті және қарастырылған капиталдың көрсетілген көлемі белгіленіп, есеп беру кезеңіндегі олардың өзгеру себептері анықталып, оларға баға беріледі. Бұл кезде өз меншігіндегі капиталға басты назар аударылады, себебі өз қаражаттарының қоры болуы оның қаржылық тұрақтылығының барлығын көрсетеді.

Меншікті капиталдың көлемін ғана анықтап қоймай, сонымен бірге капиталдың жалпы сомасындағы оның үлес салмағын да анықтау маңызды. Бұл көрсеткіш арнайы әдебиеттерде әр түрлі атпен берілген (тәуелсіздік коэффициенті, автономдық коэффициенті), бірақ оның мәні біреу - бұл коэффициентке қарап кәсіпорын сырттан тартылған қаржыдан қаншалықты тәуелсіз екендігін және өз қаражатын қаншалықты жұмсай алатынын көруге болады. Тәуелсіздік коэффициентін меншікті капиталды барлық авансталған капиталға бөлумен анықтайды:

$$K_{TC} = M_K / A_K$$

Мұндағы: K_{TC} - тәуелсіздік коэффициенті;

M_K - меншікті капитал;

A_K - авансталған капитал (баланс валютасы жиыны, яғни қаржыландырудың жалпы сомасы).

Бұл коэффициенттің өсуі кәсіпорынның қаржылық тәуелсіздігі жоғары екендігін көрсетсе, алдағы уақытта қаржылық қиындықтардың азаятындығын көрсетеді.

Батыс экономистері тәуелсіздік коэффициентінің неғұрлым жоғары деңгейде болғанын дұрыс деп санайды. Себебі бұл қаржы көздерінің тұрақты құрылымын сақтауға мүмкіндік береді. Инвесторлар, несие берушілер дәл осындай құрылымды таңдайды, себебі ол кәсіпорынға өздерінің міндеттемелерінің кепілдігін жоғарылатады. Неғұрлым кәсіпорынның қаражаты көп болса, соғұрлым үздіксіз жұмыс қамтамасыз етіліп, нарық жағдайында алға шығуға көмектеседі. Сондықтан кәсіпкерлер әр түрлі резервтерді құру жолымен және жарғылық қорға бөлінбеген табысты тікелей қосу арқылы өзіндік капиталды көбейтуге тырысады.

Қаржылық талдаудан кітаптардың бірқатар авторлары инвесторлар мен несие берушілерді қамтамасыз ететін, меншікті капиталдың оның жалпы сомасына қатынасының ең аз мәні 0,6 болып табылады деп есептейді. А.Д. Шеремет, А.М. Ковалев, В.П. Привалов, О.В. Ефимова және тағы басқалар бұл көрсеткіштің 0,5 деңгейдегі мәні кәсіпорынның барлық міндеттемелерін өз қаражатымен жабуды қамтамасыз ете алатын ең төмен көрсеткіш бола алады (2,6, 18) деп санайды.

АҚШ және Еуропа елдерінде тәуелсіздік коэффициентінің жоғары жетерлік деңгейі болып, 0,5-0,6 тең болатын меншікті капиталдың баланс валютасына қатынасы саналады. Бұл жағдайда несие берушілердің тәуекелдігі төмен болады: өз қаражаттарынан қалыптастырылған мүліктің жартысын сатып (қарызға алынған қаражаттар салынған, екінші жартысы кейбір себептермен құнсызданған болса да), кәсіпорын өзінің қарыз міндеттемелерін жабуына болады.

Жабдықтаушылар мен сатып алушылар арасындағы келісім-шарттық міндеттемелер қатаң сақталатын және фирманың атағына үлкен мән берілген нарықтық экономикасы дамыған елдерде тәуелсіздік коэффициентіне мұндай жоғары талаптарды қоймайды (Жапонияда оны 0,2-ге дейін төмендетуге болады).

15-тақырып. Кәсіпорын капиталын интенсивті және тиімді пайдалануын талдау

Пассивтерді тану. Пассивтер үш топтан: капитал, ұзақ мерзімді міндеттемелер және ағымдағы міндеттемелерден тұрады. Осы үш топ арқылы ұйымдар активтерінің қор көздері қалыптасады. Қандай да болмасын көздерден алынған қаражаттар, мейлі заңды және жеке тұлға, банк несиелері, қарызға алынған көздер болсын, осы ұйымның жеке меншігіндегі көздер мағанасында бухгалтерлік есептің балансына жазылады. Қарапайым тілмен айтқанда пассивтегі сомалар осы ұйымды несиелендірушілердің алашақтары болып табылады. Яғни несиелендірушілерден алынған көздер түптің түбінде қайтарылады. Сондықтан, активтер және пассивтер екі түрлі категорияға бөлініп, бухгалтерлік есеп балансының әр түрлі тармақтарында жүргізіледі. Осыған орай ешқашанда «пайда сомасының есебінен активтер алынды» деген ұғым қолданылмауы керек. Активтер тек қана ақша есебінен (ақша төлеу арқылы) қалыптасады. Мысалға бухгалтерлік балансқа 5 млн. теңгеге тең пайда сомасы жазылса, бұл сома осы ұйымның кассасындағы немесе есеп айырысу шотындағы ақша деп саналмауы керек. Ұйымдар есебінде аса көп мөлшерде таза пайда сомасы бола тұрса да кейбір жағдайда, осы ұйымның еңбек ақы төлеуге нақтылы ақшасының болмай қалатындығын есте сақтаған жөн. Дәл осындай ұғым «капитал» өрісінде де танылып, капитал тек қана арнайы көздерден туындайтындығын, өзі ақша емес екендігін есте сақтау керек.

Капитал – ұйымдардың тағы басқа заңды тұлғалардың жарғылық құжатында көрсетілген көз. Ұйымдарды бастапқы кезеңде құру және бұлардың қызметін бастау жөнінде меншік иелерінің, сондай-ақ басқа да тұлғалардың осы ұйымға салған көздерін – жарғылық капитал немесе меншікті капитал деп атаймыз. Жарғылық капиталды меншік иелерінің және үлес қосушы құрылтайшылардың салған қаражаты, негізгі құралдар, материалды емес активтер, т.б. құндылықтар түрінде қалыптастыруға болады. Меншікті капитал қалыптастырудың түпкі мақсаты – бизнестік (кәсіпкерлік) қатынастарға түсу, мұның қызмет бағытын кеңейту мен жүргізу және базарлы сауда мен бәсекеге түсетін тауарлар өндіріп, сұраныс пен тұтынысты

қанағаттандыру болып табылады. Жарғылық капиталдың шектеулі мөлшері қазақстандық заң актілерімен белгіленеді.

Резервтік капитал – «резерв» термині «сақтық кассасындағы ақша» терминімен пара-пар, ұйымдар қызметіндегі мүмкін болатын кейбір күмәнді шығындарды және шегетін зияндарды жабуға бөлінген қаражат көздері. Резервтік көздер тек қана белгіленген объектілер бойынша шығындарды жабу үшін жасалынады. Резервтік капитал көздерін - алдын ала көрсетілмеген басқа бір мақсаттарға жұмсауға болмайды. Резервтік капитал бухгалтерлік есепке алынған нақтылы түрде анықталған белгілі бір құндылықтар үшін ақша төлемей кеткен берешектердің қарыздарын жабуға, сондай-ақ тиісті объектіге тікелей жазылмай қалған амортизациялық шығындар сомасын жабу мақсатында жұмсалынады.

Резервтік капитал шикізаттар мен материалдар сатып алуға, айналымға түсетін босалқылар мен қамтамасыз ету жөніндегі нақтылы фактімен талап етілетін алашақтар қарызын, күмәнді қарыздарды және жер учаскелерін жалға алу шығындарын жабу мақсатында қалыптастырылады. Резервтік капитал құру активтердің тиісті баптарынан шегеріледі. Жыл ішінде жұмсалған резервтік капиталдың белгілі бір бөлігі ағымдағы жылдың пайдасына қосылып отырады. Ұйымдар өздерінің тәуекелшілік шешіміне қарай орынсыз шығындарды жабу мақсатында және қажет деп тапқан жағдайда резервтік көздердің бірнеше түрлерін қалыптастыруына болады. Көп көлемде жасалған резервтік капитал сомасы ұйымдар қызметінің жақсы жағдайын көрсетеді. Резервтік көз қалыптастыру сомалары есепті жылдың шығындарына жазылып, пайда көлемін төмендетеді.

Бөлінбеген пайда (жабылмаған зиян) – компаниялардың капиталын көбейтіп отыру мақсатында болады. Дивиденттер төлеу – капиталдың төмендеуін көрсетеді. Бөлінбеген табыс немесе пайда дивиденттер төлегеннен соң ұйым меншігінде қалған сома.

Пайда және зиян – ұйымдар қызметінің экономикалық өсу қарқынын немесе төмендеуін өлшеу үшін түскен табыстар мен жұмсалған шығындар айырымының көрсеткіші. Экономикалық өсу ұйымдар қызметінің басталуынан бастап, нақты ақша түсіруге, мұны көбейтіп отыруға байланысты, есепті кезеңдерге тән экономикалық маңызы зор.

Міндеттемелер – мақсатты шараларды қаржыландыру үшін заңды және жеке тұлғалардан, ірі компаниялардан алынған қарыздарды осы ұйымның кіріске алып, түптің – түбінде қайтарып беруі жөніндегі алған міндеттемесін айтады. Бұларға ұлттық және шетелдік валюта түрінде банктерден және банктерге жатпайтын тұлғалардан (Қазақстан Республикасының резиденті немесе резиденті емес) ұзақ және қысқа мерзімде алынған заемдар, облигациялар, вексельдер жатады. Алынған міндеттемелердің барлығы да осы күнгі ағымдағы бағамен кіріске алынады. Міндеттемелер алу нәтижесінде ұйымдардың активті қаражаттары көбейеді. Яғни ол – міндеттеме алушы жақ, міндеттеме беруші жаққа ақша мен мүліктерді қандай сомада қайтаратындығы жөніндегі операциялар. Міндеттемеге алынған негізгі сомаларға қосымша міндеттемелер үшін төленетін пайыздық сомалар қосылады. Мұның нәтижесінде міндеттеме алушы жақтардағы табыс көлемі азайтылады. Міндеттемелер құрамына ұйымдардың несиеге сатып алған тауарлары, қызметтері, сондай-ақ берілген вексельдер бойынша алған қарыз ақшалары, төленбеген еңбек ақы, салықтар жатады. Егер алынған тауарлар құны төленбесе, алашақтар қарызы қайтарылмаса, есептелінген еңбек ақы төленбесе, мұндай жағдайларда осы ұйымның берешек қарыз сомалары осы ұйымның қабылдаған міндеттемелерінің орындалмауының нәтижесінде туындап отырады.

Егер ұйым төлеу өтеушілік қабілетінен айырылып, банкротқа ұшырап, жойылған немесе таратылған жағдайда несие берушілердің, несиелендіруші банктердің тәуекелшілік талабы бірінше кезекте қанағаттандырылады. Несиелендіруші жақтардың тәуекелшілікке түскендегі талап еткен сомасы, осы ұйымның қарыз алғандығы міндетті сомасының көлемінен көп немесе аз болмауы керек. Яғни банктердің осы ұйымға берген несиесі жөніндегі қойған талабы осы ұйымның активті қаражаттарын сатудан түскен ақшаны алу жөнінде бірінші кезекте тұрады. Егер қарыз алып, міндеттеме қабылдаған ұйым өз қарызын қайтармаған жағдайда, мұндай мәселе заң орындарының шешіміне қарай орындалады. Өз еркімен қаржы салған инвесторлар талабы немесе бұлардың тәуекелшілігі банктер қойған талап орындалғаннан соң, қалған қалдық сома көлемінде ғана болады. Міндеттемелер көлемінде қойылған талаптардың дәрежесі өте жоғары болады да, басқа

қаражаттар көлемінде қойылған талаптар мүмкін болған жағдайда ғана орындалады.

Ұзақ мерзімді алашақтар қарызы – осы ұйымның алашақтарға 12 айдан артық мерзімде төлейтін берешек қарыздары. Бұған 12 айдан кейін қайтарыла бастайтын берешек қарыздардың, алған несиелердің барлық түрлері жатады. Мұндай берешек қарыздар сомасы бір жылдан келесі жылға көшіріліп отырады.

Төленетін салықтар – салықтардың барлық түрлерін төлеуге тиісті ұйымдардың бюджетке аударуға жататын қарыздары. «Төленетін салықтар» терминінің жеке аталуы, төленетін салық түрлерінің көптігіне, сондай-ақ сомалардың үлкен көлемде болатындығы мен бухгалтерлік баланс жасалған салық жөніндегі берешек қарыздар сомасының толық анықтала қоймағандығына байланысты.

Түскен түсім – есепті жыл ішінде өнімдерді, тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сату нәтижесінде түскен ақша қаражаттары. Түскен түсім – ұйымның есер айырысу шотына түскен немесе түсетін ақшалар.

16-тақырып. Өнімнің (жұмыс, қызмет) өзіндік құнын талдау

Бизнес-жоспарды жасағанда басшылықтың негізгі назары өндірістің тиімділік көрсеткіштеріне аударылуы керек.

Кәсіпорын қызметінің тиімділігі өндірістің нәтижелерін (тиімділігін) шығындар мен қолданылған ресурстармен (шығындармен) салыстыру жолымен өлшенеді. Қол жеткізілген тиімділікті (табыс, өнім) авансталған немесе қолданылған ресурстармен (шығындармен) салыстыра отырып, кәсіпорын қызметі тиімділігінің бірқатар көрсеткіштерін анықтауға болады. Оларды шартты түрде екі топқа бөлуге болады:

- 1) қорытындылаушы;
- 2) техника-экономикалық.

Бірінші топтың көрсеткіштеріне табыстың деңгейі, еңбек өнімділігі (еңбек сыйымдылығы), қор қайтарымдылығы (материал сыйымдылығы), капитал салудың қайтарымдылығы (капитал сыйымдылығы) жатады. Екінші топқа ресурстарды пайдалану тиімділігінің көрсеткіштері жатады. Олар кәсіпорындағы өндіріс процесінің кейбір жақтарын жоспарлау мен нақты талдау, оның өсу

себептерін есептеу үшін қолданылады. Бұлар: еңбек құралдарын, агрегат қуатын пайдалану коэффициенті, жеке жұмыс өнімділігі және т. б.; энергия, жанар-жағар май, материалдар мен шикізаттың меншікті шығындары; меншікті капитал салымдары, өзі-өзі ақтау мерзімі, келтірілген шығындар.

Өнім динамикасы мен ресурстар динамикасы (шығындарының) арақатынасы экономикалық өсу сипатын анықтайды. Өндірістің экономикалық өсуіне экстенсивтік немесе интенсивтік тәсілмен қол жеткізуге болады. Өнімнің өсу қарқыны ресурстарының немесе шығындарының өсу қарқынынан артық болуы экономикалық өсудің басым интенсивті екендігін дәлелдейді. Өндіріс экономикалық тиімділігінің жеткілікті жоғарғы қарқынды және бірыңғай өсуін қамтамасыз ету мүмкіншілігі тек дамудың интенсивті түріне өтуге жағдай жасайды. Бұдан шығатын қорытынды, өндірісті жан-жақты интенсивтендіру - оның тиімділігін арттырудың шешуші себебі. Сөз ең алдымен, әрбір материалдың, еңбек және қаржы ресурстары бірлігінің қайтарымын арттыру үшін негізгі өндірістік қорларды тиімді пайдалану туралы болып отыр.

Өндіріс тиімділігінің ең басты көрсеткіші жанды еңбек өнімділігі болып саналады, ол өндіріс нәтижесімен, жұмыс істеушілердің орташа тізім санының арақатынасымен немесе еңбек сыйымдылығымен, өнім бірлігіне кеткен жұмыс уақытының шығындарымен өлшенеді.

Жапонияда өнімділік, кәсіпорынның іскерлік белсенділігін сыйпаттайтын көрсеткіштер қатарына жатқызылады. Бұл елдегі кәсіпорындардың қаржылық есептерінде мынадай еңбек өнімділігі коэффициенттері арқылы көрсетіледі.

Біздің кәсіпорындарда еңбек өнімділігінің негізгі көрсеткіші бір жұмыс істеушіге шаққандағы жылдық орташа өндірілген өнім болып табылады. Оның шамасы бір жұмысшыға шаққандағы орташа өндірілген өнім мен жұмыс істеушілер құрамындағы жұмысшылардың үлес салмағына байланысты. Бұл тәуелділік мына формуламен көрсетіледі:

$$W = D^n / R = (D^N * r) / (R * r) = (D^n / r) * (r / R).$$

Мұнда : D^n - өнімді сатудан түскен табыс (ақша);

R - жұмыс істеушілердің тізімдік орташа саны;

r - жұмысшылардың тізімдік орташа саны;

D^n/r - бір жұмысшыға шаққанда жылдық орташа өндірілген өнім;

r/R - жұмыс істеушілер құрамындағы жұмысшылардың үлес салмағы. Формуладан, біз бөлшекті бір санға (r) көбейтіп және бөліп көбейткіштер алдық, одан бір жұмысшыға шаққандағы өндірілген өнім және оның үлес салмағы көп болған сайын, бір жұмыс істеушіге есептелген орташа жылдық өндірілгені де жоғары болатынын көреміз.

17 – тақырып. Негізгі құралдарды пайдалануды талдау

Кәсіпорынның өндірістік негізгі құралдармен қамтамасыз етілуін талдау

Кәсіпорындардағы өнім өндіру көлемінің ұлғаюына әсер ететін маңызды факторлардың бірі өндірісті әр түрлі және қажетті көлемдегі негізгі қорлармен қамтамасыз ету, сонымен бірге оларды толық әрі тиімді пайдалану болып табылады.

Негізгі құралдардың есебі және оны бағалау-кәсіпорын экономикасындағы жалпы элементтер құрамындағы олардың сандық үлесін талқылауға мүмкіндік береді. Талдау барысында негізгі құралдар кәсіпорынның экономикасы мен құрылымының өзгеруіне қалай әсер ететіндігі қарастырылады.

№2 ҰҚЕС-на сәйкес, ұйымның қаржылық есеп беруінде келесідей ақпараттар көрсетіледі:

1. Негізгі құралдардың әрбір түрі бойынша олардың қозғалысының (кіріс, шығыс, бастапқы құнының өзгеруі, өзгеру себептері) бойынша келесі кезеңнің басы мен аяғындағы бастапқы құны.

2. Негізгі құралдардың әрбір түрі бойынша амортизация есептеуде қолданылатын әдіс; есепті кезеңнің басы мен аяғындағы

амортизацияланған негізгі құралдардың бастапқы немесе ағымдағы құны; есепті кезеңнің басы мен аяғындағы жинақталған амортизация сомасы.

3. Қайта бағалауды жүргізуде есепті кезеңнің басы мен аяғындағы негізгі құралдардың әрбір түрі бойынша ағымдағы құны; қайта бағалауды жүргізудегі кезеңділік пен негізділік; қайта бағалауды жүргізген күні, эксперттік бағаны кім бергені, қайта бағалау әдісі.

Сонымен бірге, қаржылық есепті пайдаланушылар үшін есепті кезеңнің соңында төмендегідей ақпараттарды ашып көрсету қажет:

- уақытша пайдаланылмай тұрған негізгі құралдардың бастапқы немесе ағымдағы құны;

- толығымен амортизация есептелген, пайдалану мерзімі біткен негізгі құралдардың бастапқы және ағымдағы құны;

- міндеттеме үшін кепілдікке қойылған негізгі құралдардың меншіктік құқы бойынша шектеуі және саны;

- негізгі құралдарды пайдалану бойынша өтелмеген міндеттемелер;

- есепті кезеңнің соңындағы аяқталмаған өндірістің құны;

- пайдалану мерзімі біткен, бірақ оларды болашақта сату мақсатымен негізгі құралдың құрамына есепте тұрған есепті кезеңнің соңындағы негізгі құралдардың жеке түрлерінің құны;

- негізгі құралдарды орналастыру шығындарымен байланысты есеп саясаты.

Негізгі құралдарды пайдалануды талдаудың міндеттері:

- кәсіпорынның және оның құрылымдық бөлімшелерінің негізгі қорларымен қамтамасыз етілуімен, олардың жеке және жиынтық көрсеткіштері бойынша пайдалану деңгейінің өзгеру себептерін анықтау;

- негізгі қорларды пайдаланудың өнім өндірудің көлеміне және басқа да көрсеткіштерге әсерін есептеу;

- кәсіпорынның және жабдықтардың өндірістік қуаттылығын пайдалануды меңгеру;

- негізгі қорларды пайдалану тиімділігін жоғарылату резервтерін анықтау.

Негізінен талдау негізгі құралдардың көлемін, олардың динамикасы мен құрылымын зерттеуден басталады.

Бухгалтерлік есеп беру көрсеткіштері бойынша жүргізілетін негізгі өндірістік қорлардың қозғалысы және техникалық жағдайын талдау үшін маңызы өте зор. Ол үшін төмендегі коэффициенттер есептеледі:

Жаңарту коэффициенті (Кжаң). Ол жаңадан қабылданған негізгі құралдардың құнын жыл соңындағы жалпы қордың құнына қатынасы арқылы анықталады.

Негізгі қорлардың жаңару мерзімі (Тжаң). Мерзім басындағы негізгі құралдардың құны келіп түскен негізгі құралдардың құнына қатынасы арқылы анықталады.

Негізгі құралдарды есептен шығару коэффициенті (Кеш.). Есептен шығарылған негізгі құралдардың құнын мерзім басындағы негізгі құралдардың құнына қатынасы арқылы анықталады.

Өсім коэффициенті (Кө). Негізгі құралдардың құнының өсім сомасы мерзім басындағы негізгі құралдардың құнына қатынасы арқылы анықталады.

Тозу коэффициенті (Кт). Негізгі құралдардың тозу сомасын негізгі қорлардың бастапқы құнына қатынасы арқылы анықталады.

Жарамдылық коэффициенті (Кж). Негізгі қорлардың қалдық құнын негізгі қорлардың бастапқы құнына қатынасы арқылы анықталады.

17.1 - кесте

Негізгі құралдардың құрамы мен құрылымы

Негізгі құралдардың түрлері	2008 жыл		2009 жыл	
	сомасы	үлес салмағы, %	сомасы	үлес салмағы, %
Машиналар мен жабдықтар	2066370	100	2775693	100
Барлығы	2066370	100	2775693	100

Машиналар мен жабдықтар жыл басында 2066370 теңге, ал жыл соңында 2775693 теңгені құраған немесе 34,2 пайызға артқан. Жыл бойындағы өзгеріс сомасы 709323 теңгеге жоғарылаған.

Мұның өзі кәсіпорынның өз табысының 2775693 артуына әсер етіп тұрғандығын көруімізге болады.

Негізгі өндірістік қорлардың интенсивтілігі мен тиімділігін талдау

Негізгі құралдарды пайдаланудың интенсивтілігі мен тиімділігін сыйпаттайтын жалпы көрсеткіштер:

- қор рентабельділігі (пайданы негізгі қорлардың орташа жылдық

құнына қатынасы арқылы анықталады);

- негізгі өндірістік қорлардың қор қайтарымдылығы (өндіріс өнімінің құнын негізгі өндіріс қордың орташа жылдық құнына қатынасы арқылы анықтайды);

- негізгі өндірістік қорлардың активті бөлімінің қор қайтымдылығы (өндіріс өнімінің құнын негізгі құралдардың активті бөлімінің орташа жылдық құнына қатынасы арқылы анықтайды);

- қор сыйымдылығы (негізгі өндірістік қорлардың орташа жылдық құнын есептегі кезеңдегі өндіріс өнімінің құнына қатынасы арқылы анықтайды) және т.б.

Кәсіпорынның қаржылық есебінің негізінде қор қайтымдылығы жинақтаушы көрсеткіш болып табылатын негізгі қорларды пайдаланудың тиімділігін меңгеруге болады. Қор қайтымдылығы көрсеткіші негізгі қорлардың бір өлшемінің құнына келетін шығарылған өнімнің ақшалай көрінісін сипаттайды. Ол кәсіпорынның негізгі өндірістік қорларын пайдалануын талқылайтын, барлық жиынтық негізгі қорлардың пайдалануын сыйпаттайтын болғандықтан үлкен экономикалық маңызы бар.

Қор қайтымдылығының көлемі факторлар қатарына, өндіріс өнімінің сыйпатына, материалдар мен шикізаттар үлесіне және өнімнің өзіндік құнына, өндірістік еңбек сыйымдылығына және т.б. байланысты.

Қор қайтымдылығы негізінен рентабельділігі төмен кәсіпорындарда, арзан шикізат өңдеуге төмен, ал рентабельділігі жоғары кәсіпорындарда және қымбат шикізат өңдеуде жоғары болады.

Кейбір жағдайларда қор қайтымдылығы көрсеткіші кәсіпорынның шаруашылық қызметін дәл анықтай алмайтындығын ескеру қажет. Қор қайтымдылығы көрсеткіші негізгі өндірістік қорлардың пайдалану деңгейін сыйпаттайды.

Кәсіпорынның дұрыс жұмыс істеуі үшін төмендегі көрсеткіштерді тексеріп отырады:

- қор қайтымдылығын көтеруге бағытталған шаралар кешенінің өңделгенін және оның жүзеге асырылуын қадағалау;

- қор қайтымдылығын көтеруге бағытталған шаралар кешенінің өңделгенін және оның жүзеге асырылуын;

- көлік құралдарының (меншікті және жалға алынған) пайдаланылуы және олардың жұмыстарының есебінің ұйымдастырылуы.

Кәсіпорын қызметінің тиімділігін сыйпаттайтын ең маңызды көрсеткіштің бірі – қор қайтарымы, ол негізгі өндірістік қорларды пайдалануды қорытындылаудың көрсеткіші болып табылады. Ол талдау кезеңінде өнім сатудан түскен табыстың (ақша) негізгі өндірістік қорлардың жылдық орташа құнына қатынасымен формула бойынша анықталады:

$$f = D^N / F$$

Мұнда: f – қор қайтарымы;

D^N – өнім сатудан түскен табыс (ақша);

F – негізгі өндірістік қорлардың жылдық орташа құны;

Қор қайтарымы кері көрсеткіші – қор сыйымдылығы $1/f$ – немесе F/D^N - ретінде есептеледі.

Қор сыйымдылық көрсеткішінің бір артықшылығы, оны алымын құрамдас бөліктер, және цехтар мен қондырғалар тобы бойынша жіктеуге болады. Бұл әрбір өндірістік участкада техниканы, қорларды пайдаланудың қорытындылау көрсеткішіне әсерін анықтауға мүмкіндік береді.

Қор қайтарымы төмендегі көрсеткіштерге тең:

$$f = 51671744 / 2775693 = 18,6$$

Қор қайтарымын анықтағанда өнімінің көлемі құндық, заттай және шартты өлшемдермен есептелуі мүмкін.

Негізгі өндірістік қорлардың пайдаланылуын заттай өнім көлемінің өлшемдерін тек бір өнім түрін шығаратын

кәсіпорындарда немесе оны бір салмаққа теңестіруге болатын болса ғана қолдануға болады.

Бұйымдардың кең номенклатурасын шығаратын кәсіпорындардың көпшілігі үшін қор қайтарымының жинақ көрсеткіштері күн түріндегі өнім көлеміне негізделіп есептеледі. Онда негізінен тауарлық өнім мен атау көлемі қолданылады.

Қор қайтарымының шамасы мен динамикасына кәсіпорынға байланысты және байланыссыз әр түрлі себептер әсер етеді. Шаруашылықты интенсивті жолмен жүргізу негізгі қорлардың орташа жылдық құнының 1 теңгесіне өнім шығаруды жүйелі көбейтуді болжайды, оған механизм, машина мен жабдықтардың өнімділігін арттыру, олардың босқа тұруын азайту, техниканы оңтайлы жұмыс істету, негізгі өндірістік қорларды техникалық мейлінше жетілдіру арқылы жетуге болады.

18 - тақырып. Материалдық ресурстарды пайдалануды талдау

Тауарлы–материалдық босалқыларды талдаудың мақсаты,
міндеттері мен тәсілдері

Нарықтық қатынастар жағдайында кәсіпорынның материалдық ресурстарына талдау жасаудың маңызы зор. Ол кәсіпорынның дербестік алуымен және меншік иелерінің, жұмысшыларының, коммерциялық серіктестерінің алдындағы өзінің өндірістік коммерциялық қызметінің нәтижесі үшін толық жауапкершілігімен байланысты.

Кәсіпорынның қажетті мөлшердегі материалдық құндылықтармен толық және өз уақытында қамтамасыз етілуі өнім өндіру, өндірілген өнімдердің, көрсетілген қызметтердің, атқарылған жұмыстардың сатып-өткізілген тауарлардың өзіндік құнын азайту, пайда мен рентабельділік деңгейін көтеру үшін қажетті жағдай болып табылады.

Кәсіпорындағы тауарлы–материалдық босалқыларды талдаудың негізгі мақсаты – материалдық босалқыларды тиімді пайдалану және үнемдеу варианттарын іздестіру.

- нарықтық экономика жағдайында жұмыс істейтін кәсіпорындардың тауарлы материалдық құндылықтарына талдау жасаудың негізгі міндеттеріне төмендегілер жатады:

- кәсіпорынның материалдық активтері құрылымын зерттеу;
- тауарлы материалдық босалқылардың айналымын есептеу;
- кәсіпорынның тауарлы материалдық босалқылармен қамтамасыз етілуін бағалау.

Кәсіпорындағы тауарлы материалдық босалқылардың жағдайына талдау жасауда пайдаланылатын әртүрлі тәсілдер бар. Солардың ішінен мыналарды бөліп айтуға болады:

- 1) тігінен талдау жасау;
- 2) көлденеңінен талдау жасау;
- 3) салыстырмалы көрсеткіштерге талдау жасау.

Көлденеңінен (уақыт бойынша) талдау дегеніміз – тауарлы-материалдық босалқылардың әрбір құрамдас бөлігінің нақты барын өткен кезеңмен салыстыру. Ол тауарлы материалдық босалқылар бойынша баланстың жекелеген баптарының жиынтық көрсеткіштердегі үлес салмағын анықтауға мүмкіндік береді. Мысалы, өндірістік босалқылардың, тауарлардың ағымдағы активтердің жалпы құнындағы, яғни баланс валютасындағы үлес салмағы және тағы басқалар.

Көлденең және тігінен талдау бірін-бірі толықтырады. Коэффициенттер – салыстырмалы шамалар болып табылады. Қаржылық коэффициенттерді есептеу бухгалтерлік баланстың тауарлы–материалдық босалқылар бойынша жекеленген баптарының арасындағы өзара байланыстардың болуына негізделген.

Тауарлы–материалдық босалқылардың құрамы мен құрылымының динамикасын талдау

Тауарлы–материалдық босалқылардың құрамы мен құрылымының динамикасын талдау кәсіпорынның барлық материалдық ресурстарының жекеленген түрлерінің абсолюттік және салыстырмалы өсуі мен азаюының мөлшерін анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеу жүргізілген серіктестік активтерінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылатын тауарлы материалдық босалқыларға талдау жасау кезінде, оларды нақты бары, құрамы, құрылымы және олардағы болған өзгерістер зерттеледі.

Тауарлы–материалдық босалқылардың құрамы мен құрылымындағы өзгерістерге жалпы баға беру үшін кәсіпорын

балансының «Ағымдағы активтер бөлімінің мәліметтері бойынша төмендегі талдамалық кесте (18.1.) құрылды.

Кестенің мәліметтері жалпы кәсіпорындағы тауарлы-материалдық босалқылар динамикасының төмендегенін көрсетеді. Ал олардың жекеленген элементтері бойынша жүргізілген зерттеулер төмендегідей қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Кәсіпорындағы тауарлы-материалдық босалқылардың құны есепті жылдың басында 2141 мың теңгені құраған болса, жылдың аяғында ол 1220 мың теңгеге азайып, 921 мың теңгені құрады.

Тауарлы-материалдық босалқылардың негізгі құрамдас бөлігі болып табылатын материалдар есепті жылды өткен жылмен салыстырғанда 221 мың теңгеге немесе 11 есеге азайып, 22 мың теңгені құраған. Сондай-ақ кәсіпорынның тауарлары есепті кезең ішінде 701 мың теңгеге азайып, 899 мың теңгені құраған.

18.1 – кесте

Тауарлы-материалдық босалқылардың құрамы мен құрылымы

Көрсеткіштер	2008 жылдың басына		2008 жылдың аяғына		Өсуі (+) Төмендеуі (-)
	сомасы, мың теңге	үлесі %	сомасы, мың теңге	үлесі %	
1	2	3	4	5	6
Тауарлы-материалдық босалқылар, барлығы	2142	100	1220	100	921
Оның ішінде:					
Материалдар	542	25,3	321	26,3	221
Тауарлар	1600	74,7	899	73,7	701

Егер материалдардың тауарлы-материалдық босалқылардың жалпы құнындағы үлес салмағы есепті жыл ішінде 8,9 (11,3-2,4) пайызға төмендеген болса, тауарлардың үлес салмағы есепті кезең ішінде 8,9 (97,6-88,7) пайызға жоғарылаған.

Кестенің мәліметтеріне зерттеу жүргізілген кәсіпорында тауарлы-материалдық босалқылардың негізінен сатып өткізу үшін сатып алынған тауарлардан тұратындығын көреміз. Бұл жағдай кәсіпорынның негізгі қызметінің бағытымен айқындалады және де материалдық босалқылардың құрамында өтімділігі төмен болып

табылатын басы артық және пайдаланылмай қалып қойған материалдық құндылықтардың жоқ екендігін көрсетеді.

Тауарлы-материалдық босалқылардың айналымдылығын талдау

Кәсіпорынның іскерлік белсенділігі қаржылық жағдайында ең алдымен оның қаражат айналымының жылдамдығымен көрінеді. Іскерлік белсенділікті талдау кәсіпорынның өз қаражатын қаншалықты тиімді пайдаланғандығын анықтауға мүмкіндік беретін әртүрлі қаржылық айналымдылық коэффициенттерінің деңгейі мен қозғалысын зерттейді.

Материалдық айналым қаражатының айналымдық коэффициенті кәсіпорынның талдау кезінде шығындары мен босалқыларының айналым санын көрсетеді, яғни олардың сатып-өткізілуін сыйпаттайды. Жалпы алғанда бұл коэффициенттің мәні жоғары болған сайын, осы аз өтімділігі төмен бапта солғұрлым азырақ қаражат байланады, кәсіпорынның қаржылық жағдайы тұрақтанып, айналым капиталында көбірек өтімді құрылым болады. Және керісінше, басқадай жағдайда тауардың шамадан тыс жиналып қорлануы, кәсіпорынның іскерлік белсенділігіне кері әсер етеді. Коэффициентті есептеу формула бойынша жүргізіледі, онда алымында – сатудан түскен табыс (ақша), ал бөлімінде – кезеңдегі шығындар мен материалдық-өндірістік қорлар құнының орташа шамасы көрсетіледі.

Өндірістік қорлар (материалдар), оларды дайындау (сатып алу) құны бойынша есептелетіндіктен, қорлардың айналымдық коэффициентін есептеу үшін сатудан түскен табыс емес, сатылған өнімнің өзіндік құны пайдаланылады.

Оны есептеу мына формуламен іске асырылады:

$$K^{\circ} = S^n / 3$$

Мұнда:

Неғұрлым айналымдылық көрсеткіші жоғары болған сайын, солғұрлым қорлар тезірек ақшалай қаражатқа айналады. Оның төмендеуі салыстырмалы түрде өндірістік қорлар мен аяқталмаған өндірістің ұлғайғанын немесе дайын өнімге деген сұраныстың бәсеңдегенін көрсетеді.

Кестенің мәліметтерінен кәсіпорынның сатып-өткізілген тауарларының өзіндік құны негізінде есептелген материалдық айналым құралдарының айналымдылық коэффициенті өткен жылы 5,3 ретті, ал есеп беру жылында 14,7 ретті құрады. Оның 9,4 (14,7-5,3) пунктке жоғарылауы кәсіпорынның ағымдағы активтерінің айналымдылық коэффициенттерінің деңгейіне оң әсерін тигізеді.

Сонымен бірге зерттеу жүргізілген кәсіпорында материалдық айналым қаражаттарының 1 айналымының ұзақтығы 43 күнге азайған. Бұндай жағдай кәсіпорынның қаржылық жағдайының жақсарғандығын көрсетеді. Яғни материалдық құндылықтың ақшаға айналуы өткен жылға қарағанда 43 күнге қысқарды.

Төмендегі кестеде материалдық айналым қаражаттарының айналымдық коэффициентін есептеу көрсетіледі (18.2 - кесте).

Өндіріс пен өткізудің қалыпты жүргізу мақсатында қорлар оңтайлы болуы керек. Көлем жағынан кіші, бірақ көбірек қозғалмалы қорлардың болуы, кәсіпорынның қорында аз сомадағы ақшалай қаражаттың бар екендігін білдіреді. Қорлардың жиналып қалуы, кәсіпорынның өнімді өндіру мен сатудағы белсенділігінің күрт азайғанын куәландырады.

18.2–кесте

Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің материалдық айналым қаражатының айналымдылық көрсеткіштері динамикасы

Көрсеткіштер	Өткен жыл	Есепті жыл	Ауытқуы (+,-)
Сатып-өткізілген тауардың толық өзіндік құны	7895	8977	1082
Өндірістік қорлардың орташа құны	5760	6713	953
Материалдық айналым қаражаттарының айналымдылық коэффициенті	0,729	0,747	0,018
Материалдық айналым қаражаттарының 1 айналымының күнмен есептелген ұзақтығы	127	136	9

Материалдық айналым құралдарының айналымдылық коэффициентінің шамасына оны есептеу әдістемесі ғана емес және де кәсіпорында қабылданған материалдық қорларды бағалау

әдістемесінің де айтарлықтай әсерін тигізетінін назарда ұстау қажет.

Қазіргі уақытта материалдық қорларды бағалаудың есептеу саясатын таңдауда кәсіпорынның құқықтары едәуір кеңейтілген. Осылайша отандық есептеу практикасында бірінші рет біздің кәсіпорындар шет елдерге кеңінен танымал және қолданылатын ЛИФО мен ФИФО сенімді материалды бағалау тәсілдерін қолдану мүмкіндігіне ие болады. ЛИФО әдісі ең соңғы сатып алынған материалда бірінші кезекте өндіріске шығынға шығаруды көздейді. Сонда баланстағы қалдықтың шамасы бірінші сатып алынған материалдың өзіндік құнынан туындап анықталады.

Керісінше ФИФО әдісін пайдалану кезең соңындағы материалдық қорларды соңғы сатып алу бағасымен бағалауға негізделген, ал жұмсалған материалдар сатылған өнімнің өзіндік құнына олардың алғашқы сатып алу құны бойынша шығынға шығарылады.

19 - тақырып. Еңбек ресурстарын пайдалануды талдау

Еңбек ресурстарын талдаудың негізгі міндеттері

1. Бүгінгі таңдағы ауқымды өзгерістер кезеңі қоғамның барлық салаларын жан жақты қамтуда нарықтық қатынастарға көшу кезеңдерінде қоғамда бірнеше меншік түрі пайда болған. Олар: арендалық кәсіпорындардың, кооперативтердің, шаруашылық қоғамы мен серіктестіктердің, акционерлік қоғамдардың, ассоциациялардың және бірлестіктердің, қоғамдық ұйымдар мен қорлардың меншігі, т.б әрбір меншік иесі өндіріс процесін еңбек қорларынсыз дамытулары мүмкін емес.

Еңбек қорлары дегеніміз не? Кәсіпорындарда барлық тұрақты, маусымды және уақытша жұмыс істейтін жұмысшылар мен мамандар.

Бұдан басқа әрбір кәсіпорында төмендегідей еңбек резервтері бар:

- зейнеткерлер;
- 16 жасқа дейінгі жастар;
- жұмысқа қатыспайтын адамдар.

Еңбек қорларын пайдалануын талдаудың ең негізгі міндеттері:

1. Кәсіпорынды сандық және сапалық жағынан жұмысшылар күшімен қамтамасыз ету.

2. Еңбек өнімділігін арттыру.

3. Жұмыс уақытысы қорын толығымен және тиімді пайдалану.

4. Жалақылардың жұмыс нәтижелеріне байланысты төленуі.

Кәсіпорынның еңбек қорларын талдауда ақпарат көздерін құрайтын келесі құжаттар:

- кәсіпорынның жылдық есебі;

- еңбек балансы;

- еңбек есебі;

- бастапқы құжаттар.

2. Кәсіпорынның жұмыс күшімен қамтамасыздандырылуының дәрежесін анықтау үшін бизнес жоспарына қосымша еңбек балансы жасалынады. Еңбек балансы сала бойынша жұмыс күшіне қажеттілікпен оны қамтамасыздандыру көздері көрсетеді. Еңбек балансы жұмыс күшінің жетіспеушілігін – артықшылығын, сонымен қатар еңбек балансы еңбек ресурстарының мөлшерін анықтауға және қоғамның өндірісіне керекті кадрлардың мамандығын көтеруге, еңбекті тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Жұмыс күшіне талдау жасаған кезде нақтылы көрсеткіштері мен жоспар көрсеткіштерін салыстыру негізінде анықталады.

Жұмыс күші дегеніміз – адамдардың бойындағы (рухани) күш пен рухани қабілеттерінің жиынтығы. Мұны ол материалдық игіліктер өндіруге жұмсайды. Қай қоғамда болмаса да жұмысшы күші ол өндірістің қажетті элементі. Жалақы жұмысшы күшінің құны мен бағасы емес, материалдық игіліктерді еңбекке қарай бөлінуінің түрі болып көрсетіледі.

Ауыл шаруашылығы еңбек тиімділігінің негізгі көрсеткіші

Еңбек өнімділігі дегеніміз еңбек шығыны тиімділігін арттыру. Бұл өндіріс процесінде жұмсалған қоғамдық еңбеккердің және жұмысшылардың еңбек өнімділігі ол бір уақыт өлшем ішінде өндірілген өнімдердің немесе орындалған жұмыстардың көлеміне (мысалы: 1 сағатта 10т өнім шығарылды немесе 1 өнім түріне кеткен уақыт 10 т өнім алуға 1 сағат уақыт жұмсалды) немесе ұлттық табыс өлшемімен есептелінді.

Еңбек өнімділігін арттыру үшін жұмыс қорын немесе уақытын үнемдейтін факторларға назар аудару қажет:

- жұмыс уақытын ұйымдастыруды пайдалану;
- жұмыс уақыты кезінде кездесетін тиімсіз үзілістерді азайту.

Жұмыс уақытын ұтымды, үнемді пайдалануға техника, технологияларды жетілдіріп, өндірісте еңбекті ұйымдастыруды жақсарту, ал 2 - әдісі өндірістің жоспардан тыс тоқтап қалуын қысқарту, сонымен қатар үзілістерді азайту жолдарынан табысқа қол жеткізуге болады.

Еңбек өнімділігі көрсеткіш қызметкерлерінің материалдық жағдайын жақсартумен байланысты, еңбек өнімділігі артқан сайын еңбек ақы, оған төленетін жалақы да өсіп отыруы тиіс. Кәсіпорында жұмысшыларды еңбекпен қамтамасыз етілмеген жағдайда жұмыссыздық пайда болады.

Жұмыссыздық дегеніміз бұл әлеуметтік -экономикалық құбылыс.

Тұрақты жалақысы жоқ, еңбекке жарамды халықтың бар екендігі, жұмыссыз екендігін көрсетеді. Қазіргі жағдайда жұмыссыздар саны көбеюде. Оған келесі факторлар әсер етіп отыр:

- өндірісті автоматтандыру, механикаландыру;
- еңбек интенсивтілігінің артуы;
- өнеркәсіптің, т.б. мекемелердің күйзеліске ұшырауы, жабылуы, мамандардың жоқшылығы.

Еңбек ақы төлеу үлестіріліп тұратын қарым қатынасты орындаудың бір түрі. Мұнда жалданған жұмыскерлерге жұмыс күшін сапалы төлемде ұдайы өндіру үшін ақшалай қаражаттар төленеді. Еңбекке ақы төлеу кәсіпорын деңгейінде еңбек қорын құру және оны нақтылы жұмыскерге төлеу механизмін қамтиды.

Нарықтық қатынас еңбекке ақы төлеу қаржысын реттейтін тек қана бір ақ әдіс деп болжайды, ол салық салу әдісі. Бұл жағдайда кәсіпорын шаруашылық қызметкерлерінің нәтижесін жинақтаушы көрсеткіш ретінде өзіндік құнның ішіне кіретін табыс, яғни өнімнен түскен ақша мен өндіріске жұмсалған қаражаттардың айырмасы.

Еңбек ақы бірнеше түрі бойынша төленеді:

- 1) заттай, заттармен төлеу – орындалған жұмыстардың түрлеріне қарай сол өнім бойынша заттай, бұйымдай ақы төлеу;

2) эквивалент балама, бара бар, тепе тең, күн шамасы бірдей, бірін – бірі толық алмастыра алатын мәні, күші бірдей нәрсе;

3) мерзімді ақы–белгілі бір жұмысты орындауға кеткен уақыттың мөлшеріне қарай ақы төлеу.

Еңбек ресурстары – басты өндірістік күш және өндірістің негізгі элементі.

Еңбек ресурстарын талдау кезінде келесі сұрақтар шешіледі: кәсіпорын жұмыс күшімен сан және сапа жағынан қамтамасыз етілуін, еңбек өнімділігін арттыру, еңбектің соңғы нәтижесіне қарай еңбек ақыны бекіту. Талдаудың ең негізгі есебі – жоспардың орындалуы бойынша еңбек өнімділігінің өсу қарқындарын бағалау және оның өсімін арттыру.

Шаруашылықты жұмыс күшімен қамтылуын талдау кезінде шаруашылықтағы бар еңбеккерлерді еңбеккерлер категориясы және өндірістік бөлімдер, сала бойынша жоспарлы қажетсінуімен салыстырылады, сонымен қатар қажетті талдау жүргізіледі.

Есеп беру жылындағы еңбек ресурстарының барын өткен жылмен салыстыру кезінде, еңбеккерлер санының қызмет түріне салалар бойынша ауытқулар қандай деңгейде болғаны және себептер болғаны байқалады. Шаруашылыққа маманданған еңбеккерлерді, оның ішінде механизаторлар, қызметкерлерді бекітуге көп көңіл бөлінуі қажет.

Мамандықтың беделділігі еңбек жағдайына, физикалық ауыртпалығына, жұмыс уақытының тәртібіне, еңбек ақының деңгейіне байланысты болады. Басты есеп, бұл ауыл шаруашылығында жұмыс беделділігін арттыру. Еңбеккерлердің мамандануын көтеру өндіріс тиімділігін және еңбек өнімділігінің өсуіне әсерін тигізеді. Маманданған инженерлік техникалық еңбеккерлерді дұрыс, тиімді қабылдау, орналастыру өндірісті басқаруды жақсартады. Талданатын шаруашылықтың еңбеккерлері мен мамандарының сандық құрамы жақсарады. Кәсіпорынның еңбек ресурстарымен қамтамасыздылығын және тиімді пайдалануы – жұмыстың уақытында орындалуына, машина, механизмдер, қондырғылардың тиімді пайдалануына және өнімді өндіру көлемінің нәтижесіне, оның өзіндік құны мен басқа да экономикалық көрсеткіштеріне байланысты.

Талдаудың негізгі есебі болып табылатындар мыналар:

- кәсіпорынның және оның бөлімшелерінің жалпы еңбек ресурстарымен, сонымен қатар мамандықтары және категориялары бойынша қамтамасыздылығын бағалау және оқу;

- кадрлардың ағымдық көрсеткіштерін зерттеу және анықтау;

- еңбек ресурстарының резервтерін және олардың тиімді пайдалануын айқындау.

Талдауға қажетті хабарламалар қайнар көздері болып, еңбек бойынша жоспар, «Еңбек бойынша есеп» статистикалық есеп беру, кадрлар бөлімі мен табельдік есеп мәліметтері.

Еңбек күшінің қозғалысын шығу және қосылу көрсеткіштері сыйпаттайды:

жұмыс күшінің қосылуы:

а) ұйымдастыру жолымен жұмысқа алынған

б) әскерден келгендер

в) басқа кәсіпорын ұжымдардан ауысқан

г) басқа да қосылу

жұмыс күшінің шығуы:

а) қажетті айналым – қоғамдық қажеттілігіне байланысты (зейнет ақыға, әскерге, оқуға, басқа жұмыстарға кеткен)

б) айналым – жұмыс күшінің ағымдылығы өз еркімен, жұмыс тәртібін бұзғаны үшін жұмыстан босау.

Жұмыс күшінің ағымдылығын сипаттайтын көрсеткіштер:

Ағымдылық коэффициенті = ағымдағы жылы жұмыстан шыққан жұмысшылар санын / орта тізімдік жұмысшылар санына;

Еңбеккерлер категориялары:

- тұрақты жұмысшылар;

- маусымдық, уақытша жұмысшылар;

- қызметкерлер, инженерлік - техникалық еңбеккерлер;

- өрттен қорғаушылар;

- тұрмыстық – коммуналдық шаруашылықтың және әлеуметтік мекеменің еңбеккерлері;

- сауда және қоғамдық асханалық еңбеккерлері

- көмекші шаруашылық еңбеккерлері;

- бала – бақша еңбеккерлері.

Еңбек ресурстарының пайдаланылу тиімділігін: ауыл шаруашылыққа арналған жердің көлемі бір еңбеккерге шаққанда; жыртылған жер бір еңбеккерге шаққанда; шартты мал мен құс басы бір еңбеккерге шаққандағы көрсеткіштер сыйпаттайды.

Еңбек ресурстарының қамтамасыздылығын бағалау үшін еңбек күшінің абсолюттік және салыстырмалы ауытқуы есептелінеді.

$$A_{\text{абс}} = N_{\text{еб}} - N_{\text{б}}$$

$$A_{\text{салыст}} = N_{\text{еб}} - N_{\text{б}}^1 \quad N_{\text{б}}^1 = N_{\text{б}} * Ж\Theta_{\text{еб}} / Ж\Theta_{\text{б}}$$

Еңбек күшінің қозғалысын сипаттайтын көрсеткіштер.

1. Қабылдау коэффициенті:

$$K_{\text{каб}} = N_{\text{қабылданған}} / N_{\text{орта тізімділік}}$$

2. Шығу коэффициенті:

$$K_{\text{шығу}} = N_{\text{шыққан саны}} / N_{\text{орта тізімділік}}$$

3. Қажетті айналым:

$$A_{\text{айн қ}} = N - \text{жұмыстан қажетті себептермен шыққан} / N - \text{жалпы жұмыстан шыққан еңбеккерлер саны}$$

Еңбек өнімділігін талдау

Еңбек өнімділігі дегеніміз, еңбек өндіріс процесіндегі еңбек тиімділігін анықтайтын көрсеткіш. Ол құрылыс мекемелерінің қызметін сыйпаттайтын негізгі көрсеткіштердің бірі болып табылады.

Еңбек өнімділігін көтеруге көптеген әржақтылы факторлар әсер етеді. Құрылыс мекемелерінде мұндай факторлар болып: еңбекті жақсы ұйымдастыру негізінде, жұмыстың еңбек сыйымдылықпен және механикаландыру негізінде қол еңбектері көлемінің қысқаруы; жұмысты еңбек күшімен қамтамасыздылығы; құрылыстың жинақтау деңгейін көтеру; жаңа техника мен технологияны енгізу; еңбеккерлердің мамандануын көтеру табылады. Осы факторлардың негізінде орындалған ҚМЖ 1 теңгесіне кеткен еңбек шығындарының төмендеуін (азаюын) қамтамасыз ету керек. Құрылыс мекемелеріндегі еңбек өнімділігі мына формуламен анықталады:

$$E\Theta = Q / T; \quad m = T / Q$$

$E\Theta$ - еңбек өнімділігі;

m – еңбек сиымдылығы;

Q – ҚМЖ көлемі;

T – ҚМЖ көлемін орындауға жұмсалған (шығындалған) жұмыс уақытының саны.

Құрылыста еңбек өнімділігін өлшеу ретінде натуралдық, құндық және нормативтік (мөлшерленген) тәсілдер қолданылады.

Бір еңбеккердің орта жылдық өндірген өнімі еңбек өнімділігінің ең негізгі жинақтаушы көрсеткіші болып саналады. Оның шамасы тек қана жұмысшылардың өнімінен ғана емес, сонымен бірге, жұмыс күні ұзақтығынан, орындалған күнінен де болады. Мысалы, мынандай факторлар әсер етеді:

Еңбек өнімділігін және оған әсер ететін факторларды талдау, ауыл шаруашылық кәсіпорында еңбек өнімділігінің негізгі құрал - жабдықтардың деңгейі ретінде мыналар саналады:

- істелген 1 адам/ сағатқа немесе адам күнге шаққанда натуралдық мәнде берілген өнім түрлерінің көлемі;

- 1 ц өнім өндіруге кеткен еңбектің тікелей шығыны;

- ауыл шаруашылығының және оның салаларының (салыстырмалы бағада) бір істелген адам / сағатқа, адам/күнге және бір орта есеппегі еңбеккерге шаққанда шығаратын жалпы өнімнің құны (ақшалай).


Еңбек өнімділігін сипаттау үшін бір істелген адам/сағатқа, адам/күнге, бір орта есеппегі еңбеккерге шаққанда өндірілген жалпы табыс сияқты көрсеткіштерді де пайдалану керек. Бұл көрсеткіштерді жыл аяғында барлық еңбек шығыны және өндірілген өнім көлемі белгілі болғанда есептейді.

Еңбек қорын талдау

Еңбекті және еңбек ақыны пайдалануды талдаудың негізгі шарттарына мыналар кіреді:

- жұмысшы күшін пайдалану ауқымында – оның санын, құрамын және құрылымын зерттеу, мамандық деңгейін және мәдени техникалық деңгейін жоғарылату жолдарын зерттеу;

- жұмыс уақытын пайдалану мәліметтерін тексеру және жақсы нәтижелерге жету мақсатында, қажетті ұйымдастыру техникалық және басқа да шараларды өңдеу;



19.1–сызба. Кәсіпорын еңбеккерлерінің орта жылдық өндірген өнімін анықтайтын факторлардың байланысы.

- еңбек тәртібін, жұмыс күшінің қозғалу себептерін және құбылысын, пішінін зерттеу; өнім құбылысына – жұмысшылар санының әсерін талдау;

- еңбек өнімділігі ауқымында – мекемелердегі еңбек өнімділігі деңгейін белгілеу;

- еңбек өнімділігі өсімінің қарқынды және экстенсивті факторларын анықтау, факторлардың әсерін есептеу және топтастыру, олардың орындалуы мен еңбек өнімділігінің өсіміне әсері; ебек өнімділігінің ары қарай өсу қорларын табу және олардың өнім құбылысына әсерін есептеу;

- еңбек ақы ауқымында – жұмысшылардың жеке категорияларының және мамандықтарының орташа еңбек ақы динамикасы мен мөлшерін анықтау; жұмысшылар санынан және орташа еңбек ақыдан – еңбек ақы қоры шығындарына кететін ауытқуларды табу; еңбек ақының өсу қарқынын зерттеу, олардың еңбек өнімділігінің өсу қарқынына ара қатынастарын зерттеу;

- еңбек ақы қорының пайдалану тиімділігін арттыратын қорларды жұмылдыру.

Еңбек өнімділігінің деңгейі, бір жұмысшыға өткізілген өнім көрсеткіштерімен және өнім бірлігінің еңбек сіңіргіш көрсеткіштерімен айтылуы мүмкін.

Материалды өндіріс салаларында, еңбектің пайдалану тиімділігін, төмендегідей көрсеткіштер бойынша бағалайды:

- еңбек өнімділігінің өсу қарқыны;

- еңбек өнімділігін жоғарылату арқылы, өнім үлесінің артуы;

- базистік жылдық жағдайларымен салыстырғанда, тірі еңбекті (бір жылға есептелген жұмысшылар) біршама үнемдеу;

- еңбек ақы қорын біршама үнемдеу;

- еңбек өнімділігінің өсу қарқынының, еңбек ақының орташа өсуіне қатынасы.

Өндіріс тиімділігін арттырудың маңызды шарты, орташа еңбек ақының жоғарылауымен салыстырғанда, еңбек өнімділігінің неғұрлым тезірек артуы болып табылады.

Мекемелердегі жұмысшылардың толық еңбек ақы мөлшеріне, материалды ынталандыру қорынан берілетін сыйлық ақы үлкен әсерін тигізеді. Орташа еңбек ақының және еңбек өнімділігінің өсу қарқындарын салыстырғанда, жұмысшылар алған барлық табыстар салынады.


Еңбек ақы екі түрге бөлінеді:

- ауыспалы еңбек ақы қоры;
- тұрақты еңбек ақы қоры.

Еңбек ақы қоры ауыспалы бөлігі өндірілген өнім көлеміне пропорционалды өзгеріп отырады. Бұл жұмысшылардың келісім бойынша еңбек ақы, өндіріс нәтижесіне қарай басшылар мен жұмысшылардың сыйлық ақы (премия) және демалыс ақы сомасы.

Еңбек ақы қорының тұрақты бөлігіне өндіріс көлемінің төмендеуі немесе жоғарылауы әсер етпейді, бұл тарифтік ставка бойынша жұмысшылардың еңбек ақысы, оклад бойынша қызметкерлердің еңбек ақысы, барлық қосымша ақы түрлері.


Еңбек ақы қорының ауыспалы бөлігі – орта сағаттық еңбек ақы деңгейіне, еңбек сыйымдылық үлесіне, өндірілген өнім көлеміне, оның құрылымына байланысты.



19.2 – сызба. Ауыспалы еңбек ақы қорының факторлық жүйесі.

Еңбек ақы қоры пайдалануын өндірістің түрлері (негізгі өндіріс, көмекші өндіріс, қызмет ететін өндіріс және тағы басқа) бойынша еңбеккерлердің категориясы бойынша, еңбек жалақының түрлері бойынша бейнеленеді.

Ал тұрақты еңбек ақы қорының өзгеру себептерін төмендегі сызбадан көруге болады.



20 - тақырып. Кәсіпорынның маркетингтік қызметін талдау.

Маркетингтік қызметін талдаудың маңызы мен міндеті

Әрбір кәсіпорын өндіріс қуатын құрмас бұрын, өндіру көлемін жоспарламас бұрын, қандай өнім, қандай көлемде және оны қайда, қандай бағамен сатылатындығын білуі қажет. Ол үшін, қажетті жоғары білікті мамандардың барына, қажетті материалдық ресурстарды алатындығын, бәсекелестік баға бойынша өндірісті ұйымдастыру мүмкіндігін, потенциалдық сатып алушылар мен бәсекелестерді, өнімге деген сұранысты, оның нарықта өтуін және сыйымдылығын зерттеу қажет. Бұдан, кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығы, капиталдың ұдайы өндірісі, оның құрылымы және соңғы қаржылық нәтижесіне байланысты болады.

Басқа сөзбен айтқанда, қандай да бір кәсіпорын қызметі маркетингтік талдаудан басталады, оның негізгі есебі болып төмендегілер болып табылады:

- өнім көлемі және ассортиментіне қарай өткізу, өндіріс жоспарын негіздеу мен өнімге сұраныстың төлем қабілеттілігін, оның нарыққа өткізуін зерттеу;

- өнімге сұраныс икемділігін құру факторларын талдау;

- өнімнің бәсекелестік қабілеттілігін бағалау және оның деңгейін көтеру (жоғарылату) резервтерін іздену;

- өнімді өткізуді қалыптастыру және сұранысты құру құралдары мен әдістерін, стратегияны құрастыру;

- өнімді өткізу және өндіріс тиімділігін басқару.

Маркетинг көмегімен, кәсіпорын көп деңгейде пайда алу үшін, жаңа нарық іздеу, жаңа тұтынушылар, жаңа өнім түрін іздеу әрдайым жүргізіледі.

Өнімге деген сұранымды талдау

Маркетингтік талдаудың негізгі мақсаты - өнімге деген сұранысты оқу. Егер, қандай да бір себептерге байланысты өнімге сұраныс түседі, өндіріс төмендейді, өнімнің өзіндік құны өседі, шығын және кәсіпорын банкрот болуы мүмкін. Сондықтан кәсіпорын өніміне сұранысты талдаудың көп мағынасы бар. Бұл, нарықты зерттеудің жауапты және негізгі кезеңдерінің бірі болып табылады.

Сұраныс – анықталған (белгілі бір) нарықтан белгілі бір уақытта анықталған баға бойынша тұтынушы өз жағдайына қарай ала алатын тауар көлемін сыйпаттайтын экономикалық категория болып табылады.

Сұраныс деңгейіне көптеген факторлар әсер етеді: ұсынылған тауар бағасы, оның сапасы, тұтынушылар кірісі, алмастырылатын тауар бағасы.

Бағаның өзгеруіне сұраныстың сезімталдық дәрежесі бағалық икемдік коэффициенті көмегімен өлшенеді: (E_p)

$E_p = i$ - ші тауарға сұраныс санының өзгеру пайызы / тауарға бағаның өзгеру пайызы

Кіріс бойынша сұраныстың икемділік коэффициенті (E_d) тұтынушылар кірісінің өзгеруінен тауарға сұраныстың сезімталдық дәрежесін сыйпаттайды:

$E_d = i$ – ші тауарға сұраныс санының өзгеру пайызы / тұтынушылар кірісінің өзгеру пайызы

Егер бұл коэффициенттер шамасы бірден жоғары болса, онда сұраныс икемді, ал бірден төмен болса, онда икемсіз.

Икемділік коэффициент мәні нөлге тең болғанда, сұраныс мүлдем икемсіз; яғни бағаның өзгеруі ешқандай өнімге сұраныстың өзгеруіне әсер етпейді.

Егер, икемділік коэффициенті бірге тең болса, онда сұраныстың өсімі бағаның төмендеу өсіміне тең.

Сұраныс бұдан да мүлдем икемді болады, яғни баға немесе оның өсуі өзгермеген кезде, өнімге сұраныс жоғарылайды, тұтынушының мүмкіндік шегіне дейін не болмаса инфляция жағдайында болады.

Д өнімі бойынша бағаның икемділік коэффициентін келесі кестеден анықтаймыз.

20.1 - кесте

Д өніміне сұраныс икемділігі

Р/с	Баға, мың теңге	Сұраныс көлемі, теңге	Өсім қарқыны, %		Сұраныс икемділік коэф	Шама, мың теңге		
			баға	сұраныс көлемі		түсім	шығын	пайда
1	6,00	3000	-	-	-	18000	13250	4750
2	6,25	2850	4,16	-5,00	1,20	17812	12837	4975
3	6,50	2700	4,00	-7,00	1,75	17550	12425	5125
4	7,00	2400	7,70	-11,10	1,42	16800	11600	5100
5	7,50	2150	7,14	-10,40	1,45	16125	10912	5213
6	7,80	2050	4,00	-4,65	1,46	15990	10638	5325
7	8,00	1950	2,56	-4,87	1,90	15600	10360	5240
8	8,20	1870	2,50	-4,10	1,64	15334	10142	5192

$$\text{Өсім қар. баға} = 6,25 - 6,00 / 6,00 * 100\% = +4,16$$

$$\text{Өсім қар сұраныс} = 2850 - 3000 / 3000 * 100\% = -5,00$$

$$\text{К икемд сұраныс} = 5,00 / 4,16 = 1,20$$

Өнімді өткізу нарқын талдау

Алынған пайда сомасы, өнімді өткізуден түскен түсім, бағаның орташа деңгейі, сату көлемі өткізу нарқына байланысты. Ең бірінші орында, соңғы 3-5 жылдағы өткізу нарқындағы өнімнің әр түрінің жағдайы туралы динамикасын оқу керек.

Кестеден көріп отырғанымыздай А өнімі бойынша соңғы екі жылда, әсіресе сыртқы нарықта өнімге сұраныс түсе бастады. Сыртқы нарықта қосымша шығындар берілген өнім түрінің бәсекелестік қабілеттілігінің жоғарылауына жеңіс әкелді: сату көлемі және рентабельділік деңгейі біршама төмендеді.

В өнім бойынша тұрақты сату көлемі және тұрақты кіріс көрінеді, ал С және Д өнімі бойынша – сату көлемі және кіріс өсуде.

20.2 - кесте

Өнімді өткізу нарқының динамикасын талдау

№	Көрсеткіш	Ішкі нарық			Экспорт		
		2007 жыл	2008 жыл	2009 жыл	2007 жыл	2008 жыл	2009 жыл
А өнімі							
1	Өнімді өткізу көлемі, теңге	5000	5000	4500	1000	500	350
2	Бір өнім бағасы, мың теңге	4,6	4,8	5,0	8,0	8,0	7,77
3	Бір өнім Өз Қ, мың теңге	4,0	4,2	4,4	5,2	5,4	5,78
4	Пайда, мың теңге	3000	3000	2700	2800	1300	695
5	Рентабельділік, %	13	12,5	12	35	32,5	25,6
В өнімі							
1	Өнімді өткізу көлемі, теңге	5200	5250	5300	-	-	-
2	Бір өнім бағасы, мың теңге	5,5	5,8	6,1	-	-	-
3	Бір өнім Өз Қ, мың теңге	4,7	4,9	5,12	-	-	-
4	Пайда, мың теңге	4160	4725	5194	-	-	-
5	Рентабельділік, %	14,5	15,5	16	-	-	-
С өнімі							
1	Өнімді өткізу көлемі, теңге	2000	2050	2300	-	500	750
2	Бір өнім бағасы, мың теңге	6,5	6,7	7,0	-	8,0	8,4
3	Бір өнім Өз Қ, мың теңге	5,0	5,2	5,4	-	6,0	6,0
4	Пайда, мың теңге	3000	3075	3680	-	1000	1800
5	Рентабельділік, %	23	22,4	23	-	25	28,5
Д өнімі							
1	Өнімді өткізу көлемі, теңге	1000	950	1160	500	850	1400
2	Бір өнім бағасы, мың теңге	6,0	6,5	7,2	8,0	8,1	8,3
3	Бір өнім Өз Қ, мың теңге	4,7	5,0	5,5	5,2	5,6	6,0
4	Пайда, мың теңге	1300	1425	1972	1400	2125	3220
5	Рентабельділік, %	28,3	30,0	30,9	53,8	44,6	38,3

20.2-кесте берілген мәліметтер бойынша, өткізу нарығының құрылымын және оның кіріс деңгейін үйрету (оқу) керек.

Талдау қорытындысы (нәтижесі) бойынша тауарларды төрт категорияға бөлуге болады:

- «жұлдыздар»-экономикалық өсуге негізделеді және кәсіпорынға негізгі пайда әкеледі;
- «сауын сиырлар»-жетілген кезеңді өтуде, белгілі бір дәрежеде

Өткізу нарқы құрылымы және оның кірісін талдау

P/c	Өнім түрі	Өткізу нарық құрылымы, %			Өткізу нарқындағы өнім кірісі, %	
		ішкі	экспорт	жалпы	ішкі	сыртқы
1	А	92,8	7,2	100	12,0	25,6
2	В	100,0	-	100	16,0	-
3	С	75,4	24,6	100	23,0	28,5
4	Д	45,3	54,7	100	30,9	38,3

экономикалық өсуге негізделеді, инвестицияны қажет етпейді, пайда әкеледі, яғни «қиын балаларды» қаржыландыруда пайдаланылады;

- «қиын балалар» - бұл жаңа тауарлар, жарнаманы қажет етеді, нарыққа ұмтылады, әзірше пайда әкелмейді, бірақ болашақта «жұлдыздар» болуы мүмкін;

- «пайда келтірмейтін жүк» - тіршілік қабілеттілігі жоқ, экономикалық өсуге негізделмейді, пайда әкелмейді.

Немесе «жолы болмайтын» өнімді осылай топтастыру, «қиын балаларды» қаржыландыруға негіздеу, «сауынды сиыр» және кәсіпорынның ұзақ өмірін қамтамасыз етуге, «жұлдыздар» санын жеткілікті қолдауға, болашақ уақытта «жұлдыз» болатын, «қиын балаларды» қаржыландыруға бағытталған стратегияны дұрыс таңдауға мүмкіндік береді.

Сондықтан, нарықтың жеке сегментінде әр тауар өмір циклінің қандай белесінде тұрғанын анықтау керек:

а) нольдік кезең, жаңа тауар құрастыру идеясын қабылдау, зерттеу, содан кейін және өзіндік тауарын сыйпаттау;

б) бірінші кезең, (тауарды нарыққа шығару және енгізу), мұнда нарықта тауар жаңа орын ала ма, соны анықтайды. Бұл кезеңде пайда жоғары емес, өйткені біршама қаржылар нарықтағы тауар жылжымына (қозғалысына), зерттеу амортизациясына жұмсалады;

в) екінші кезең (сатудың өсуі және дамуы), мұнда тауар пайда әкеле бастайды, ол барлық шығында тез жабады және пайда алудың қайнар көзіне айналады, бірақта оның нарыққа шығуын қолдауға көптеген жарнамалық шығындар қажет;

г) үшінші кезең (жетілу), тауар тұрақты нарықта тұр, сұранысты пайдаланады және әрдайым бірқалыпты кіріс (пайда) әкеледі, яғни нағыз пайдалы кезеңде тұр, бірақ нарыққа шығуына шығын талап етпейді, тек қана оның «белгілі екендігін» қолдау үшін жарнамалық шығын талап етіледі;

д) төртінші кезең (қанықтыру және басылу), басында сату көлемі соншалықты өзгермейді, сонан соң алдын ала айтылған немесе алдын ала айтылмаған себептер бойынша күрт қысқарады: тауарға деген қажетсінуі жоғалады немесе тауар тұтынушыларды жалықтырады (қызықтырмайды).

Мұндай жағдайды болдырмас үшін, уақытында сұраныстың төмендегенін байқап, қадағалау арқылы өнімді, бұйымды жаңартып, жетілдіріп және басқаларымен алмастырып тұру қажет.

Мысалымыздағы талданып отырған кәсіпорындағы «жұлдыздар» болып отырған бұйым немесе өнім түрі С және Д, яғни көп пайда және кіріс деңгейі жоғары болуына байланысты. А және В өнімі «сауын сиырларға» жатады. Оның рентабельділігі төмен болғанымен, бірақ ол үлкен кіріс әкелуде және кәсіпорын үшін өндіріс тиімді болып отыр. Бірақ А өнімі нарықта өмір циклінің кезеңінде тұр, өндірістің төмендеуі байқалды, оны бірте бірте жаңа өніммен алмастыру арқылы болашақта кәсіпорынға пайда әкеле алатындай болуы керек, яғни «болашағы зор», өсіп келе жатқан, туып келе жатқан жұлдыз.

Талдау нәтижесі кәсіпорын басшыларына тауар түрлерін өз стратегиясына және нарық талаптарына сәйкес құрастыруға көмектесуі керек. Талданатын кәсіпорында А өнімін өндіруді қысқартып, С және Д тауарын өндіруді жеткілікті деңгейде жоғарылату жоспарлануда. Сонымен қатар, кәсіпорын болашақта көп пайда алу мақсатымен өнімнің жаңа түрі Е өнімін шығару белгіленуде.

Талдау процесінде, сонымен бірге нақтылы және потенциалдық бәсекелестерді айқындау керек, олардың қызметінің көрсеткіштеріне талдау жүргізу керек, бизнестің күшті және әлсіз жақтарын, қаржылық мүмкіндіктерін, нарықта бәсекелестік стратегиясы мен мақсатын, өндіріс технологиясын, баға саясатын анықтау керек.

Кәсіпорынның баға саясатын талдау

Маркетингтік талдауда маңызды бағыттаудың бірі, тауар нарығындағы кәсіпорынның баға саясаты болып табылады. Баға кәсіпорынды жоспарланған пайдамен, өнім қабілеттілігін, оған сұранымын қамтамасыз етеді. Баға арқылы кәсіпорынның барлық бөлімшелерінің өндірістік-өткізу құрылымы қызметінің тиімділігі анықталады, соңғы коммерциялық мақсаты өткізіледі (өтеді).

Баға саясаты мынадан тұрады, яғни кәсіпорын қысқа мерзімдік және ұзақ мерзімдік жетістікті қамтамасыз ету мақсатымен, нарық жағдайына байланысты олардың өзгеруіне қарай бағаны белгілейді.

Кәсіпорынның өнім бағасын негіздеуіне талдау және баға саясатын оқуда негізгі сұрақтар болып келесілер табылады:

- шығын деңгейіне бағаның қаншалықты әсер ететіндігін бекіту;

- бағаның өзгеруіне тұтынушылардың әсері қандай (сұраныс икемділігі)?

- ынталандырудың баға саясаты қолданыла ма?

- кәсіпорын бағасын бәсекелестер бағасымен салыстырғанда қызықтыра ма?

- берілген кәсіпорындағы баға құру саясаты бәсекелестердің баға саясатынан айырмашылығы неде?

- бәсекелес фирмалардың баға өзгеруі кезінде кәсіпорын қалай әрекет етеді?

- ұқсас тауарларға баға құру облысында мемлекеттік саясат қандай әрекет етеді?

- ұқсас тауарларға баға құру облысында мемлекеттік саясат қандай?

Тауардың өмірлік цикл кезеңін есепке алғанда кәсіпорынның баға саясатын дәлелдеп түзету қажет. Баға құру саясаты өсу кезеңінде ұзақ мерзімдік келешекке бейімделу керек.

Өнімнің бәсекелестік қабілеттілігін талдау

Нарық талаптарына және тұтынушы қажетсінуін зерттеуге негізделіп, өнімнің бәсекелестік қабілеттілігі бағаланады. Тауар тұтынушы қажетсінуін қанағаттандыру үшін, ол белгілі бір параметрлерге сәйкес болуы қажет:

- техникалық (тауар қасиеті, оның бекітілу және қолдану ауқымы);

- эргономикалық (адам организіміне тауар қасиетінің сәйкестігі);

- эстетикалық (тауардың сыртқы түрі);

- мөлшерленген (норма және стандартқа тауардың сәйкестігі);

- экономикалық (тауарға баға деңгейі, қаржы мөлшері).

Талдау есебі:

- өнімнің бәсекелестік қабілеттілігін жоспарлау (болжау) және бағалау;

- оның деңгейіне әсер етуші факторларды оқу;

- өнімнің бәсекелестік қабілеттілігін, қажетті деңгейін қамтамасыз ету бойынша шараларды құрастыру.



20.1 – Сызба. Өнімнің бәсекелестік қабілеттілігін талдау сызбасы.

Өнімнің бәсекелестік қабілеттілігін талдау әдістемесі төмендегі сызбада көрсетілген.

Өнімнің бәсекелестік қабілеттілігін арттырудың негізгі бағыттары – сұранысты ынталандыру құралы болып табылатын,

өнімге жарнама, сауданы ұйымдастыру, тауар қозғалысы процесін жетілдіру.

Сауданы ұйымдастыруды талдау кезінде, кәсіпорынның фирмалық дүкендерінде қандай сауда тәсілдері қолданылатындығы анықталады (тікелей, көтерме, ұсақ көтерме, бөлшек, диллерлер және тағы басқалар), олар жалпы сату көлемінде қандай үлес алады (оның ішінде пайдалысы, шығын айналымының деңгейі қандай, тиімділікті төмендетпей, шығынды қалай азайту керек).

БІРІНШІ АРАЛЫҚ БАҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

1. Экономикалық талдау және теориялық таным.
2. Экономикалық талдау және диалектиканың маңызды категориясы.
3. Экономикалық талдау және экономикалық теория.
4. Экономикалық талдаудың жүйелілігі және кешенділігі.
5. Экономикалық талдаудың мазмұны мен мақсаты.
6. Экономикалық талдау және басқа ғылымдармен байланысы. Экономикалық талдау түрлері.
7. Салыстыру тәсілі.
8. Көрсеткіштерді салыстырмалы түрде келтіру әдістері.
9. Қатысты және орта шамалар тәсілі.
10. Топтастыру тәсілі.
11. Экономикалық талдаудың әдістері.
12. Талдаудың әдістері және оларды жіктеу.
13. Индекстік әдіс.
14. Абсолюттік және салыстырмалы айырмалар әдістері.
15. Пропорционалды бөлу тәсілі және үлес қосу.
16. Интегралды әдіс және экономикалық талдаудың логарифмдеу әдісі.
17. Экономикалық-математикалық үлгілеу.
18. Нәтижелік көрсеткіштердің өзгеруіне факторлардың сандық әсерін талдау әдістері.

ЕКІНШІ АРАЛЫҚ БАҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

1. Резервтер түсінігі, экономикалық мәні және олардың жіктелуі.

2.Резервтерді есептеу және ізденістерді ұйымдастыру принциптері.

3.Қаржылық талдау, басқару шешімдерін қабылдау базасы ретінде.

4. Қаржылық талдау әдістері және олардың жіктелуі.

5. Кәсіпорынның қаржылық есептілігі, қаржылық талдаудың ақпараттық базасы ретінде.

6.Кәсіпорын активтері мен пассивтерінің құрылымын талдау.

7. Қаржылық тұрақтылықты талдау.

8. Төлем қабілеттілігін және өтімділігін талдау.

9. Меншікті капиталдың қажет өсімін талдау.

10.Қаржылық коэффициенттер.

11.Төлем қабілеттілік және өтімділік көрсеткішіері.

12. Рентабельділік және табыстылық коэффициенттері.

13. Қорларды тиімді пайдалану көрсеткіштері.

14.Табыстың динамикасы мен құрылымын талдау.

15.Өнімді сатудан түскен нәтижелерді қаржылық талдау.

16. Бағаның орташа сату деңгейін және кәсіпорынның баға саясатын талдау.

17. Кәсіпорынның рентабельділігін талдау.

18.Кәсіпорынның банкротқа ұшырау тәуекелділігін диагностикалау.

19. Маржиналдық талдаудың мәні мен міндеттері.

20.Өнімдерді өндіру көлемі мен шығындар арасындағы функциялық (атқарымдық) байланыстарды талдау.

ҮШІНШІ АРАЛЫҚ БАҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН ТЕСТІЛІК СҰРАҚТАР

1. Талдаудың қысқаша анықтамасы -
 - A) бір затты бірнеше бөлшектерге бөліп, оларды бір жүйе ретінде зерттеу
 - B) бір затты бірнеше бөлшектерге бөле отырып, олардың бір-біріне ара қатынасын және тәуелділігін зерттеу
 - C) бір заттың қатнасын және тәуелділігін зерттеу
 - D) жалпы қоғамдық құбылыстарды зерттеу
 - E) экономикалық құбылыстар мен қатынастарды микродеңгейде зерттеу

2. Аудиторлық (бухгалтерлік) талдау -
 - A) кәсіпорынның қаржылық жағдайы мен тұрақтылығын эксперттік талдау
 - B) кәсіпорынның нарықтық ортасын зерттеу
 - C) кәсіпорын қызметінің қаржылық нәтижелерін зерттеу
 - D) сату көлемі, өндірістік құн мен пайда арасындағы қатнасты зерттеу
 - E) ең тиімді шешімді таңдау әдісі

3. Бухгалтерлік есептің ақпараттық жүйесі қандай есептерге бөлінеді-
 - A) қаржылық және басқарушы
 - B) қаржылық және талдау
 - C) басқарушы және бағыттаушы
 - D) қаржылық есептілік
 - E) экономика және әлеуметтік

4. Экономика - статистикалық талдау -
 - A) жалпы қоғамдық құбылыстарды зерттеу
 - B) әлеуметтік және экономикалық қатнастарының өзара арақатнасын зерттеу
 - C) макродеңгейде экономикалық құбылыстар мен қатнастарды зерттеу
 - D) микродеңгейде экономикалық құбылыстар мен қатнастарды зерттеу

Е) кәсіпорынның нарықтық ортасын зерттеу

5. Экономика - экологиялық талдау -

А) экономикалық және экологиялық қатынастардың өзара әсерін зерттеу

В) ең тиімді шешім вариантын таңдау тәсілі

С) кәсіпорынның нарықтық ортасын зерттеу

Д) жалпы қоғамдық құбылыстарды зерттеу

Е) сату көлемі, өндірістік күн мен пайда арақатнастарын зерттеу

6. Маркетингтік талдау -

А) кәсіпорынның нарықтық ортасын зерттеу

В) жалпы қоғамдық құбылыстарды зерттеу

С) әлеуметтік және экономикалық қатнастарының өзара арақатнасын зерттеу

Д) сату көлемі, өндірістік күн мен пайда арақатнастарын зерттеу

Е) ең тиімді шешім вариантын таңдау тәсілі

7. Салыстырмалы талдау -

А) есептік көрсеткіш нәтижелерін өзге көрсеткіштерімен (жоспармен, өткен жылдың көрсеткіштерімен, алдағы кәсіпорын көрсеткіштерімен) салыстыру

В) әлеуметтік және экономикалық қатнастарының өзара арақатнасын зерттеу

С) бір затты бірнеше бөлшектерге бөле отырып, оларды жүйе негізіндегі қатнастары мен тәуелділіктерін зерттеу

Д) техникалық және экономикалық қатнастардың өзара арақатнастарын зерттеу

Е) кәсіпорын қызметінің қаржылық - өндірістік нәтижелерін зерттеу

8. Маржиналды талдау -

А) сату көлемі, өзіндік күн мен пайда арақатынастары негізінде басқару шешімдерінің тиімділігін бағалау тәсілі

В) кәсіпорынның нарықтық ортасын зерттеу

С) әлеуметтік және экономикалық қатнастарының өзара арақатнасын зерттеу

Д) ең тиімді шешім вариантын таңдау тәсілі

Е) факторлардың көрсеткіш нәтижелеріне әсер ететін зертеу

9. Факторлық талдау -

А) факторлардың көрсеткіш нәтижелеріне әсер етуін зерттеу

В) ең тиімді шешім вариантын таңдау тәсілі

С) сату көлемі, өндірістік құн мен пайда арақатнастарын зерттеу

Д) жалпы қоғамдық құбылыстарды зерттеу

Е) кәсіпорынның нарықтық ортасын зерттеу

10. Экономика - математикалық талдау -

А) ең тиімді шешім вариантын таңдау тәсілі

В) жалпы қоғамдық құбылыстарды зерттеу

С) экономикалық құбылыстар мен қатнастарды макродеңгейде зертеу

Д) бір затты жеке бөлшектерге бөлу

Е) әлеуметтік және экономикалық қатнастардың өзара арақатнасын зерттеу

11. Шаруашылық жұмыс талдауының жалпы көрсеткіштері -

А) экономиканың әр саласында қолданылатын көрсеткіштері

В) экономиканың жеке салаларында қолданылатын көрсеткіштер

С) макродеңгейде қолданылатын көрсеткіштер

Д) микродеңгейде қолданылатын көрсеткіштер

Е) мөлшер, көлем және өзге абсолюттік көрсеткіштерді сипаттайтын көрсеткіштер

12. Абсолюттік көрсеткіштер -

А) құбылыстар көлемін, мөлшерін сипаттайтын көрсеткіштер

В) зерттеліп отырған көрсеткіштер қатнасын зерттейтін көрсеткіштер

С) макродеңгейде қолданылатын көрсеткіштер

Д) экономиканың әр саласында қолданылатын көрсеткіштері

Е) микродеңгейде қолданылатын көрсеткіштер

13. Салыстырмалы көрсеткіштер -

А) абсолюттік көрсеткіштер арақатынасын көрсететін көрсеткіштер

В) құбылыстар көлемін, ауданын сипаттайтын көрсеткіштер

- С) макродеңгейде қолданылатын көрсеткіштер
- Д) микродеңгейде қолданылатын көрсеткіштер
- Е) экономиканың жеке салаларында қолданылатын көрсеткіштер

14. Нәтижелік көрсеткіш -

- А) зертеудің негізгі объектісі болып келетін көрсеткіш
- В) экономиканың жеке салаларында қолданылатын көрсеткіш
- С) макродеңгейде қолданылатын көрсеткіш
- Д) микродеңгейде қолданылатын көрсеткіш
- Е) көлем, мөлшер, аудан және өзге абсолюттік көрсеткіштерді сипаттайтын көрсеткіштер

15. Индекстік тәсіл -

- А) статистикалық зертеу тәсілі
- В) бірдей экономиканың әр саласында қолданылатын тәсілдер
- С) талдаудың техникалық тәсілдері
- Д) өзара байланысты көрсеткіштерді салыстыру тәсілі
- Е) микродеңгейде қатнастарды статистикалық зертеу тәсілі

16. Баланстық тәсіл -

- А) өзара байланыстағы көрсеткіштерді салыстыру тәсілі
- В) микродеңгейде қатнастарды статистикалық зертеу тәсілі
- С) макродеңгейде қатнастарды статистикалық зертеу тәсілі
- Д) бірдей экономиканың әр саласында қолданылатын тәсілдер қосындысы
- Е) экономиканың белгілі салаларында қолданылатын тәсіл

17. Аналитикалық кесте -

- А) графаларда берілген сандық мәліметтер тізімі
- В) зертеудің негізгі объектісі болып келетін көрсеткіштер
- С) экономиканың белгілі салаларында қолданылатын көрсеткіштер
- Д) макродеңгейде қолданылатын көрсеткіштер
- Е) микродеңгейде қолданылатын көрсеткіштер

18. Ырғақтылық -

- А) графикке сәйкес тауарды бір қалыпты өндіру
- В) сатыпалушыларға тиелген және ақшасы төленген тауар көлемі

- C) барлық өндірілген тауардың құны
- D) сатыпалушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыратын тауардың ерекшеліктері
- E) жалпы көлемдегі жеке тауарлардың үлес салмағы

19. Тауар сапасы -

- A) сатыпалушының қажеттілігін қанағаттандыратын тауар ерекшеліктері
- B) тауардың бірқалыпты өндірісі
- C) барлық өндірілген тауар құны
- D) графикке сәйкес тауардың бір қалыпты өндірісі
- E) сатыпалушыларға тиелген және ақшасы төленген тауар көлемі

20. Басқару жұмысының талдаудағы факторлар -

- A) белсенді әсер ететін күштер
- B) зерттеудің негізгі объектісі болып келетін көрсеткіштер
- C) зерттеудің негізгі объектісі болып келетін көрсеткіш
- D) көлем, аудан және өзге абсолюттік көрсеткіштерді сипаттайтын көрсеткіштер
- E) экономиканың әр саласында қолданылатын көрсеткіштер

21. Тауар құрылымы -

- A) жеке тауарлардың жалпы көлемдегі үлес салмақтары
- B) сатып алушының қажеттіліктерін қанағаттандыратын тауардың ерекшеліктері
- C) тауардың бірқалыпты өндірісі
- D) сатыпалушыларға тиелген және төленген тауарлар көлемі
- E) барлық өндірілген тауар құны

22. Дедукция -

- A) құбылыстарды жалпыдан жеке факторларға, нәтижелерден себептерге қарай зерттеуге сүйенген әдіс
- B) жеке және бірліктен жалпыға, себептерден нәтижелерге негізделген методикалық әдіс
- C) зерттеліп отырған заттың жеке бөлшектерінің арасындағы байланысты зерттейтін тәсіл
- D) кәсіпорынды жан-жақты зерттеу
- E) көрсеткіштер байланысын зерттеу

23. Индукция -

- A) жеке және бірліктен жалпыға, себептерден нәтижелерге негізделген методикалық әдіс
- B) зерттеліп отырған заттың жеке бөлшектерінің арасындағы байланысты зерттейтін тәсіл
- C) құбылыстарды жалпыдан жеке факторларға, нәтижелерден себептерге қарай зерттеуге сүйенген әдіс
- D) өзара байланысты көрсеткіштерді зерттеу тәсілі
- E) кәсіпорын қызметін жан-жақты зерттеу

24. Ассортимент -

- A) тауарлардың аты мен саны көрсетілген тізім
- B) тауарлардың коды көрсетілген тізім
- C) тауарлардың бір қалыпты өндірісі
- D) жеке тауарлардың жалпы көлемдегі үлес салмақтары
- E) барлық өндірілген тауарлар тізімі

25. Басқару жұмысының талдауының жалпы әдістемесі -

- A) экономиканың әрбір саласында бірдей қолданылатын аналитикалық жұмыс тәсілдерінің жиынтығы
- B) кәсіпорын қызметін жан - жақты зерттеу
- C) өзара байланысты көрсеткіштерді салыстыру тәсілі
- D) талдаудың техникалық тәсілдері мен түрлері
- E) макродеңгейде қатнастар мен құбылыстарды статистикалық зерттеу әдісі

26. Басқару жұмысының талдауының жеке тәсілдері -

- A) белгілі бір өндіріс түрлерінде, кәсіпорындарда, экономиканың белгілі салаларында қолданылатын тәсілдер
- B) экономиканың әр саласында бірдей қолданыла беретін тәсілдер жиынтығы
- C) өзара байланысты көрсеткіштерді салыстыру тәсілі
- D) талдаудың техникалық тәсілдері мен түрлері
- E) микродеңгейде статистикалық зерттеу тәсілі

27. Талдаудың инструменті (құрал-саймандары)

- A) талдаудың техникалық тәсілдері мен түрлері
- B) экономиканың әр саласында бірдей қолданыла беретін тәсілдер

жиынтығы

С) макродеңгейде қатнастар мен құбылыстарды статистикалық зерттеу әдісі

Д) экономиканың белгілі салаларында қолданылатын талдаудың тәсілі мен түрлерінің жиынтығы

Е) микродеңгейде қолданылатын талдаудың тәсілдері мен түрлерінің жиынтығы

28. Қор сыйымдылығы

А) негізгі қорлардың орта жылдық құны / өнім өндірісі

В) өнім өндірісі / негізгі қорлардың орта жылдық құны

С) жұмысшылардың орта жылдық саны / негізгі қорлардың орта жылдық құны

Д) негізгі қорлардың орта жылдық құны / жұмысшылардың орта жылдық саны

Е) пайда / негізгі қорлардың орта жылдық құны

29. Қордың қамтамасыздандарылғаны -

А) негізгі қорлардың орта жылдық құны / жұмысшылардың орташа саны

В) жұмысшылардың орташа саны / негізгі қорлардың орта жылдық құны

С) тауар өндірісі / негізгі қорлардың орта жылдық құны

Д) негізгі қорлардың орта жылдық құны / тауар өндірісі

Е) пайда / негізгі қорлардың орта жылдық құны

30. қор қайтарымы ?

А) тауар өндірісі / негізгі қорлардың орта жылдық құны

В) негізгі қорлардың орта жылдық құны / тауар өндірісі

С) жұмысшылардың орташа саны / негізгі қорлардың орта жылдық құны

Д) негізгі қорлардың орта жылдық құны / жұмысшылардың орташа саны

Е) пайда / негізгі қорлардың орта жылдық құны

31. Өткізілген тауар көлемі -

А) сатып алушыларға тиелген және ақшасы төленген тауар

В) барлық өндірілген тауар мен атқарылған жұмыс құны

- C) сатыпалушының қажеттілігін қанағаттандыратын тауар
- D) бірқалыпты тауар өндірісі
- E) өндірістің барлық деңгейінен өтіп, енді сатуға арналған тауар

32. Өндірістік шығындар -

- A) тауар өндірісімен байланысты шығыстар
- B) тауарды өткізумен байланысты шығыстар
- C) өндірісті басқару мен қызмет көрсетуді ұйымдастырумен байланысты шығыстар
- D) өндірілген тауарларға тікелей арналған шығыстар
- E) өндіріс көлеміне пропорционалды өзгертін шығыстар

33. Жалпы өнім -

- A) кәсіпорының барлық өндірілген тауар мен атқарылған жұмыс құны
- B) сатыпалушыларға тиелген және ақшасы төленген тауар көлемі
- C) бірқалыпты тауар өндірісі
- D) жеке тауарлардың жалпы көлемдегі үлес салмағы
- E) сатыпалушының қажеттілігін қанағаттандыратын тауар

34. Коммерциялық (өндірістен тыс) шығындар -

- A) тауарды өткізумен байланысты шығыстар
- B) тауарды өндірумен байланысты шығыстар
- C) тауар өндірісіне тікелей жатқызуға болатын шығыстар
- D) өндірісті басқару және қызмет көрсетуді ұйымдастырумен байланысты шығыстар
- E) өзге коммерциялық ұйымдармен байланысты шығыстар

35. Басқару жұмысының талдауының тәсілі -

- A) кәсіпорын қызметінің нәтижелеріне факторлардың әсерін жан - жақты, жүйелі зерттеу және қорытындылау
- B) экономикалық ақпараттарды сараптаудың арнайы тәсілдері
- C) кәсіпорын қызметінің экономикалық нәтижелері
- D) резервтерді табу бойынша арнайы тәсілдер жиынтығы
- E) экономикалық құбылыстардың өзара байланыстарын табуға арналған аналитикалық тәсіл

36. Тікелей шығындар -

- A) өндіріліп отырған тауар түріне тікелей жатқызуға болатын шығыстар
- B) тауар өндірісімен байланысты шығындар
- C) өндірісті басқару және қызмет көрсетуді ұйымдастырумен байланысты шығындар
- D) өндіріс көлемі өзгерген шақта оларға әсер етпейтін шығындар
- E) өндіріс көлемі өзгерісіне пропорционалды түрде өзгертін шығындар

37. Жанама шығындар -

- A) тауарлардың бірнеше түрін өндірумен байланысты және олардың арасында бөлінетін шығындар
- B) өндіріліп отырған тауардың түріне жатқызуға болатын шығындар
- C) өндіріс көлеміне қарай пропорционалды өзгертін шығындар
- D) өндірісті басқару және қызмет көрсетуді ұйымдастырумен тікелей байланысты шығындар
- E) өндіріс көлемінің өзгерісіне әсер етпейтін шығындар

38. Ауыспалы шығындар -

- A) өндіріс көлемі өзгерісіне пропорционалды түрде өзгертін шығындар
- B) өндірісті басқару және қызмет көрсетуді ұйымдастырумен тікелей байланысты шығындар
- C) өндіріс көлемі өзгерген шақта олардың көлемі өзгермейтін шығындар
- D) өндіріліп жатқан тауар түріне тікелей жатқызуға болатын шығындар
- E) бір уақытта бірнеше тауар түрлерін өндірумен байланысты шығындар

39. Шаруашылық қызметінің талдау негізі -

- A) кәсіпорын, сала және тағы басқалардың экономикалық құбылыстар мен қатынастары болып келеді
- B) кәсіпорын, сала және тағы басқалардың қызметінің экономикалық нәтижелері болып келеді
- C) кәсіпорын, сала қызметтерінің көрсеткіштері
